

Нұрхалық Абдырақын  
Әсел Бисенбаева

ҚАЗІРГІ ЗАМАН  
ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІ  
(I бөлім)

中国现当代文学

*Оқу құралы*



Алматы  
2022

ӘӨЖ  
КБЖ  
А

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті Қытайтану кафедрасының  
Ғылыми-әдістемелік кеңесінің  
(№ 6 хаттама, 26.01.2022) шешімімен ұсынылды.*

**Пікір жазғандар:**

Қытай Халық Республикасы Синьцзян университетінің  
PhD докторы *Арай Дингазықызы*  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қытайтану кафедрасының  
PhD докторы, доцент **Ф. Оразақынқызы**

**Нұрхалық Абдырақын, Әсел Бисенбаева**

Қазіргі заман қытай әдебиеті (I бөлім). 中国现当代文学:  
оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2022. – 236 б.

**ISBN**

Бұл оқу құралында 1917 жылдан 1976 жылға кейінгі солшылдық бағыттағы (төңкерстік, қызыл түсті) қазіргі қытай әдебиетінің жай-күйі 15 дәріске бөліп, берктеу тапсырмалары қосылды. Аталмыш оқу құралында төмендегі төрт тарихи кезең бөйынша қарастырылды: Бірінші кезең – қытай жаңа әдебиетінің басталу кезеңі (1898–1916). Екінші кезең – қазіргі заман қытай әдебиетінің қалыптасу кезеңі (1917–1927). Үшінші кезең – қазіргі заман қытай әдебиетінің кемелденген шағы (1928–1949). Төртінші кезең – қытай әдебиетінің бұрылыс кезеңі (1949–1976). Кітапта қазіргі замандағы қытай әдебиетінің кезең-кезеңмен даму тарихы, әр кезеңдегі ақын-жазушылардың, драматургтердің өмірбаяны мен шығармашылығы қамтылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы шетел филологиясы, аударма ісі, шығыстану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерге, сонымен қатар магистранттарға, ізденушілер мен қытайтанушы мамандарға арналған.

ӘӨЖ  
КБЖ

# Мазмұны

Кіріспе .....	4
I дәріс. Қытай миссионерлік әдебиеті .....	7
II дәріс. Қазіргі заман қытай әдебиетінің қалыптасуы .....	17
III дәріс. 1917ж. Қазан төңкерісінің қытай әдебиетіне ықпалы .....	28
IV дәріс. 4 мамыр отаншылдық қозғалыс кезіндегі қытай әдебиеті ----	46
V дәріс. Антимпериалистік сипаттағы шығармалар толқыны .....	62
VI дәріс. 1920-1930 жылдардың басындағы қытай әдебиеті .....	80
VII дәріс. «Жаңа жастар» журналының қытай әдебиетіндегі орны ----	102
VIII дәріс. Әдеби революция аясындағы қытай әдебиеті .....	117
IX дәріс. Қазіргі заман қытай әдебиетіндегі реализм бағытының өкілдері .....	134
X дәріс. Қытай әдебиетіндегі романдардың көркемдік дамуы .....	146
XI дәріс. Жаңа әдеби ұйымдардың қытай әдебиетіне әсері .....	156
XII дәріс. Солқанат жазушылар одағының өркендеу кезеңі .....	172
XIII дәріс. Жапон соғысы қарсаңындағы әдебиет .....	189
XIV дәріс. Қазіргі заман қытай поэзияның дамуы .....	199
XV дәріс. Жапон соғысы қарсаңындағы әдебиет .....	209
XVI дәріс. Солшылдық бағыттағы «қызыл түсті» қытай әдебиеті ----	219
Қорытынды .....	232
Пайдаланған әдебиеттер тізімі .....	234

## Кіріспе

Әдебиет – өмірінің өзі. Көркем туынды адам жанының айнасы. Сондықтан да әдебиет ғылымының арқалаған жүгі мейлінше ауыр. Әдебиеті мен мәдениеті жоғары дамыған ел әлемдік өркениетке қол жеткізеді. Әдебиеттің болашағы мемлекеттік саясатқа тікелей байланысты. Жалпы, қоғамның мәдени-рухани тұрғыда жетілуінде шынайы өмірді көркем тарих түрінде бейнелейтін, сол халықтың жоғын жоқтап, оның санасына отаншылдық пен елін, жерін терең сүю сезімдерін қалыптастыратын әдебиеттің маңызы ерекше зор.

Қазіргі заман қытай әдебиеті және көне заман қытай әдебиеті деген түсініктер – барша әлемдегі қытайтанушыларға ортақ түсінік. Қазіргі заман қытай әдебиеті өз ішіне қытай жаңа заман әдебиеті, қытай осы заман әдебиетін қамтиды.

Бұл оқу құралында 1917 жылдан 1976 жылға кейінгі солшылдық бағыттағы (төңкерстік, қызыл түсті) қазіргі қытай әдебиетінің жай-күйін 15 дәріске бөліп, берктеу тапсырмаларын қостық. Бұл оқу құралында төмендегі төрт тарихи кезең бөйынша қарастырылды:

Бірінші кезең – қытай жаңа әдебиетінің басталу кезеңі (1898–1916). Бұл кезеңде жаңа заман қытай әдебиетінен адамзаттық өркениет, эстетикалық сипат көрініс таба бастады, бірақ бұл кездегі қытай әдебиетінің тілі түсініксіз болды. Кейін «Бай Хуа (白话)» қозғалысынан соң тілде аздап тазару процесі жүрді. 1898

жылы Чиу Ианлияң «Веньяңды (文言) жояйық, Бай Хуаға (白话) көшейік» деген ұран тастады. 1913 жылы Қытай уақытша үкіметі Жуң Хуа Минго Білім министрлігі бүкіл қытайлық фонетика мамандарын жинап, үлкен басқосу жасады, онда олар иероглифтердің оқылуын бірізге келтіру мәселесін жан-жақты талқылады. Осылайша, олар әдебиетті біртұтастандырды. Бұл кезде проза, «цанун» жақсы жазылды, ал поэзия мен драма тоқыраған еді. Лиң Чүйчаудың «жаңа демократия» деген ұранымен әдебиетте заманауилық бағыт көрініс берді. Міне, осы кезден бастап қытай жаңа заман әдебиеті басталды.

Екінші кезең – қазіргі заман қытай әдебиетінің қалыптасу кезеңі (1917–1927). Мұнда адамзат өркениеті, эстетикалық сипат

Лу Шүн шығармаларынан байқалды, сонымен бірге оған ілесе Жоу Зорын, Жоу Зың сияқты «цанун» жазудың шеберлері пайда болса, Шүй Жымо, Ун Идо сияқты ақындар бұрынғы ақтандақтың орнын толтырды. Осы кезеңде көптеген әдеби топтар мен әдеби журналдар, әртүрлі мерзімді басылымдар пайда болып, әдебиетті реформалау жөнінде Ху Шы және Чин Дучю қатарлы қаламгерлердің мақалалары «Жаңа жастар» журналында жарияланды. «Жаңа жастар» журналы «адам құқығы, теңдік, еркіндік» деп ұрандатумен болды. 1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісінің әсерімен қытай қоғамына Ли Дажау сияқты қаламгерлер марксизмді мадақтап мақала жазды, коммунизм желі есті. Міне, осылай әдеби ағымдар қалыптасты. Артынша Жоу Зорын, Шүй Дишэн қатарлы 12 қаламгердің бастауымен «Әдебиетті зерттеу қоғамы» құрылып, оған 170 жазушы мүше болды. Олар проза, поэзия жанрындағы ай сайын шығатын журналды қолға алып, оның жалпы 132 санын шығарды. Го Моро бастаған қаламгерлер Токио қаласында «Тапқырлау» қоғамын құрып, шетел әдебиетін жан сала аударды, әсіресе Батыстың философиялық ойларына басымдық берілді. Сөйтіп, реалистік, романтикалық, заманауи жаңа заман қытай әдебиеті шынымен қалыптасып үлгерді.

Үшінші кезең – қазіргі заман қытай әдебиетінің кемелденген шағы (1928–1949). Бұл кезде адамзаттық өркениет пен эстетикалық талғамды жазу барынша жоғарылады, әдебиет өз әлінше кемелдене түсті. Мау Дүн, Ба Жин, Чын Сүңун, Ли Жие сияқты прозаиктер мен Сау Ю сынды атақты драма майталмандары төбе көрсетсе, Хы Чипаң деген цанун жазушысы да бар екендігін білдірді. Бейжің және Шанхай әдебиетшілер тобынан Дай Уаң-шу мен Бян Жылин өлеңдері ел арасына тарады, Жаң Айлиң мен Чян Жоңшу әсерлі әңгімелерімен есте қалды. 40-жылдары батыс-оңтүстік ақындар тобы қалыптасып, поэзия шарықтау шегіне жетті, ал прозада Лау Шы өз биігін тапты. Осы кезде әдебиет екі түрге жіктелді: саяси әдебиет және таза әдебиет. 30-жылдары пролетариат әдебиеті болса, 40-жылдардағы әдебиетте азаттық сарыны басым болды. Бұл кезде саясиленбаған әдебиет қалмады, алайда таза әдебиет өз биігінде сақталып қалды.

Төртінші кезең – қытай әдебиетінің бұрылыс кезеңі (1949–1976). Бұл кезеңде әдебиеттегі адамзат өркениеті, эстетикалық көрініс орасан зор өзгерістермен көзге шалынды. Адамның саяси көзқарасы бірінші орынға шықты, руханият екінші орында тұрды. Демек, саясат барлық әдебиеттің өзегі болды. Жазушының барлығы «қызыл» әдебиетшіге айналды. Мәдениет төңкерісінің алдындағы «қызыл» әдебиет «стихиялы құдайшылдық» әдебиетке көшті. Осылайша, эстетикадан арылып, ежелгі қытай әдебиетіне ұқсап қалды. Бай мазмұнды жаңа заман әдебиеті қалыпшыл, бір жүйеге бағынғыш мүсәпір күйге еніп әлсіреді, бос мақтау мен белгілі бір шеңбердің ішінде тұншықты. 1957 жылдан кейінгі әдебиет қатты тоқырады, оны «жер асты әдебиеті» деп атады.

Кітапта қазіргі замандағы қытай әдебиетінің кезең-кезеңмен даму тарихы, әр кезеңдегі ақын-жазушылардың, драматургтердің өмірбаяны мен шығармашылығы қамтылған. Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы шетел филологиясы, аударма ісі, шығыстану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерге, сонымен қатар магистранттарға, ізденушілер мен қытайтанушы мамандарға арналған.

# I ДӘРІС

## Қытай миссионерлік әдебиеті

---

**Сабақтың мақсаты:** Қазіргі қытай әдебиетінің басталу кезеңдері жайлы анықтама беру, жаңадан құрылған прозалық топтармен танысу

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Қытай миссионерлік әдебиеті
2. Байхуа қозғалысы
3. «Жаңа проза» журналы

**Тірек сөздер:** проза, әдебиет, мәдени революция, аударма

Қытай миссионерлік әдебиетінің басталуы Қытайдың Цин империясының (清仁宗嘉庆 – 1796 жыл) Жия Чин патшасының алғашқыжылынан (清宣宗道光) Дау Гаң патшаның 20-жылына дейінгі (Апиын соғысы туылғанға дейін) ширек ғасырда Қытайдың феодалдық қоғамы гүлдеуденқұлдырауға бет алды. Чиян Лоң патшаның билеген соңғы жылдары ел құлдыраудың ең төменгі шегіне жетті. Алайда буржуазия табы күшейіп, феодалдық хандықты құлатып тастайтын деңгейге жеткен жоқ, сондықтан да әдебиетте озық демократиялық идеяны бейнелейтін шығармалар болмады. Әлі де феодалдық идеологиялық формация үстем болды.

1807 жылы Қытайдың Гуаңжоу қаласында «Инжіл» қытай тіліне аударылды, сонымен бірге қытайша түсіндірме сөздік баспадан бірге шығып, ел ішіне кең көлемде тарайды. Бұл уағыз-насихат жұмыстарды ағылшындық

«Ост-Индия» компаниясының аудармашылары атқарды, Лондон протестанттық миссионерлік қоғамының мүшесі Роберт Моррисон белсенді жұмыс жасады.

1840 жылғы апиын соғысынан кейін, Қытайда протестанттық миссионерлік ұйымдардың саны күрт өсті. Бұл христан діни миссионерлерінің Қытайға төртінші реткі үлкен көлемде дін тарату ісі болды.

1860—1867 жылдары 48 протестанттық миссионерлік ұйым ашылды. Бұлардың 90 пайызы Англия мен АҚШ-тан келгендер болды. 1860 жылдың соңында 20 ағылшын миссионерлік ұйымы жұмысын бастады. Моррисон көрнекті шәкіртінің бірі, Йельс

медициналық мектебінің түлегі Питер Паркер 1838 жылы Гуандұнда офтальмологиялық клиника ашты.

Цин династиясындағы Гуаң Шүй патша кезінде 1875 жылы Қытайдан 120 студент шетел асып, Батыс мәдениетін, ғылымын игере бастады. Ендігі кезекте миссионерлер мен шетелде оқыған қытай студенттері Батыс кітаптарын жан сала аударуға кірісті. Осылайша, Қытайдың дәстүрлі мәдениеті соққыға ұшырап, тоқырау күйіне түсті, қытайлардың ойлау, дүниетанымында өзгеріс пайда болды. Ян Фу бастаған шетелде оқыған аудармашылар англиялық ойшылдар Томас Генри Гекслидің «Біртіндеп дамутеориясы» («天演论»), Адам Смиттің «Ұлттар байлығы» («原富»), ДжонСтюарт Милльдің «Топтық салмақты теория» («群己权界论»), Джон Стюарт Милльдің «Логика жүйесі» («穆勒名学»), Уильям Стэнли Джевонстің «Саясат тарихы» («社会通论»), «Әлеуметтануды зерттеу» («法意») сияқтыбірталай кітаптарын аударды.

Лин Шу Александр Дюманың «Камелия ұстаған ханым» («茶花女») атты романын аударып, елді елең еткізді. Жалпы осылай 160-тан астам шығарма қытай тіліне аударылды. Әсіресе «Біртіндеп даму теориясы» («天演论») қытай халқының санасында төңкеріс жасады. Бірнеше мың жылдық тарихқа ие Конфуцийдің «Ру Жия» ағымы өздігінен әлсіреді. Демек, бұл қытай қоғамының астан-кестеңін шығарып, әдебиетті жаңартып, қытайларды өз түбірінен алыстатты.

Осылайша, Қытайдың үш мың жылдық жазба классикалық дәстүрлі әдебиеті тұйыққа тіреліп, басқаша жаңа күйге өтіп, батыстық құндылықтармен суарылған жаңа әдебиетке еріксіз өзгере бастады.

Жаңа қытай әдебиетінің басталу кезеңі (1898-1916). Бұл кездегі қытай әдебиетінің тілі түсініксіз болды. Кейін «Байхуа» (白话) қозғалысы қытай тіліназдап тазартты. 1895 жылдың қысында Лияң Чүйчау, Шия Сыңю қатарлы қаламгерлер Пекинде бас қосып, өлеңді жаңарту мәселесін талқылады. Бұндаолар шеттен кірген кірме сөзден өлеңді тазарту жағын баса айтты. 1890 жылы жазылған Хуаң Зунчиян «аузымнан не шықса, соны жазамын» деп ең алғашқыболып еркін өлең жазуды дәріптеді, оның «Бүгін



қоштаспа» («今别离») аттыөлеңі ең алғашқы жаңа өлең үлгісі саналады.

1902 жылы Лияң Чүйчау Жапонияда «Жаңа проза» журналын ашып, 42сан шығарды, жаңаша проза жазудың жолын жан-жақты көрсетті. Осыдан кейінгі жеті жылда әдеби журналдардың саны 20-ға жуықтады. Барлығы да жаңа демократиялық бағытты ұстанды. Бұның арты мәдениет реформасына ұласып, қытай қоғамы жаңара бастады. Уаң Го Үй жаңа заман әдебиет теориясын қалыптастырды. Артынша «Көбелек» прозалық тобы және «Сенбі күн» прозалық топтары құрылып, шығарма жаза бастады. 1911 жылы Чиң Хай төңкерісі Қытайдың бірнеше мыңдаған жылдарға жалғасқан феодалдық құрылымын тасталқан етті.

1907 жылдан бастап, Қытай прозасы ауызша тілге айнала бастады, диалектіде жазылған романдар пайда болып, жаңа толқындар публицистикағаене бастады. ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында революциялық памфлет пенмақалалар пайда болды, онда жаңа саяси және философиялық идеялар сомдалды, сонымен қатар көптеген жаңа түсініктер пайда болды. Әсіресе Лияң Чүйчаудың мақалаларының әсері зор болды. Жаңа шығармалар жарқын және жаңа лексикалық тілге бай, поэзияда жаңалықтардың пайда болуына әкелді. Жас ақындар буыны поэтикалық көркемөнер мен ауызекі тіл, фольклорды жаңғыртуға тырысты. Ақын Хуаң Зунчиян өз өлеңдерінде халық жырлары мен өз туған жеріндегі сөздерді қолданды. «Мен қалай сөйлесем, солай жазамын. Ескі ережелер мені соқыр ете алмайды», – деді.

1913 жылы Қытай уақытша үкіметі Жуң Хуа Минго Білім министрлігі барша қытайлық фонетика мамандарын жинап үлкен басқосу жасады, онда олар иероглифтердің оқылуын бірлікке келтіру мәселесін жан-жақты талқылады. Лияң Чүйчаудың «жаңа демократия» деген ұранымен әдебиетте заманауилық бағыт көрініс берді. Осы кездерде Қытайда үлкен-үлкен саяси өзгерістер пайда болды, әдебиет реформасы жүргізіліп, Лияң Чүйчау «өз ұлтының өзегін қайта табу, Батыс философиясына тойтарыс беру» қозғалысынбастап, өз ұлтын құтқару жұмысын жүргізді.

### **Түсініктеме**

– Байхуа (白话文 báihuàwén, сөзбе-сөз: «жалпы/ауызша жазу») – қазіргіауызекі қытай тіліне арналған ресми жазу жүйесі. Қытай жазуының бір түрі. Ол қытай тілінің ауызекі сөйлеу нормасына ең жақын, қазіргі әдебиқытай тілінің лексикалық және грамматикалық негізін құрайды. Байхуа1919 жылы 4 мамырда Студенттер қозғалысы басталғаннан кейін ресми қолданысқа енді, оған қатысушылардың талаптарының бірі венъянды жою және байхуаға көшу болды.

– Ру Жия – дүниетаным, әлеуметтік этика, саяси идеология, ғылыми дәстүр және өмір салты. Кейде философия, ал кейде дін ретінде қарастырылатын конфуцийшілдік ата-бабаларды қастерлеуді және адамға бағытталған терең діндарлықты камтитын ойлау мен өмір сүрудің жан-жақты тәсілі ретінде түсінуге болады.

– 天演论 – Біртіндеп даму теориясы – ағылшын зоологы Томас Генридің ««Эволюция және этика» еңбегінде кең өріс алған теория (1893 жыл)

### **Дәріске қатысты қаламгерлер**



#### **Хуаң Зунчиян (黄遵宪, 1848-1905)**

– қытай ақыны және дипломаты. Хак отбасынан шыққан. Бала кезінен поэзияға құмар болды. Классикалық білім алды. Мемлекеттік емтихандарды жақсы бағамен тапсырып, соның арқасында 1877 жылы Жапониядағы император елшілігінің мүшесі болды. 1880 жылы ол Қытай мен Корея арасындағы қарым-қатынастың стратегиясын жасады. Император Гуансюйдің қолдауына ие болды. 1882 жылы Қытайдың Сан-Францискодағы (АҚШ) бас консулы болып тағайындалып, Батыс мәдениетімен танысады. 1889 жылы Қытайға оралды, ал 1890 жылы Қытайдың Ұлыбританиядағы елшісінің көмекшісі болып тағайындалды. 1891 жылы Сингапурдағы бас консул болып тағайындалды. Бұл қызметте ол Қытай эмигранттары мен Қытай үкіметі арасындағы

қарым-қатынасты жақсартуға көмектесті. Соның арқасында 1894 жылы эмигранттарға үйлеріне қайтып, сауда қатынасын жүргізуге рұқсат етілді. Көп ұзамай ол Жапонияға елші болып тағайындалды. Алайда, 1898 жылы Цикси көтерілісінен кейін ол дипломат ретінде мансабын аяқтауға мәжбүр болды. Ақырында император Гуансюйдің реформаларының аяқталуының нәтижесінде ол кәсіптен толықтайбас тартып, туған қаласына қашуға мәжбүр болды. 1905 жылы қайтыс өз туған өлкесінде көз жұмды.



王 安 先生 小 照

**Уан Го Үй** (1877-1927) – қытай ғалымы, тарихшы және филолог. 1901 жылы Шанхай университетінің шығыс әдебиеті факультетін бітіріп, сонда философия, социология пәндерінен сабақ берді. 1916 жылдан Шанхайда шығатын “Ғылым” журналының редакторы қызметін атқарды. Ежелгі қытай жазбаларын зерттеумен шұғылданды. Қытай тарихы, деректану жөнінде бірқатар еңбек жазды. Моңғолдардың тарихын және олардың Қытаймен қарым-қатынасын зерттеді. Түркі тайпалары туралы ертеде жазылған қытай деректеріне және Орталық Азияда болған қытай саяхатшыларының естеліктеріне ғылыми түсініктемелер жасады.



**Ян Фу** ( 严 复 ,1854–1921) – қытай философы, қоғам қайраткері және аудармашы. Императорлық Қытайдағы реформаторлық қозғалыстың идеологы өз отандастарын Батыстың қоғамдық ғылымдарының жетістіктерімен алғаш таныстырды; Шарль Монтескье, Адам Смит, Джон Стюарт Милл, Томас Хаксли шығармаларын қытай тіліне аударған. Ол Англияда білім алған, 1909 жылы ең соңғылардың бірі болып конфуциандық ең жоғары ғылыми жинси дәрежесін

алған. Синьхай революциясының басталуына 6 күн қалғанда бекітілген Цин империясының мемлекеттік әнұранының сөздерінің авторы.



**Лин Шу** (林纾, 8 қараша 1857 – 9 қазан 1927) – қытайлық эссе жазушы, драматург және аудармашы. Олорта жағдайлы отбасынан шыққан. Минсиан уезінде (қазір бұл жер Фучжоу қаласы, Фуцзянь провинциясының Тайцзян ауданы аумағында) туған. 1862 жылы жеке мектепке барды. 1897 жылы ол губерниялық емтихандарды тапсырып, юрен дәрежесін алды. Кейін туған өлкесінде түрлі қызметтер атқарды. Ол консерваторларды қолдады, реформаторларға қарсы болды. Ол монархияны құлатқан 1911-1912 жылдардағы Синхай революциясын қабылдамаса да, мемлекеттік қызметте қалды. Осы кезден бастап ол барлық назарын аударма жұмыстарына, әдеби қызметке аударды. 1918 жылы жаңа қытай мәдениетіне қарсы шықты. 4 мамыр қозғалысын қолдамады. Содан кейін ол Пекинге көшіп, бұрынғы император Пу Иге қызмет етті.



**Лияң Чүйчау** (梁启超, 23 ақпан 1873 – 19 қаңтар 1929) – Қытай философы, мемлекет және қоғам қайраткері. 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдың басындағы Қытайдағы либералдық реформалар қозғалысының жетекшісі («Реформалардың жүз күні» деп аталады). Лияң Чүйчау дүниетанымының негізі буддалық және кантшылдық идеяларды енгізу арқылы модернизацияланған неоконфуцийшілдік құру болды. Ол өзінің философиялық конструкцияларын тарихи материалға

негіздеуге ұмтылды, «Тарихтың жаңа ілімін» (1902) жасады, сонымен қатар Цин әулетінің философиялық ой-пікірін, Қытай тарихын зерттеу әдістемесін, Қытай тарихының іргелі зерттеулерін жасады.

### **Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар**

#### **➤ Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Қытай миссионерлік әдебиетінің басталуы қай уақытты қамтиды?
2. Цин династиясындағы Гуаң Шүй патша кезінде Қытайдың әдебиетінде қандай өзгерістер орын алды?
3. 1807 жылы «Ост-Индия» компаниясының аудармашылары қандай жұмыс атқарды?
4. 1895 жылдың қысында Лияң Чүйчау және Шия Сыңю қатарлы каламгерлер Пекинде не мақсатпен бас қосты?

#### **➤ Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Хуаң Зунчиян 茶花女 (Камелия ұстаған ханым)

Ян Фу 新史学 (Тарихтың жаңа ілімі)

Лин Шу 今别离 (Бүгін қоштаспа)

Лияң Чүйчау 天演论 (Біртіндеп даму теориясы)

#### **➤ Тест**

#### **Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. 1902 жылы «Жаңа проза» журналын кім және қай елде ашты?
  - A. Лияң Чүйчау, Жапонияда
  - B. Хуаң Зунчиян, Америкада
  - C. Ян Фу, Кореяда
2. Жаңа заман әдебиет теориясын қалыптастырған кім?
  - A. Лин Шу
  - B. Уаң Го Үй
  - C. Лияң Чүйчау
3. Осы кезеңде құрылған прозалық топтардың атын белгілеңіз:
  - A. Жастар, Ұлт санасы
  - B. Сенбі күн, Дала әні
  - C. Көбелек, Сенбі күн
4. Ян Фу төменде берілген қай туындыны аударды?
  - A. Джон Стюарт Милль «Топтық салмақты теория»

- В. Александр Дюманьң «Камелия ұстаған ханым»  
С. Карл Маркс «Капитал»

5. Цин империясының мемлекеттік әнұранының сөздерінің авторы  
А. Уаң Го Үй  
В. Лин Шу  
С. Ян Фу

6. Ван Гуо Уй 1916 жылдан Шанхайда қай журналдың редакторы қызметін атқарды?

- А. Көбелек журналы  
В. Ғылым журналы  
С. Жастар журналы

7. «Мен қалай сөйлесем, солай жазамын. Ескі ережелер мені соқыр етеалмайды» деп айтқан қай жазушы?

- А. Лин Шу  
В. Ян Фу  
С. Хуаң Зунчиян

8. Жаңа қытай әдебиетінің басталу кезеңін белгілеңізА. 1898-1916  
В. 1895-1913  
С. 1891-1910

### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1. Ян Фу және реформалар қозғалысы
2. Лияң Чүйчаодың эмиграция жылдары (1898-1912 ж.)
3. Қытай ақыны Хуаң Зунчиянның шығармашылығы
4. Лин Шу және оның публицистикалық мақалалары  
– **Көркем оқу**  
– 林纾《妖梦》

周官太卜，掌三兆三易三梦之法。三梦一曰致梦，二曰觭梦，三曰咸陟。

注：致梦言梦之所至，夏后氏作焉；觭，得也，言梦之所得，殷人作焉；咸，皆也，陟，亦得也，言梦之皆得，周人作焉，实则皆足以占国家之吉凶。夫吉莫吉于人人皆知伦常，凶莫凶于士大夫甘为禽兽，此妖梦之所以作也。有郑思康者，陕西之甘泉人，执贖余门。一日谒余，忽曰，康梦不详，意其死乎！余曰，何梦？吾为尔占之。郑曰，十月之十七日，康被酒而卧，忽梦有长髯人，邀康往游阴曹。康大惊曰，吾其死乎？髯曰，阴曹有大异事，姑招尔观之，俾尔悟后，亦足以晓世人，知世人之所智能，鬼亦解之。康曰，何谓也。髯曰，凡不逞之徒，生而为恶，死亦不改，仍聚党徒，张其顽焰。康曰，其人如何？髯曰，狂人也，已系二鬼马于门外，遂引而登，沿路风沙，渺无人行。

寻入一城市，来往憧憧。遂并辔至一广场之上，有高阁，大书曰，白话学堂。门外大书一联云，白话通神，《红楼梦》，《水浒》，真不可思议；古文讨厌，欧阳修，韩愈，是甚么东西。康观之，汗出如濯。髯曰，校长元绪，教务长田恒，副教务长秦二世，皆鬼中之杰出者也，试入面之。遂投刺延见。入第二门，匾上大书毙孔堂。又一联云，禽兽真自由，要这伦常何用；仁义太坏事，须从根本打消。康怒极，谓髯曰，世言有阎罗，阎罗又安在？髯曰，阳间无政府，阴间那得有阎罗。已而元绪出见，则谦谦一书生也。田恒二目如猫头鹰，长喙如狗。秦二世似欧西之种，深目而高鼻。左右元绪而出。谈次问名未竟，二世曰，足下思康，思郑康成耶？孔丘尚是废物，何况郑玄。田恒曰，郑玄作死文字，决不及活文字，非我辈出而提倡，则中华将被此腐儒弄坏矣。而五伦五常，尤属可恨，束缚至于无转旋地步。康不期发声问曰，伦常既不可用，将用何人为师？田曰，武则天主也，冯道贤相也，卓文君贤女也。无冯道则世无通权达变之人，无文君，则女子无自由之权利。且不读《水浒》，世间无英雄，不读《红楼》，则家庭无乐事。汝以为何如者。时元绪点首称赏不已。康气如结轳，兴辞而出。髯亦微笑同行。行可三里许，忽见金光一道，远射十数里，路人皆辟易，言罗睺罗阿修罗王至矣。金光浓处，见王身长十余丈，张口圆径可八尺，齿巉巉如林，直扑白话学堂，攫人而食。食已大下，积粪如丘，臭不可近。康竟霍然而醒。余大笑曰，快哉，罗睺罗。见大智度论释初品中，王欲啖月，月天子怖，疾到佛所，佛所偈言，罗睺即疾放月。须知月可放，而无无伦之禽兽不可放，化之为粪，宜矣。此无关尔之吉凶，果如是者，国家承平矣。

蠡叟曰：“死文字三字，非田恒独出之言也。英国大师迭更先生，已曾言之：指腊丁罗马希腊古文也，夫以迭更之才力，不能灭腊丁，诿一田恒之力，能灭古文耶？即彼所尊崇之《水浒》，非从古书出耶？《水浒》中所用，多岳珂《金陀萃编》中之辞语；而《红楼》一书，尤经无数博雅名公，窜改而成。譬之珠宝肆中，陈设之物，欲得其物，须入其肆检之，若但取其商标，以为即珠宝也，人亦将许之乎？作白话须先读书明理，说得通透，方能动人。若但以白话教白话，不知理之所以出，则骡马市引东洋车之人，亦知白话，何用教耶？此辈不能上人，特作反面文字，务以惊众，明理者初不为动，所患者后生小子，小学堂既无名师，而中学堂又寡书籍，一味枵腹，闻以白话提倡，乌能不喜。

此风一扇，人人目不知书，又引掖以背叛伦常为自由，何人不逐流而逝，争趋禽兽一路。善乎西哲毕困腓士特之言曰，智者愚者，俱无害，唯半智半愚之人，最为危险。何者？谓彼为愚，则出洋留学，又稍知中国文字，不名为愚；若指为智，则哲学仅通皮毛，中文又仅知大略，便自以为中外兼通。说到快意，便骂詈孔孟，指斥韩欧，以为伦常文字，均足陷人，且害新学。须知古文无害于科学，科学亦不用乎古文，两不相涉，尽人知之。唯懒惰不学之少年，则适为称心之语，可以欺瞒父母，靡不低首下拜其言。矧更有家庭革命之说，则无知者，欢声雷动矣。吾恨郑生之梦不实。若果有啖月之罗睺罗王，吾将请其将此辈先尝一脔也。”



## II ДӘРІС

### Қазіргі заман қытай әдебиетінің қалыптасуы

---

**Сабақтың мақсаты:** Қазіргі қытай прозасы жайлы түсініктеме беру, жаңа әдебиеттік бағыттар туралы түсіндіру;

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. «Жаңа жастар» журналы
2. Жаңа әдебиеттік бағыттар
3. «Тас лақтыру» әдеби ағымы

**Тірек сөздер:** проза, әдебиет, әдеби ағым, романтизм

1917 жылы ақпан айында атақты ақын Ху Шы «Жаңа жастар» журналына «Әдебиет реформасының толқыны» атты мақала жазып, жаңаша өлең жазудың 8 түрлі ережесін ұсынды, артынша 1920 жылы наурыз айында Ху Шы қытай жаңа заман әдебиеті тарихындағы алғашқы «Тас лақтыру» («尝试集») атты жыр жинағын жарыққа шығарды. Бұл жаңа стильде жазылған өлең басқа ақындарды тамсандырды, осыдан кейін Жоу Зорын, Каң Байчин, Лю Дабай сияқты ақындар жаңаша өлең жаза бастады. 1919 жылы Го Мороның «Самұрық жыры», «Қарақшының әні» тәрізді жаңа өлеңдері оқырманға жол тартты. 1920 жылы «Жаңа өлең жинақтары» деген кітап баспадан шықты, бұған Ху Шы, Лю Банноң, Жоу Зорын, Каң Байчин, Го Моро сияқты 15 ақынның 102 өлеңі енді. 1922 жылы Үй Пиңбоның «Қысқы кеш», Каң Байчиннің «Шөптер» атты жыр жинақтары жаңа өлең үлгісімен жазылып, «Тас лақтыру» атты әдеби ағым қалыптасты.

Қазіргі қытай прозасында 1916 жылы маусым айында Чын Хыңжы (1890- 1976) атты Ху Нан өлкесінің жазушысы Ша Фи деген лақап атпен жазған қытай жаңа заман әдебиетіндегі ең алғашқы байхуа тілімен жазылған «Бір күн» атты әңгімесінде Америкадағы студенттердің бір күндік өмірін өте тамаша суреттеген. Бұл жазушы елге аса танымал емес, оның «Себезгілеген жаңбыр» атты әңгімелер жинағы бар. Одан кейін Лу Шүннің 1918 жылы мамыр айында шыққан «Жаңа жастардың» 4-ші, 5-ші нөміріндегі бай хуа тілінде екінші болып жазған

«Есалаңның естелігі» («狂人日记»), «Күн Ижи» («孔乙己»), «Дәрі» («药»), тағы басқа әңгімелері беташар шығарма саналады. 1911 жылы монархия құлағаннан кейін, 1917 жылы классикалық мәтіннен бастартып, халық тілі бай хуаны қабылдауды ұсынған қозғалыс дами бастады. 1917–1927 жылдары Батыс әдебиетін аудару ағымы таралды, отандық поэмалар, эсселер, әңгімелер мен бір актілі пьесалар «жаңа мәнерде» жазылды. Жаңа әдебиеттегі романтикалық бағыт алдыға шықты, оның ең басты өкілі ЛуШүн болды.

Чень Дусюдың 1915 жылы қыркүйекте «Жаңа жастар» журналы жарық көрді. Батыстың философиялық журналдарын аударып, елге батыстық демократия мен Батыстың қоғамдық ой-санасын, құндылықтарын енгізгісі келді. Осылайша, зиялы қауым көңілінен шықты. Сонымен қатар, Ли Да Чжау 1917 жылы осы жолға келген еді. Көптеген басылымдарды Қытай қоғамына таратты. Дәл осы жылы Ху Шы «Жаңа жастар» журналында өзінің керемет ғылыми бас мақаласын жазды және осы арқылы «жаңа әдебиеттік бағыт» ұсынды.

Нақтырақ айтқанда, осы мақалада әдебиетке мынадай 8 бағыт ұсынды:

- Жаңа заман әдебиетін жазуда прототипті негізге алу керек;
- Ескі адамдарды дәріптеуді қою керек, тарихи тұлғаға еліктеудің қажеті жоқ;
- Әдебиеттің өз тілін табу керек, бұл жолда әдеби этикаға жат емес тілді қабылдау;
- Бір-бірімізге сын айтқанда жаулық көзқараспен емес, достық тұрғыдан қарауымыз керек;
- Жаттанды, мылжың сөздерді қолданбау керек, мағыналы әрі санаға қонымды сөз көрініс табуы керек;
- Ескі, көне, өлі иероглифтерді қолданыстан шығару керек;
- Идиома және сол сияқты қиындатылған тіркестен аулақ болып, олардың орнын жеңіл тіркестер басуы керек.

- Әдебиет мазмұн мен формадан тұруы тиіс. Мұнда әдеби тіл бастырында тұрады. Ескі жазуды күшінен қалдырып, жалпыхалықтық байхуаға көшу керек. Бұл – Ху Шы ақынның әдебиетке енгізілуі тиіс болған сегізінші бағыты

1917 жылы ақпан айында Чень Дусю «Әдебиет реформасының теориясы» атты мақаласын жазды. Мұнда ол әдебиетке 3 түрлі идея, реформа ұсынды. «Жалтақтап, қорқақтап, тапсырыспен шенеуніктерге арнап әдебиетті жазуды біржолата жояйық» деді. Оның есесіне, қарапайым халық өмірінен жазуды алға тартып, бүгінгі классикалық әдебиетті өзгерту керектігін айтты.

Жаңа бағыт – реалистік, яғни шыншылдық бағыттағы әдебиетті қалыптастыруға тиіспіз деді. Бүгінгі жаңа қоғамға жаңаша әдебиет керек.

Осы кезде Лу Шүн, Жоу Зорын және т.б. мықты қаламгерлер дүниеге келді. Олардың барлығы да біртіндеп «Жаңа жастар» журналына тоқталды. Марксистік идеология мен Батыстың адами құндылықтарын дәріптеп, көтерді.

Қазан төңкерісінен кейін Қытайда марксизмнің туы желбіреп, қытай коммунистік идеологы Ли Да Чжау марксизмді қытайша сөйлетті. Оның Франция мен Ресейдегі төңкерісті салыстырған мақаласы және оның жеңіс жолы, большевиктердің жеңісі секілді Қазан төңкерісін жақтаған дүниелері бірінен соң бірі жарық көріп отырды.

1918 жылы «Жаңа жастар» журналы редакциясы Ли Да Чжау, Лю Банноң, Ху Шы, Жоу Зорын, Лу Шүн, Шүй Жы Мо және т.б. жазушылармен толықты. Осылайша, «Жаңа жастар» журналы аталған жылдың 18 мамырында халықтық тілге көшті. Ең алғаш Лу Шүннің «Жындының күнделігі» халықтық тілде жарияланды. Бүкіл Қытай қоғамындағы зиялы қауым бұл шығарманы өте жақсы бағалады. Осы журнал төңірегінде 3 түрлі зиялылар: коммунист зиялылар, байлар – аристократтық зиялылар, сонымен қатар буржуазиялық зиялылар шоғырланды.

Дәл осы зиялылар 1919 жылы 4 мамыр күні жастарды Тиенанмынға алып шыққан еді. Олар империалистік қимылды жойып, жаңа мәдениетпен әдеби төңкерісті жандандыруды алға тартты. Осыдан бастап, Қытай әдебиеті мен мәдениеті пролетаризмнің қажеті үшін жұмыс жасау керек деген

демократия мен адами құндылықтар мәселелерін көтерді. Бұдан кейін жаңа әдеби ұйымдар, газет-журналдар бірінен соң бірі жарық көрді.

### ***Түсініктеме***

Пролетарлар (нем. *Proletariat* немесе лат. *proletarii* – ауқатсыз) – Капиталисттік қоғамда жалдамалы жұмысшы табы. Бұл топтың өзіндік жекеменшік алуға құқығы жоқ. Пролетариаттарға басты табыс көзі тек жалдамалы жұмыс арқылы табыс алу.



### **Дәріске қатысты қаламгерлер Ақын Ху Ши (Hu Shi 1891-1962 )**

Ан Хүй провинциясының Жи ши ауданының адамы. 1891- 1962 аралығында өмір сүрген.

«4 мамыр қозғалысына» белсенді қатысты. Жаңа мәдениет қозғалысы мүшесінің бірі болды. Ол – бастан-аяқ әдебиет реформасын қолдаушы ақын. 1917 жылы 17 қаңтарда жазған «Әдебиет реформасының толқыны» деген мақаласы әдебиет тарихында жақсы бағаланды. 1917 жылы ақпанда оның «Жаңа жастар» журналында «Дос» деген байхуамен жазған 8 шумақты өлеңі шықты. 1918 жылы осы журнал редакциясына жұмысқа келді.

1919 жылы наурыз айында оның «终身大事» драмасы жарияланды және сахнада қойылды. Мұнда жазушы неке және әйелдер мәселесіндегі феодалдық қоғамға қарсы тұру идеясын көтерді.

Ху Ши Қытайға марксизмді таратуға қарсы болады. 1919 жылы Ху Ши «Апта сайынғы шолу» («每周评论») журналында "Принцип жайлы аз сөйлеп, сұрақтарды көп зерттеу керек" мақаласын басып шығарды. Ол осы мақаласында Қытай интеллигенциясының назарын саяси теорияның мәнін төмендететін марксизм-ленинизм идеясына аудартты. Кейін Ху Ши коммунистік идеялар мен социалистік идеяға қарсы шықты. 1919 жылы Ху Ши «Өмірлік іс» пьесасын басында ағылшын тілінде жазып, кейін қытай тіліне аударды. Басқа да Қытай жазушыларының драмалық шығармаларында

«Өмірлік іс» пьесасын феодалдық тұрмысқа қарсы қойды. «Солқанат жазушылар одағы» болғандықтан, бұл келіспеушілік буржуазиялық эмансипация шегінен тыс шыққан жоқ. Оқиға барысында Тиен «ханым жігіті екеуі бақытты болмайды» деген балгердің сөзіне сеніп, Тиен мырза үйленуге келісімін бермейді, өйткені "ЛуныЮй" конфуцийлік кітабында, Чэнь Чэнцы деген адам жайлы айтылады, ол басқа кітаптарда Тиен чэн-цзы деп аталады. Онда Чэнь тегі мен Тиенға үйлене алмайды деген сөз болғандықтан, көптегеноқиғалар туындайды. Ақыр аяғында қыз жігітке кетумен оқиға бітеді.

1920 жылы наурызда «尝试集» атты алғашқы жыр жинағын шығарды.

«Төбешік» («上山»), «Билік» («权威») тәрізді өлеңдерінде феодалдық қоғам құрсауында қалған халықты еркіндікке шақырды. Тағы да басқа, мәселен, «Кептер» («鸽子») өлеңінде өлең жазудағы ерекше жаңашылдық байқалады.

«4 мамыр қозғалысынан» кейін ақын «Жаңа жастар» журналы редакциясындағы жұмысынан бас тартты. 1922 жылы «Күш апталығы» («努力周报») газетін шығарды. Мұнда көбінесе жақсы үкіметті насихаттау туралы көбірек жазды.

1928 жылы «Жаңа ай» атты журнал шығарды әрі осы журналдың бас редакторы болды. Бұл журнал негізінен Қытай халқын феодалдық езгіден құтылуға шақырудың маңызды құралы болып табылды.

1949 жылы сәуірде АҚШ-қа кетіп, 1958 жылы өз еліне оралды. Орталық зерттеу институтының директоры болып тағайындалды. Ху Шы феодалдық пен империализмге қарсылықты талап етті. Ху Шы-ны революцияның келешегі қорқытты, онда Қытай пролетариатының бастапқы рөлі байқалды. Кейіннен ол Тайваньға біржола көшіп кетті, сол жерде Ғылым академиясын басқарды. 1962 жылы Тайваньда дүние салды, бүгінде оған ескерткіш қойылған.



**Жазушы Жоу Зо Рын** (周作人, Zhou Zuoren, 1885-1967)

Жы Зияң провинциясының Шаосин ауданының адамы. «Лу Шүннің екінші інісі» деген лақап аты болған. 1885-1967 жылдар аралығында өмір сүрген. Жастық шағында Жапонияда білім алған. Пекин Қыздар университетінде гуманитарлық пәндер бойынша профессорлық қызмет атқарды. «4 мамыр қозғалысында» жаңа әдебиет төңкерісіне қатысты. «Жаңа жастар»

журналында оның бірнеше аудармалары жарық көрді. «Адам және әдебиет», «Қарапайым әдебиет» деген мақалалары шықты. 1919 жылдың басында байхуамен алғаш рет жазған «Кішкентай өзен»,

«Суретші» өлеңдері жарық көрді. Ол жаңа заман әдебиетіне өзіндік үлес қосты. Цанүн жазумен де жетістікке жете білді. Мәселен, оның «自己的园地» «雨天的书» «谈龙集» «谈虎集» «泽泻集» деген цанүні бар. Ол өз шығармаларын көбінесе реалистік бағытта жазған. «碰伤», «前门遇马队» «喝茶», «苦雨», «北京的茶食» сияқты әңгімелерді жазды. Бұлардың ерекшелігі – осы әңгімелерді жазу барысында тарихи мәдениет пен мораль және т.б. негізге алынды.

1927 жылы 12 сәуірден соң ол үйінде жатып, философиялық кітаптарды оқумен айналысты. Жапон соғысы басталған соң, Пекин университетінде ректор болды. Сондағы Қалалық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарды.

1947 жылы түрмеге түсіп, 1949 жылы ақталып шықты. «Лу Шүннің туған үйі», «Лу Шүн шығармаларындағы кейіпкерлер», «Лу Шүннің жастық шағы» тағы да басқа шығармалары жарық көрді.



**Чын Хыңжы** ( 陈衡哲 ;; Ch'en Heng-che; 1890–1976), қазіргі заманғы қытай әдебиетінің жазушысы, Жаңа мәдениет қозғалысының көшбасшысы және Қытай университетінің алғашқы әйел профессоры. Чын Хыңжы қытай және батыс мәдениетін бірдей бойына сіңіріп, осы құндылықтарды бейнелейтін көптеген туындылар шығару арқылы танымал болды. Чын Хыңжының отбасы Хунань провинциясынан болғанымен, ол Цзянсу провинциясының Ужин қаласында дүниеге келген. Ата-анасы оны үлкен ғылыми отбасының дәстүрлерін ұстануға шақырды, бірақ ол ресми түрде оқи алатын мектеп таба алмады. Кейін 1911 жылы Шанхайға оқуға түсіп, ағылшын тілін үйренеді. Цинхуа университеті студенттерді бокшының өтемақысының стипендиясы бағдарламасы бойынша шетелге оқуға жіберу үшін Шанхайда емтихандар ұйымдастырды. Қытай үкіметінің әйелдерді шетелге жібергісі келмегеніне қарамастан, ол 1914 жылы басқа он әйелмен бірге емтихандарды сәтті тапсырып, тарих бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін Вассар колледжіне түсті. Бұл болашақ қытайлық әйелдердің де бағдарламаға қабылдануына жол ашты. Содан кейін Чын Хыңжы Чикаго университетіне тарих мамандығы бойынша магистр дәрежесін алу үшін барды. 1916 жылы Корнелл университетіне барғансапарында ол философияда оқитын Ху Шихпен және оның болашақ күйеуі Х.С.Зенмен (Рен Хонджун) кездесті. 1920 жылы Қытайға оралған Чын Хыңжы Бейжің университетінде тарих пәнінен сабақ берді.

### **Ақын Шүй Жы Мо** ( 徐志摩 Xu Zhe Mo 1897-1931)

«Жаңа ай» одағының мүшесі. Бай саудагердің отбасында дүниеге келген. 1918 ж. Америкаға оқуға барды. 1920 ж. Англияға оқуға ауысты. Саяси экономика саласында білім алды., кейін әдебиет саласына ауысты. 1922 ж. отанына оралды. Англияда жүрген кезінде өз мемлекетіндегі Байхуа формасындағы өлеңнің пайда болуы мен қалыптасуына көп назар салды. 1923



жылы Го Моро өлеңдеріне тәнтті болып құныға оқиды. Отанына оралған оның «上海时事新报, 北京晨报» газетінде және «大公报, 努力周报» газетінде өлеңдері жарыққа шықты. 1920 ж. америкалық студенттермен бірігіп «Жаңа ай» қоғамын құрып, 1928 ж. «Жаңа ай» деп аталатын журнал шығарды. Шанхай, Нанкин, Пекин сияқты жерлерде университетте сабақ берді. «徐志摩的诗», «翡冷翠的一夜», «猛虎集», «云游» сияқты жыр жинақтары, «轮盘» атты әңгімелер жинағы «落叶», «自剖» секілді цанундер жинағы бар.

Ақын 1931 жылы қараша айында ұшақ апатынан қаза табады.

### ***Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар***

#### **➤ Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. 1917 жылы ақпан айында атақты ақын Ху Ши қытай әдебиетіне қандай өзгеріс енгізеді?
2. 1919 жылы 4 мамыр күні жастар Тиенанмында не мақсатпен жиналды?
3. 1917–1927 жылдары Қытай әдебиетінде қандай өзгерістер орындалды?
4. Чень Дусю «Әдебиет реформасының теориясы» мақаласында не туралы жазды?

#### **➤ Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Жоу Зорын 一天 (Бір күн)  
Чың Хынжы 落叶 (Жерге түскен жапырақ)  
Ху Ши 北京的茶食 (Пекиндегі шайхана)  
Шүй Жы Мо 终身大事 (Өмірлік іс)

#### **➤ Тест**

##### **Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. Қытай қазіргі заман әдебиеті тарихындағы алғашқы жыр жинақ  
А. Тас лақтыру  
В. Кішкентай адам  
С. Жаңбыр үні



2. Ша Фи деген лақап атпен жазған Ху Нан өлкесінің жазушысы
  - A. Каң Байчин
  - B. Чын Хынжы
  - C. Жоу Зырын
  
3. Жапон соғысы басталған соң, Жоу Зо Рын қандай қызмет атқарды?
  - A. «Жаңа жастар» журналының редакторы
  - B. Пекин университетінің ректоры
  - C. Хунан мектебінің директоры
  
4. Ең алғаш халықтық байхуа тілінде жарияланған әңгіме
  - A. Лу Шүн «Жындының күнделігі»
  - B. Жоу ЗоРын «Суретші»
  - C. Жаңа формадағы өлең жазды
  
5. Мақаласында Франция мен Ресейдегі төңкерісті салыстырып жазған қаламгер
  - A. Каң Бай Чин
  - B. Ху Шы
  - C. Ли Да Чжау
  
6. 1890-1976 жылдар аралығында өмір сүрген жазушы
  - A. Жоу ЗоРын
  - B. Чын Хын Жы
  - C. Сүй Жы Мо
  
7. «Принцип жайлы аз сөйлеп, сұрақтарды көп зерттеу керек» деп айтқан қай жазушы?
  - A. Чень Ду Сю
  - B. Ху Шы
  - C. Лу Шүн
  
8. 1922 жылы Ху Шы шығарған газет атауы
  - A. Күш апталығы
  - B. Жаңа жастар
  - C. Сенбі күн

### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1. Ақын Шүй Жы Моның алғашқы жыр жинағы
2. Жоу Зо Рынның «Адам және әдебиет» атты мақаласының негізгі идеясы
3. Каң Байчиннің «Шөптер» атты жыр жинағының мазмұны
4. Ли Да Чжаудың Қазан төңкерісін жақтап жазған туындылары
  - *Көркем оқу*
  - 周作人 «哑巴礼赞»

俗语云，“哑巴吃黄连”，谓有苦说不出也。但又云，“黄连树下弹琴”，则苦中作乐，亦是常有的事，哑巴虽苦于说不出话，盖亦自有其乐，或者且在吾辈有嘴巴人之上，未可知也。普通把哑巴当作残废之一，与一足或无目等视，这是很不公平的事。哑巴的嘴既没有残，也没有废，他只是不说话罢了。说文云，“喑，不能言病也。”就是照许君所说，不能言是一种病，但这并不是一种要紧的病，于嘴的大体用处没有多大损伤。查嘴的用处大约是这几种，

(一)吃饭，(二)接吻，(三)说话。哑巴的嘴原好好的，既不是缺少舌尖，也并不是上下唇连成一片，那么他如要吃喝，无论饭菜或是“华餐”，都可以尽量受用，决没有半点不便，所以哑巴于个人的荣卫上毫无障碍，这是可以断言的。至于接吻呢？既如上述可以自由啖啖的嘴，在这件工作当然也无问题，因为如荷兰威耳德(VandeVelde)医生在《圆满的结婚》第八章所说，接吻的种种大都以香味触三者为限，于声别无关系，可见哑巴不说话之绝不妨事了。归根结蒂，哑巴的所谓病还只是在“不能言”这一点上。据我看来，这实在也不失紧要。人类能言本来是多此一举，试看两间林林总总，一切有情，莫不自遂其生，各尽其性，何曾说一句话。古人云“猩猩能言，不离禽兽，鹦鹉能言，不离飞鸟。”可怜这些畜生，辛辛苦苦，学了几句人家的口头语，结果还是本来的鸟兽，多被圣人奚落一番，真是何苦来。从前四只眼睛的仓颉先生无中生有地造文字，害得好心的鬼哭了一夜，我怕最初类猿人里那一匹直着喉咙学说话的时候，说不定还着实引起了原始天尊的长叹了呢。人生营营所为何事，“饮食男女，人之大欲存焉，”既于大欲无亏，别的事岂不是就可以随便了么？中国处世哲学里很重要的一条是，多一事不如少一事，如哑巴者，可以说是能够少一事的了。

语云，“病从口入，祸从口出。”说话不但于人无益，反而有害，即此可见。一说话，话中即含有臧否，即是危险，这个年头儿。人不能老说“我爱你”等甜美的话，一一况且仔细检查，我爱你即含有我不爱他或不许他爱你等意思，也可以成为祸根，哲人见客寒暄，但云“今天天气……哈哈！”不再加说明，良有以也，盖天气虽无知，唯说其好坏终不甚妥，故以一笑了之。往读杨恽

《报孙会宗书》，但记其“种一顷豆，落而为箕”等语，心窃好之，却不知杨公竟因此而腰斩，犹如湖南十五六岁的女学生们以读《落叶》（系郭沫若的，非徐志摩的《落叶》）而被枪决，同样地不可思议。然而这个世界就是这样不可思议的世界，其奈之何哉。几千年来受过这种经验的先民留下遗训曰，“明哲保身”。几十年来看惯这种情形的茶馆贴上标语曰，“莫谈国事”。吾家金人三缄其口，二千五百年来为世楷模，声闻弗替。若哑巴者岂非今之金人欤？

常人以能言为能，但亦有因装哑巴而得名者，并且上下古今这样的人并不多，即此可知哑巴之难能可贵了。第一个就是那鼎鼎大名的息夫人。她以倾国倾城的容貌，做了两任王后，她替楚王生了两个儿子，可是没有对楚王说一句话。喜欢和死了的古代美人吊膀子的中国文人于是大做特做其诗，有的说她好，有的说她坏，各自发挥他们的臭美，然而息夫人的名声也就因此大起来了。老实说，这实是妇女生活的一场悲剧，不但是时一地一人的事情，差不多可以说是妇女全体的运命的象征。易卜生所作《玩偶之家》一剧中女主人公娜

拉说，她想不到自己竟替漠不相识的男子生了两个子女，这正是息夫人的命运，其实也何尝不就是资本主义下的一切妇女的命运呢。还有一位不说话的，是汉末隐士姓焦名先的便是。吾乡金古良作《无双惜》，把这位隐士收在里面，还有一首赞题得好：

“孝然独处，绝口不语，默隐以终，笑杀狐鼠。”并且据说“以此终身，至百余岁”，则是装了哑巴，既成高士之名，又享长寿之福，哑巴之可赞美盖彰彰然明矣。世道衰微，人心不古，现今哑巴也居然装手势说起话来了。不过这在黑暗中还是不能用，不能说话。孔子曰，“邦无道，危行言逊。”哑巴其犹行古之道也欤。十八年十一月十三日，北平。

## III ДӘРІС

### 1917 ж. Қазан төңкерісінің қытай әдебиетіне ықпалы

---

**Сабақтың мақсаты:** 1919 жылы 4 мамырдағы отаншылдық қозғалыс кезіндегі әдебиет жайында ақпарат беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Тяньаньмын алаңындағы көтеріліс
2. Әдебиет зерттеу ұйымы
3. «Көркем әдебиет» прозалық журналы

**Тірек сөздер:** әдебиет, ұйым, аударма, демократия

1919 жылы 4 мамырда Пекиндегі қытайлық студенттер жартылай отаршыл елдердің Париж бітімі жиналысында Жапонияның Қытайға жасаған шапқыншылығын қолдағанына батыл наразылық білдіріп, дүмпүі зор ереуіл өткізеді. Бұл қимыл өрістей келе, бүкіл Қытай халқы атсалысқан феодализмге қарсы отаншылдық қозғалысқа айналды. «4 мамыр» қозғалысы Қытай халқының ұлттық дербестікті қорғаудағы, демократия мен бостандықты қолға алудағы мызғымас жігерін әйгіледі әрі Қытайдың жаңа демократиялық төңкерісінің басталғандығының белгісі болды.

1919 жылы 4 мамыр күні Пекин қаласында Париж бейбітшілік конференциясында Қытайдағы бұрынғы неміс концессиясын Жапонияға беру шешіміне қарсы қуатты шеру өтті. Осы кездегі оқиғаға Қытай зиялылары мен революциялық рухтағы студенттер белсенді қатысты. Кейін шеру кең етек жайып, Қытайдағы феодальқ империализм күшіне қарсы шыққан қозғалысқа айналды.

Қарсылық қозғалысына Қытайдың үлкен қалаларындағы қоғамдық күштер ене бастады, оның ішінде – Шанхай, Тяньцзинь, Нанкин, Ухань және тағы басқа қалалар болды. «Қытай – Қытай еліне тиесілі!», «Бейбіт келісімнен бас тарту!», «21 талаптан бас тарту!» ұрандарын ұстанды.

Бастапқы кезде «4 мамыр» қозғалысы коммунистік интеллигенция мен революциялық, ұсақ буржуазиялық және

буржуазиялық интеллигенцияның революциялық қозғалысы болды. Бұл қоғамға интеллигенцияның ғана енуі, жұмысшы табы мен шаруалардың қатыспауы оның осал жағына айналды.

Студенттердің көтерілісі полиция мен әскери күштердің қанды төгістерінен кейін, осы қозғалыстың әсерінен интеллигенция шегінен шығып кетті. Қозғалысқа халық өкілдері, сонымен қатар еңбекші халық та шықты. Ақырындап революциялық қозғалысқа жүздеген үлкен, орташа және ұсақ қалалар, 20-дан астам елдің провинциялары ене бастады.

1918 жылы 11 қарашада 4 жылға жалғасқан бірінші дүниежүзілік соғыс Ұлыбритания, АҚШ, Франция бастаған елдердің жеңісімен, Германия, Австрия бастаған елдердің жеңілісімен аяқталды. 1919 жылы қаңтарда жеңіске жеткен одақтас елдер Париждің Версаль сарайында бітімгерлік мәжілісін өткізді. Оған Жұңхуа минго (ескі Қытай үкіметі) жеңуші елдер қатарында қатынасты. Онда Қытай жақтың өкілі шетелдердің Қытайдағы ерекше игіліктерін тоқтатуды, 21 талап тәріздес отан саудалайтын келісім шарттардың күшін жоюды, сондай-ақ Жапония жаулап алған Шандұң өлкесін қайтарып алуды және ондағы Германияның билігін тоқтатуды ортаға қойды, бірақ бұл жаппай қарсылыққа ұшырады.

Қытайда көпшілік Шандұң өлкесіндегі Германияның ықпал ету аймағы Қытайға қайтарылады деп үміттенген еді. Дегенмен Париждегі бейбіт конференцияға қатысушылар Шандұң Жапонияның бақылауында болу керек деп шешті. Қытайдың солтүстік милитаристік үкіметі бұл биліктен мақұрым қалып, отанды қорлайтын келісімшартқа сол жиналыстың өзінде қол қоюға пейіл білдірді.

Хабар таралысымен бүкіл елді ыза кернеді, көптің зығырданы қайнады. Студенттер бастаған «4 мамыр отаншылдық қозғалысы» жанартаудай бұрқ ететүсті.

4 мамыр күні түстен кейін Пекин университеті бастаған бірнеше жоғары оқу орындарының 3 мыңнан астам студенті Тиянанмын алаңының алдында шеру жасап: «Чиндау өзімізге қайтарылсын!», «Отанға қауіп төніп тұр!», «Ел ішіндегі отан сатқындарын аластатайық!» – деп ұран салды. Әр саладағы қайраткерлер осы толқуға келіп, жаулап алушылардың шапқыншылықәрекетіне қарсы тұруға, Қытай территориясы мен

иелік құқығын қорғауға үндеді. Отан сатқындарын зорлықты іскимылдар арқылы жазалауға дайындалған студенттер өсиетнама жазып қалдырды.

Шерушілер Пекиннің шығыс жағындағы елшіліктер орналасқан алаңбабарып, тілектеріне жетпегесін, Цау Рулиннің тұратын жайына бет алады. Студенттер үгіт-насихат айта отырып, шеру жасайды. «Қарап тұрған халықтың көбі көздеріне жас алды, оларды көрген шетелдіктердің көбі бас киімдерін алып құрмет көрсетті, сақшылардың бірсыпырасы да көздеріне жасалды». Цау Рулин, Жаң Зұншяң, Лу Зұң Үйлер солтүстік үкіметтің Жапониямен нақтылы араласатын жапоншыл ақсүйектері еді. Осы кезде зәре-құты қалмаған Цау Рулин жасырынып қалған болатын. Ызаға булыққан студенттер Цау құжырасындағы Жаң Зұншяңды сойылға жығып, Цаудың құжырасын өртеп жіберді. Қалың әскер мен сақшы сонда ғана жетіп, сол жердің өзінде 32 студентті тұтқындайды.

Студенттердің дәлме-дәл жүргізген қарсы күресі және әр саладағылардың күшті қолдауының арқасында, тұтқын болған студенттер көп өтпей-ақ босатылғанымен, бұл қозғалыс өз діттегеніне жете алмады. 19 мамыр күні Пекиндегі жоғары оқу орындары мен орта мектептердегі 25 мың адам сабақтытастады. Олар үгіт-насихат жүргізіп, сөз сөйлеп, Жапония бұйымдарына шектеу салып, отаншылдық газеттер тарату сияқты іс-шараларды ұйымдастырды. Бұған Тяньцзин, Шанхай, Чханша, Гуанчжоу сияқты жерлердегі студенттер мен оқушылар, Жапония, Франция сияқты елдерде оқып жатқан студенттер бірінен соң бірі үн қосты. 3–5 маусым күндері бұрынғыдан әлдеқайда көп студенттер мен оқушылар көшеге шығып, милитаристік үкіметтің теріс қылықтарына қарсылық білдіреді, 800-ден астам студент абақтыға қамалады. Сақшылар Пекин университетінің ұй-құрылыстарын уақытша түрмеге айналдырып жібереді.

«4 мамыр қозғалысына» үн қосу және оны қолдау мақсатында Шанхай, Нанкин, Ухань тағы басқа жерлердегі жұмысшылар Қытай тарихында бірінші рет саяси сипаттағы зор жұмысты бастады. Шанхай бастаған көптеген ірі және орташа қалалардағы саудагерлер де бірінің соңынан бірі базарды тастайды. Күрес жалыны бүкіл елді шарпиды. Осыдан былай «4 мамыр қозғалысы» өрши түсіп, дереу жаңа бір кезеңге жетеді. Қозғалыс дамып,

жұмысшы табын негізгі қосын еткен, қала ұсақ буржуазиясы мен ұлттық буржуазия атсалысқан, бүкілелді шарпыған төңкерістік қозғалысқа айналады. Қытайдағы жиырмаға жуық өлке, жүзден астам ірі және орташа қалалар өрттей өршіген тасқынға араласады. Қозғалыстың орталығы да Пекиннен Шанхайға ауысады. Келісімшартқа қол қоюдан бас тарту жөніндегі үндеу түскені соншалық, бүкілелдің жер-жерінен қол қоюға қарсы тұру туралы Парижге жолданған жедел хат 7 мыңнан асып кетеді. Солтүстік милитаристік үкімет қалың халық бұқарасының жауларына қарсы тұрып, «Отанды сүю» патриоттық қозғалысының бастамасымен қолға алынған студенттерді босатуға, отан сатқындары: Цау Рулин, Лу Зүни, Жаң Зүншяндарды мансабынан алып тастауға, сондай-ақ келісімшартқа қол қоюдан бас тартуға мәжбүр болады. Сонымен, «4 мамыр қозғалысы» күрестің мақсатына қол жеткізіп, жеңіске жетеді.

«4 мамыр қозғалысы» Қытайдың жұмысшы табының тарихи аренаға шығуымен байланысты. 1919 жылы маусымда Қытайда бірінші саяси көтеріліс басталды. Революциялық қозғалысқа жұмысшы табының қатысуы Қытай халқының империалистер мен феодализмге қарсы күресіне алып келді. Жұмысшы тап пен интеллигенцияның бірігуіне қарап, Қытай интеллигенциясы жеңіске пролетариат күші мен барлық демократиялық және озық елдердің күші арқылы соңғы шешуші кезеңге жетуге болатынына көзі жетті.

Қазан социалистік революциясы арқылы «4 мамыр қозғалысы» жаңа социалистік идеямен қаруланған қуатты мәдени революцияға айналды. Осы қозғалыстың кеңдігінен, Қытай халқы революция идеясы мен социализмді алып жүрді, «4 мамыр қозғалысынан» кейін мемлекетте 200-ден астам газет, журналдар басылып шықты.

«4 мамыр қозғалысы» – шапқыншылық пен феодализмге түбегейлі де батыл қарсы тұрған отаншылдық қозғалыс һәм Қытай жаңа демократиялық төңкерісінің бастамасы. Бұл отаншылдық қозғалыс Қытай тарихының алға ілгерілеуіне жол ашты. Марксизмнің Қытайға кең таралуына жол ашты. «4 мамыр қозғалысынан» бері қарай Қытай жастарының шұғылалы төңкерістік дәстүріне мұрагерлік етіп және оны сәулендіру мақсатымен 1939 жылы

«Батыс солтүстік жастарының отанды құтқару бірлестік ұйымы» 4 мамырды жастар күні етіп белгілейді. 1949 жылдың желтоқсанында Қытай орталық үкіметінің әкімшілік кеңесі оны ресми түрде жариялайды. 2008 жылдың сәуірінде Мемлекеттік кеңестің заң кеңесі 14 пен 28 жас аралығындағы үш жүз миллионнан астам адамға «Жастар күніне» орай әр жылдың 4 мамыр күніндемалыс деп жариялады.

«4 мамыр қозғалысымен» туған әдебиет өз сипаты бойынша революциялық, реализмге толы және белсенді романтизм әдебиеті болды. Бұл күш-қуаты мол, прогрессивті, революциялық әдебиет болды. Әдеби революция арқылы тарихи даму процесіндегі халықтың рөлі жаңа демократиялық дәстүрді зерттеп, халыққа қызмет ету болып табылады. Негізгі мақсаты – жалпыхалықтық тілдің негізінде қаланған әдебиетті дамыту мен тарту болып тағайындалды.

«4 мамыр қозғалысының» көптеген қайраткерлері ресми айыпталып, көптеген жазушылар қуғынға ұшырап, шығармаларын басуға рұқсат етілмеді.

«4 мамыр қозғалысында» пайда болған әдебиет «Жауыз» деп аталды. Жаңа және ультрареволюциялық прозада ескі Қытай әдебиетіне сәйкес көптеген ерекшеліктер пайда болды, бірақ олар «4 мамыр қозғалысының» әдеби принципіне жататын сюжеттің схематизмі мен шартты мінезі, жеке стильден бас тарту, оқырманды өзіне қаратуға ұмтылды. Болашақ үшін күрескен жазушы, шынында, қазіргі әдебиет үшін күреседі, сондықтан қазіргі уақытша – болашақтың болуы мүмкін емес.

1918 жылы мамыр айында шыққан «Жаңа жастардың» 4-ші, 5-ші нөмірінде Лу Шүннің бірінші байхуа тілінде жазылған «Жындының күнделігі», «Күң Ижи», «Дәрі» тағы басқа әңгімелері басылып шықты, бұл әңгімелер жас оқырмандардың жүрегін тебіртті, ерекше формамен жазылған туындылар терең ойға жетеледі, әдеби революцияның реалистігін танытты. Лу Шүннің «Айқай», «Адасқандар» сияқты әңгімелер жинағы адамның ішкі сезімін баурап алады; бұл толығымен қазіргі жаңаша жазу концепциясы, дәстүрлік моральға толығымен қарсы; анық ақиқатты идеология деңгейінде шығарма жазу формасын жан-жақты зерттеп, талқылап жатқан қазіргі романның даму жолы үлкен күшке ие. Қытайдың қазіргі әдебиетінің іргесі мықты, аяғына нық тұрған логикасымен қызықтырады. Лу Шүн шығармалары қиындық мәселесін көтереді, сонымен қатар, жазылудың жаңа тәсілімен барлығын қызықтырады. Негізгі мақсатының бірі, негізгі көзі – еңбекші халық, төменгі таптағы білім мәселесі, олардың ішкі азабы жайында жазады. Бұл жазбалардың ішкі рухы, «Бейнет», «Айқай», «Адасқандар» шығармаларында халықты жігерлендіріп, феодализмді сынайды.

Го Моро – Қытайдың жаңа өлеңінің іргетасын қалаған жазушы. Оның «Перизат» шығармасы «4 мамыр» заманындағы рухқа толы. Ескі өлеңнің түрлізандарымен байланысын бұзған, жаңа өлең ағымының бір ғасыры басталды.

«5-4» жаңа әдеби қозғалыспен мәдени революция идеологиясы, «4 мамыр қозғалысына» дайындалып, «5-4»

антиимпериалистік мемлекетті құру қозғалысы, жаңа мәдени қозғалыс пен мәдени революцияның терең дамуына қол жеткізді. Осыдан кейін, Қытай мәдениеті мен Қытайдың әдеби пролетариаттық бағытқа енуі, халықтың антиимпериалистік антифеодализмнің жаңа демократиялық мәдениеті мен демократиялық әдебиеттің жаңа кезеңі басталғанын дәлелдейді.

1919 жылы қыркүйекте «Жаңажастар» ( 新青年 ) журналында жаңа заман ақындары мен жазушы драматургтерінің шығармалары басылып шыға бастады. Бұл жастарды өткенмен байланысын үзіп, ескі қоғамнан кұтылып, қараңғыдан жарыққа ұмтылуға шақырды. Жаңа әдеби күрес «Әдеби революция» деген атқа ие болды. Чэнь Ду Сюдың «Әдебиет төңкерісінің теориясы» атты мақаласы 1917 жылы «Жаңа жастар» журналының ақпандағы нөміріне шықты. Чэнь Ду Шю аристократиялық ескі әдебиетті жойып, «ескі классиканың» орнына жаңа халықтық әдебиетті қалыптастыру, шынайы өмірден алшақтаған «тау мен орман» әдебиетінің орнына қоғамдық әдебиетті құру жайында сөз етті. Бұл талаптар арқылы озық ойлы әдеби интеллигенцияның антифеодалдық бағыты анық байқалады. Ху Шы «8 бас тартуы» тіптен әдебиет реформасын одан ары тездетті. Ли Да Жау, Чиян Шүан Тон, Лю Банноң, Ху Шы, Чэн Ин мо, Гау И Хан, Жоу Зорын, Лу Шүн тағы басқа жазушылар бұл қозғалысқа белсене атсалысты. Сол жылдың мамыр айында «Жаңа жастар» журналы байхуаны қолданады. Сол кездегі жаңа мәдени қозғалысқа негіз қаланды, коммунизмшілдер, ұсақ буржуазияшылар барлығы дерлік осы мәдени революциялық қозғалысты қолдады.

Бұл бағыттағы ақындардың көзқарасы әртүрлі болды. Ху Шы либералды-буржуазиялық ұстанымды дәріптеді. Жаңа мәдениет күресі жазбаша түрде және басқаша да көрініс тапты. 1919 жылы Қытайда көптеген газеттер байхуа тілінде жазылды. Жас әдебиетшілер жалпы революцияға икемделіп, әртүрлі көзқарастардың арқасында өзгертілген теориялық жазбаларға жаны ашып, өмірлік тәжірибесі болмаса да, халық пен шынайы байланысып, оған бар күшін жұмсады.

«4 мамыр» туғызған жаңа шығарманың бір бөлігі «Танымал поэзия жанры» («风靡一时的诗歌体裁») деп аталады. Сол кезде жазылған өлеңдердің авторы Биң Шин, Зун Зыхуа, Жу Зычин, Сүй



Үйнуо, Үй Пинбо, Пан Мохуа, Лю Дабай тағы басқалар. Сол кездері Биң Шин-нің «Самсаған жұлдыздар» (繁星) мен «Көктем суы» (春水) өлеңдер жинағы басылып шығады, Биң Шин бойынша сол жылы «Ақындар ағымы» (小诗派) өкілі жаңа тұлғаға айналды.

«Самсаған жұлдыздар» (繁星) мен «Көктем суы» (春水) өлеңдер жинағыныңмазмұнында «Ана махаббаты, балалық шақ және табиғат» тақырыптары мадақталады. Автордың анаға деген махаббат туралы өлеңдері ғажап еді, автор бұл сезімді ең үлкен құрметке лайық деп бағалайды, сондай-ақ балалар әлемін ең таза ниетті, ең жақсы достық ортасы деп есептейді, әсем және нәзік, тыныштыққа толы қоршаған ортаны құрметтейді.

Биң Шиннің өлеңдерінің негізі санвэнь (散文) мен бірдей, бұрынғысынша «Махаббат философиясы» болып табылады. Көркем әдебиетте Биң Шиннің әңгімелері қысқалығымен баурап алған қарапайым философиялық шығармалар болып табылады және бұл қайғы-қасіретті емес, тек жақсы өмірді бейнелейтін шығарма болып табылады.

Фың Жының «Көл жағасындағы ақын» (湖畔诗人) шығармасы махаббат сарынында жазылған, күшті антифеодалистік жердегі рухты бейнелейді. Қарапайым кезеңдегі махаббат оқиғаларын суреттейтін шығармасында ол «Назарды нақты бір сезімге аудару құштарлығын» сөз етті. «Көл жағасы», «Көктем жыры» өлеңдер жинағы, Жу Зиңжінің «Шамақтың желі» (穗的风) тағы басқа шығармаларында шынайы махаббатты суреттейді, жастардың этикалық нормалары мен феодализмге деген батыл қарсылығын, өмірге деген құштарлығын бейнелейді, бұл – нақты антифеодализм идеясында жазылған туындылар. Фың Жының ертедегі шығармасы «Кешегі ән» (昨日之歌) жастармен махаббат тақырыбын негіз етіп алады. Оның поэмасының негізгі идеясы қоршаған орта мен ақындардың ғажап өнерінің үйлесімділігін көрсетуде жатыр.

«4 мамыр» кезеңіндегі драма да жаңаша сипат алды. Батыс қаламгерлерініңқыпалы сезіліп тұрды. 1917 жылы жаңа әдебиет

қозғалысының ыңғайлы дамуымен «Жаңа жастар» дәстүрлік драманы сөгіп, ескі тақырыпқа қайта оралады. Жаңа реалистік драма мен жалған драма шеттен (Батыстан) алған пьесалардың әсерінен шиеленісе түсті. Сол уақытта «Жаңа жастар», «Қуыршақ үйі», газеттерінде 1919 жылы Ху Шының «Онай өмірден алынған»(终身大) бір актілі пьесасы басылып шықты. 1921 жылы наурыз айында Ноң Янбин, Чжэн Чжэнфэн, Оуян Оуян Үйчян тағы басқа жазушылар осы Шанхайдрамалық қоғамды құрды. Еуропадағы драма теориясы мен көркемөнерді таныстырады. Олардың жасаған ұсыныстары: «Сол драма қазіргі заманда енді өтіп кеткен ойын-сауық»; «қоғам алдыға жылжығанға дейін бір дөңгелекболады, әрі қарай қараңғы қоғамнан жарықты іздейді әрі шынайы дүниеқоңыздықтан ада бет-бейнені тек драма бейнелейді». Желтоқсан айында құрылған Шанхай драмалық қоғамы махаббат пен әсемдікті ту етіп көтерді.

### *Түсініктеме*

– Санвэнь – фразалық құрылымы бойынша мағыналық параллелизм менырғағы болуы міндетті емес еркін стиль.

### **Дәріске қатысты қаламгерлер**



**Әйгілі әйел жазушы Биң Шин (冰心 bing xin 1900-1999)**

Биң Шин – Қытай зиялылары арасындағы көрнекті өкілдерінің бірі. Ол 70 жылдан астам уақыт бойы жазған әдебишығармашылығында өзі жасаған замандышынайы бейнелеген. Биң Шин әдебиетінің өзегі – "сүйіспеншілік".

**Биң Шин** 1900 жылы 5 қазанда Қытайдың оңтүстігіндегі Фу Чжоу қаласында дүниеге келген. Әуелгі аты – Шие Уан Бао, қаламгерлік аты – Биң Шин. Ата-бабасы Фу Жян өлкесі Чаңлы ауданында өмір сүрген, әкесі теңіз әскери генералы болған.

Биң Шин-нің сауатын ашқан ұстаздары – анасы мен нағашысы. Ол 7 жасынан бастап Қытайдың классикалық әдебиетін оқи бастаған, 11 жасында "Тәңір хикаясы", "Батысқа саяхат", "Су бойында", "Қаһарман ұрпақтар", "Шығыс Жоу хандықтарының шежіресі" сияқты кітаптарды оқып шыққан. Сол кезде өзі таба алған көркем әдебиеттерді қалдырмай оқып отырған.

1910 жылдан бастап Биң Шин батыс әдебиетінің шығармаларын оқи бастады. 1912 жылы ол Фу Чжоу қыздар педагогика мектебінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, алғаш рет өмірін мектеп қабырғасында өткізеді. 1913 жылы Биң Шиннің отбасы Пекинге көшіп келді. Ол "Әйелдер журналы", "Проза айлық газеті" сияқты осы заманғы газет-журналдармен таныса бастап, әрі Қытайдың ескі әдеби тілімен әңгіме жазып байқады. 1914 жылы ол бір миссионерлік мектепке – Пекин Бейман қыздар орта мектебіне оқуға түсті. Осы төрт жылдық оқу оның ағылшын тілі білімін едәуір деңгейге көтеріп тастады. Биң Шин-нің христиан дініне деген "сүйіспеншілік" идеясы осы мезгілде қалыптасты.

1918 жылы күзде Биң Шин келешекте дәрігер болу мақсатымен Пекин Суиехы қыздар университетіне түседі. 1919 жылы «4 мамыр қозғалысы» бұрқете қалды да, Биң Шин осынау отаншылдық науқанның сапынан бір-ақ шықты. Ол енді өзінің проза шығармашылығын бастап кетті де, туындыларын үздіксіз газеттерде жариялап тұрды. Оның тұңғыш әңгімесі – "Екі отбасы" "Биң Шин" деген лақап атпен жариялады да, содан бастап, "4 мамыр" жаңа әдебиет қозғалысында дүниеге келген алғашқы топ Қытайдың осы заманғы жазушыларының қатарынан көрінді.

1921 жылы Биң Шин Үндістан жазушысы Рабиндранат Тагордың ықпалымен "Самсаған жұлдыздар", "Көктем суы" деген екі өлеңдер жинағын шығаруға кірісті.

1922 жылы жазда Биң Шин ерекше үздік нәтижемен Янжиң университетін мерзімнен бұрын бітіріп, У Уынзау, Шүй Дишандармен бір кемеге мініп, АҚШ-қа оқуға кетті. Кейін ол У Уынзаумен некелесіп, ерлі-зайыпты атанды. Америкадағы үш жылда ол көркем дүние жазуға ынтасы ауып, кішкентай оқырмандарға арнап 29 хат жазды. Бұл хаттарда ол негізінен өзінің Америка сапарындағы көрген-білгендері мен жат ел, жат

жердегі өмірін баяндаған. Бұл мақалалар кейін "Кішкентай оқырмандарға" деген хабар-прозалар жинағына еніп, бірнеше рет басылып шықты.

1926 жылы шілдеде Биң Шин Уелзли (WELLESLEY) университетінің магистр атағын алды. Елге қайтқан соң Янжиң университетінің әдебиет факультетінде оқытушылықпен шұғылданды. Қытайдың Жапонға қарсы соғысы басталған соң ол көшіп-қонған босқын өмір кешті. 1938 жылы қыркүйекте ол Йүннан өлкесінің Күнмиң қаласына көшіп барды. 1940 жылдың соңында Сычуань өлкесінің Чунчиң қаласына көшіп барып, мәдениетсаласында отан құтқару әрекетімен айналысты. Ол ай сайын шығатын "Әйелдер мәдениеті" журналының бас редакторы болды.

1946 жылдың қысында профессор У Уынзау Қытайдың Жапонияда тұратын депутациясы саяси тобының бастығы болып тағайындалып, Биң Шин отбасындағылар түгелімен Жапонияға кетті. 1949 жылы Жапонияның әйгілі әдебиетшісі – Токио университеті (бұрынғы Империя университеті) жаңа Қытай әдебиеті факультетінің деканы, Биң Шин шығармаларын аударушы – Цаңшы Усылаңның (Жапон адам аты) шақыруымен осы оқу орнында Қытай әдебиеті сабағын ашып, Токио университетіндегі тұңғыш әйел профессор атанды. 1951 жылы Биң Шин Гонконгқа келіп, Гуангчжоу арқылы Пекинге қайтып оралды.

Елге оралған Биң Шин-нің шығармашылық өмірінде жаңа бір парақ ашылды. 1953 жылы ол Қытай жазушылар одағына кірді әрі бар зейін-зердесінбалалар үшін жазуға арнады, әдебиет саласы үшін көптеген балалар әдебиеті жазушыларын жетілдірді. 1958 жылы Биң Шин "Кішкентай оқырмандарға" атты шығармаларын жариялауды әрі қарай жалғастырды.

Биң Шин –нің қоғамдық іс-қимылдары өте қарбалас болды. Ол Қытай әдебиет-өнер бірлестігі төрағасының орынбасары, Қытай Жазушылар одағының төрағасы, хатшылық басқармасының хатшысы еді. Ол Үндістан, Жапония, бұрынғы Кеңес одағы, Ұлыбритания, Италия, Швейцария сияқты мемлекеттерге ілгері-кейін 13 рет сапарлап барды. Қытай делегациясының бір мүшесі ретінде "Дүниежүзі аналар жиналысы", "Азия-Африка жазушыларының жиналысы" сияқты

халықаралық конгрестерге қатысып, әлемдік бейбітшілікке және халықаралық мәдениет ауыстыру істеріне үлес қосты.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының соңында Биң Шин "Кішкентай оқырмандарға арналған үш хатты" жариялады. 1981 жылы ауыр науқастан сауыққан соң, қайтадан жазуға, жүруге машықтанды. Ол: "Өмірім 80 жастан басталады, кішкентай достарыммен бірге тырысып алға басамын!" – деген. Сонымен Биң Шин өзінің шығармашылық өміріне жаңа бастау тапты.

Биң Шин – Қытай зиялылары тобының тамаша өкілі. Оның жасы 90-ғатаяғанда да қаламы бір сәтке тоқтаған емес. 1988 жылы 28 шілдеде Қытайжазушысы БаДзин "Биң Шин-нің өмірбаяны" деген кітапқа жазған алғы сөзінде: "Көптеген жастарға қарағанда оның ой-санасы анағұрлым сергек, ойы анағұрлым өткір, отан мен халыққа сүйіспеншілігі анағұрлым терең," – деген. Биң Шин 1999 жылы 19 наурызда бакилық болды. Оны жерлеу салтында музыка болған жоқ. Онда адамдар тек ұлы табиғаттың ғана дыбысын естіді. Олар гүл шоқтары арасында тыныш ұйқыда жатқан Биң Шин-ге шоқ-шоқраушан гүлдерін арнады. Залдың дәл ортасына Биң Шиннің: "Бір ғасырдың өсиеті: сүйіспеншілік болса бәрі де болады" деп жазған өз қолтаңбасы ілінген. Биң Шин-нің танымал шығармалары: "Екі отбасы" "Жалғыз жүдеу", "Керемет адам" (әңгімелер жинағы); Өлеңдер жинағы: "Самсаған жұлдыздар", "Көктем суы"; Прозалар жинағы: "Кішкентай оқырмандарға». Бұл – Қытайдың ең ерте жазылған осы замандық балалар әдебиеті шығармалары. Әңгімелерінен "Бос ұя", балалар әдебиеті таңдамалылар жинағы "Кішкентай мандарин шырағы", сондай-ақ "Биң Шин шығармаларының толық жинағы", "Биң Шин шығармаларының жинағы", "Биң Шин шығармалары мен аудармаларының жинағы" сияқтылар басылып шыққан. Биң Шин шығармалары көптеген шет тілдерге аударылып басылған. Ол үнді жазушысы Рабиндранат Тагордың "Құстар" жинағын және Сирия жазушысы Кайро Жибраның (Kauro.GYBRAN) "Пайғамбар" атты шығармасын қытайшаға аударған.



**Фың Жы** (қытайша: 馮至 ; 17 қыркүйек 1905 – 22 ақпан 1993 ж.) – қытай жазушысы және аудармашысы. Ол 1964 жылдан бері Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының Шетел әдебиеті институтының директоры қызметін атқарды.

Фың өзінің ерте өмірінде «Кеше және Солтүстік саяхат әндері» және «Басқа өлеңдер» сияқты бірнеше өлең жинақтарын шығарды. Содан кейін ол Германияға барып, Рильке, Гете, Гейне, Новалистің поэзияларымен танысты, осылайша 1980 жылдары Гете медалімен марапатталды.

Оның танымал шығармалары: «Кешегі ән» (1927), Солтүстікке және басқаларға саяхат (1929), Сонеттер (1942), Эсселер жинағы, Шығыс Еуропа туралы әртүрлі жазбалар (1951), «Ду Фудың өмірбаяны» (1952), Гейненің таңдамалы өлеңдері (1956), «Батыс қала маңы» өлеңдер жинағы (1958), «Он жыл өлең» өлеңдер жинағы (1959), «Өлеңдер мен мұра» еңбектері (1963), Генрих Гейненің «Германия, қысқы ертегі» поэмасы (1978).



**Жаң Шычжао** (қытайша 章士釗, 20 наурыз 1881 ж., Хэцзян, Хунань провинциясы, Цин империясы – 1 шілде, 1973, Британдық Гонконг). Жаң Шычжао – 20 ғасырдың басындағы қытайлық журналист, ағартушы, саясаткер. 1911 жылғы революцияға дейінгі кезеңде революциялық мәдени құндылықтарды, кейін дәстүрлі Конфуций мәдениетін насихаттаумен танымал. Жаң Шычжао ертедегі Қытай

Республикасының ең ықпалды публицисттерінің бірі болды. «Минли Рибано» және «Цзя Инь» журналдарының бас редакторы қызметін атқарып, көптеген саяси мақалалар жариялады.

Ол 1881 жылы 21 ақпанда Хунань өлкесінің Шаньхуа уезінің (қазіргі Чаншауезі) Хэцзячун қаласында дүниеге келген. Оның әкесі Чжан Цзинь ауыл басшысы, кейінірек дәстүрлі қытай медицинасы бойынша дәрігер болған. Чжан Шичжао мектепте өте ыждағаттылықпен оқыды. Ол 13 жасында Лю Цзунюанның эсселер жинағын сатып алып, оның шығармашылығын белсенді түрде зерттеді. 16 жасында туысқанының үйінде мұғалім болып жұмыс істеген.

1901 жылы Уханьдағы Лянху академиясына түсіп, Хуан Синмен кездесті. 1902 жылы наурызда ол Нанкин әскери академиясына әскери істерді оқуғатүседі.

1903 жылы мамырда «Су бао» газетінің бас редакторы болып жұмысқа қабылданды. 1903 жылы шілде айының басында Цин үкіметі «Су бао» газетін жауып, жеті адамды тұтқындайды. Жаң Шычжао бұл істі жүргізуітііс әскери академияның директоры Юй Минчжэньмен байланысы болғандықтан қылмыстық қудалауға тартылмады.

7 тамызда Чен Дусю, Чжан Цзи және басқалармен бірге «Минго Рибао» газетін құрып, революцияны белсенді түрде насихаттауды жалғастырды. 1903 жылы қарашада ол Хуан Синмен бірге Шанхайдан Чаншаға барып, Қытайдың қайта жаңғыру одағын құруды жоспарлады.

«Су Пао» газеті Цинге қарсы мақалалар жариялануына байланысты жабылғаннан кейін Шанхайда Патриоттар қауымдастығы ұйымдастырылып, оның құрамына Ян Шоужэнь, Цай Юаньпэй, Цай Э және т.б. Сол жылы Жаң Шычжао Хуан Син және басқалармен бірге Қытайдың қайта жаңғыру одағынқұрды, оның мақсаты да Цинге қарсы әрекеттерді ұйымдастыру болды.

Қытайдың қайта өркендеу альянсы 1904 жылы 6 қарашада Чаншада көтеріліс шығаруды жоспарлады. Жаң Шычжао өз кезегінде Шанхайда жасырын материалдық көмек көрсету үшін құпия агенттік құрды. Қазан айында Қытайды құтқару альянсы көтеріліске дайындалу үшін барлық мүшелер менжетекшілерді жиналысқа жинау үшін Шанхайға барды. Алайда Цин үкіметі Қытайды құтқару одағының жұмысын бұзғандықтан, Чжан Цзи мен Жаң Шычжао және оннан астам адам тұтқындалды. Көтеріліс жоспары жүзегеаспады. Жаң Шычжао және басқалары кепілмен босатылғанға дейін 40 күннен астам қамауда

ұсталынды. Босағаннан кейін,қудалаудан қорқып, ЖаңШычжао басқа одақтың мүшелерімен бірге Жапонияға қашып кетті.

❖ **Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар**

➤ **Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Лу Шүннің шығармаларында негізінен қандай мәселелердікөтереді?
2. Фың Жының өзінің туындыларында қандай тақырыпты негіз етіп алады?
3. Биң Шин өзінің кішкентай оқырмандарға арнап жазған 29хатында не жайлы баяндайды?
4. 1919 жылы Ху Шының қандай пьесалары жарық көрді?

➤ **Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Жу Зинжі 湖畔诗人(Көл жағасындағы ақын)Лин Шу 穗的风 (Шамақтың желі)

Биң Шин 繁星 (Самсаған жұлдыздар )Фың Жы 妖梦 (Жаңылыс арман)

➤ **Тест**

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. 1925 жылы қайта басылымға шыққан газет  
А. Цзия Ин  
В. Қысқы таң  
С. Жаңа жастар
2. Қытайдың жаңа өлеңінің іргетасын қалаған жазушы  
А. Го Мо Ро  
В. Бин Шин  
С. Лу Шүн
3. Қазіргі заман ақындары мен жазушы драматургтерінің шығармалары басылып қай уақытта шыға бастады ?  
А. 1918 жылы, наурызда  
В. 1919 жылы, қыркүйекте  
С. 1920 жылы, ақпанда
4. 1922 жылы У Миннің «Оқуды бағалау» журналы қай қалада басылып шықты?  
А. Нанкин  
В. Пекин  
С. Шанхай



5. Чжан Шижао Шанхайда не себепті құпия агенттік құрды?

- A. билікке қарсы шығу үшін
- B. жасырын материалдық көмек көрсету үшін
- C. басқа жазушылармен бірге елден қашу үшін

6. 1980 жылы Гете медалімен марапатталған жазушы

- A. Фын ЧЖИ
- B. Лу Шүн
- C. Го Мо Ро

7. «Өмірім 80 жастан басталады, кішкентай достарыммен бірге тырысып алға басамын!» деп айтқан қай жазушы?

- A. Бин Шин
- B. Ли Дачжау
- C. Чань Дусю

8. Биң Шин үнді жазушысы Рабиндранат Тагордың қай жинағын қытайшаға аударды?

- A. Періштелер
- B. Құстар
- C. Пайғамбар

### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

- 1. Биң Шин шығармаларының ерекшелігі
- 2. Ху Шының «终身大» пьесалық драмасының негізгі идеясы
- 3. Фың Жының эсселер жинағы
- 4. Жаң Шычжао және оның саяси мақалалары

— *Көркем оқу*

— 冰心《两个家庭》

提到家庭的幸福和苦痛，与男子建设事业能力的影响，又引证许多中西古今的故实，说得痛快淋漓。当下我一面听，一面速记在一个本子上，完了会已到下午四点钟，我就回家去了。

路上车上，我还是看那本笔记。忽然听见有一个小姑娘的声音叫我说：“姐姐！来我们家里坐坐。”抬头一看，已经走到舅母家门口，小表妹也正放学回来；往常我每回到舅母家，必定说一两段故事给她听，所以今天她看见我，一定要拉我进去。我想明天是星期日，今晚可以不预备功课，无妨在这里玩一会儿，就下了车，同她进去。舅母在屋里做活，看见我进来，就放下针线，拉过一张椅子，叫我坐下。一面笑说：“今天难得你有工夫到这里

来，家里的人都好么？功课忙不忙？”

我也笑着答应一两句，还没有等到说完，就被小表妹拉到后院里葡萄架底下，叫我和她一同坐在椅子上，要我说故事。我一时实在想不起来，就笑说：“古典都说完了。只有今典你听不听？”她正要回答，忽然听见有小孩子啼哭的声音。我要乱她的注意，就问说，“妹妹！你听谁哭呢？”她回头向隔壁一望说：“是陈家的大宝哭呢，我们看一看去。”就拉我走到竹篱旁边，又指给我看说，“这一个院子就是陈家，那个哭的孩子，就是大宝。”

舅母家和陈家的后院，只隔一个竹篱，本来篱笆上面攀缘着许多扁豆叶子，现在都枯落下来；表妹说是陈家的几个小孩子，把豆根拔去了，因此只有几片的黄叶子挂在上面，看过去是清清楚楚的。陈家的后院，对着篱笆，是一所厨房，里面看不清楚，只觉得墙壁被炊烟熏得很黑。外面门口，堆着许多什物，如破瓷盆之类。院子里晾着几件衣服。廊子上有三个老妈子，廊子底下有三个小男孩。

不知道他们弟兄为什么打吵，那个大宝哭的很利害，他的两个弟弟也不理他，只管坐在地下，抓土捏小泥人玩耍。那几个老妈子也咕咕啾啾的不知说些什么。表妹悄悄地对我说：“他们老妈子真可笑，各人护着各人的少爷，因此也常常打吵。”

这时候陈太太从屋里出来，挽着一把头发，拖着鞋子，睡眼惺忪，容貌倒还美丽，只是带着十分娇情的神气。

一出来就问大宝说：“你哭什么？”

同时那两个老妈子把那两个小男孩抱走，大宝一面指着他们说：“他们欺负我，不许我玩！”陈太太啐了一声：“这一点事也值得这样哭，李妈也不劝一劝！”

李妈低着头不知道说些什么，陈太太一面坐下，一面摆手说：“不用说了，横竖你们都是不管事的，我花钱雇你们来作什么，难道是叫你们帮着他们打架么？”

说着就从袋里抓出一把铜子给了大宝说：“你拿了去跟李妈上街玩去吧，哭的我心里不耐烦，不许哭了！”大宝接了铜子，擦了眼泪，就跟李妈出去

了。陈太太回头叫王妈，就又有有一个老妈子，拿着梳头匣子，从屋里出来，替她梳头。当我注意陈太太的时候，表妹忽然笑了，拉我的衣服，小声说：“姐姐！看大宝一手的泥，都抹到脸上去了！”

过一会儿，陈太太梳完了头。正在洗脸的时候，听见前面屋里电话的铃响。王妈去接了，出来说：“太太，高家来催了，打牌的客都来齐了。”陈太太一面擦粉，一面说：

“你说我就来。”随后也就进去。我看得忘了神，还只管站着，表妹说：“他们都走了，我们走吧。”我摇手说：

“再等一会儿，你不要忙！”十分钟以后。陈太太打扮的珠围翠绕的出来，走到厨房门口，右手扶在门框上，对厨房里的老妈说：“高家催的紧，我不吃晚饭了，他们都不在家，老爷回来，你告诉一声儿。”说完了就转过前面

去。我正要转身，舅母从前面来了，拿着一把扇子，笑着说：“你们原来在这里，树荫底下比前院凉快。”我答应着，一面一同坐下说些闲话。忽然听有皮鞋的声音，穿过陈太太屋里，来到后面廊子上。表妹悄声对我说：“这就是陈先生。”只听见陈先生问道：“刘妈，太太呢？”

刘妈从厨房里出来说：“太太刚到高家去了。”陈先生半天不言语。过一会儿又问道：“少爷们呢？”刘妈说：“上街玩去了。”陈先生急了，说：“快去叫他们回来。天都黑了还不回家。而且这街市也不是玩的好去处。”刘妈去了半

天，不见回来。陈先生在廊子上踱来踱去，微微的叹气，一会儿又坐下。点上雪茄，手里拿着报纸，却抬头望天凝神深思。又过了一会儿，仍不见他们回来，陈先生猛然站起来，扔了雪茄，戴上帽子，拿着手杖径自走了。表妹笑着说：“陈先生又生气走了。昨天陈先生和陈太太拌嘴，说陈太太不像一个当家人，成天里不在家，他们争辩以后，各自走了。他们的李妈说，他们拌嘴不止一次了。”舅母说：“人家的事情，你管他作什么，小孩子家，不许说人！”表妹笑着说：“谁管他们的事，不过学舌给表姊听听。”舅母说：“陈先生真也特别，陈太太并没有什么大不好的地方，待人很和气，不过年轻贪玩，家政自然就散漫一点，这也是小事，何必常常动气！”谈了一会儿，我一看表，已经七点半，车还在外面等着，就辞了舅母，回家去了。第二天早起，梳洗完了，母亲对我说：“自从三哥来到北京，你还没有去看看，昨天上午亚茜来了，请你今天去呢。”——三哥是我的叔伯哥哥，亚茜是我的同学，也是我的三嫂。我在中学的时候，她就在大学第四年级，虽只同学一年，感情很厚，所以叫惯了名字，便不改口。我很愿意去看看他们，午饭以后就坐车去了。

他们住的那条街上很是清静，都是书店和学堂。到了门口，我按了铃，一个老妈出来，很干净伶俐的样子，含笑的问我：“姓什么？找谁？”

我还没有答应，亚茜已经从里面出来，我们见面，喜欢的了不得，拉着手一同进去。

六年不见，亚茜更显得和蔼静穆了，但是那活泼的态度，仍然没有改变。院子里栽了好些花，很长的一条小径，从青草地上穿到台阶底下。上了廊子，就看见苇帘的后面藤椅上，一个小男孩在那里摆积木玩。

漆黑的眼睛，绯红的腮颊，不问而知是闻名未曾见面的侄儿小峻了。亚茜笑说：“小峻，这位是姑姑。”他笑着鞠了一躬，自己觉得很不自在，便回过回头去，仍玩他的积木，口中微微的唱歌。进到中间的屋子，窗外绿荫遮满，几张洋式的椅桌，一座钢琴，几件古玩，几盆花草，几张图画和照片，错错落落的点缀得非常静雅。右边一个门开着，里面几张书橱，垒着满满的中西书籍。三哥坐在书桌旁边正写着字，对面的一张椅子，似乎是亚茜坐的。我走了进去，三哥站起来，笑着说：“今天礼拜！”

我道：“是的，三哥为何这样忙？”三哥说：“何尝不是忙，不过我同亚茜翻译了一本书，已经快完了，今天闲着，又拿出来消遣。”我低头一看，桌上对面有两本书，一本是原文，一本是三哥口述亚茜笔记的，字迹很草率，也有一两处改抹的痕迹。在桌子的那一边，还垒着几本也都是亚茜的字迹，是已经翻译完了的。亚茜微微笑说：“我哪里配翻译书，不过借此多学一点英文就是了。”我说：“正合了梁任公先生的一句诗‘红袖添香对译书’了。”大家一笑。三哥又唤小峻进来。我拉着他的手，和他说话，觉得他应对很聪明，又知道他是幼稚生，便请他唱歌。他只笑着看着亚茜。

亚茜说：“你唱吧，姑姑爱听的。”他便唱了一节，声音很响亮，字句也很清楚，他唱完了，我们一齐拍手。随后，我又同亚茜去参观他们的家庭，觉得处处都很洁净规则，在我目中，可以算是第一了。下午两点钟的时候，三哥出门去访朋友，小峻也自去睡午觉。我们便出来，坐在廊子上，微微的风，送着一阵一阵的花香。亚茜一面织着小峻的袜子，一面和我谈话。一会儿三哥回来了，小峻也醒了，我们又在一处游玩。夕阳西下，一抹晚霞，映着那灿烂的花，青绿的草，这院子里，好像一个小乐园。

晚餐的肴菜，是亚茜整治的，很是可口。我们一面用饭，一面望着窗外。小峻已经先吃过了，正在廊下捧着沙土，堆起几座小塔。门铃响了几声，老妈子进来道：

“陈先生来见。”三哥看了名片，便对亚茜说：“我还没有吃完饭，请我们的小招待员去领他进来罢。”亚茜站起来唤道，“小招待员，有客来了！”小峻抬起头来说：“妈妈，我不去，我正盖塔呢！”亚茜笑着说：“这样，我们往后就不请你当招待员了。”小峻立刻站起来说：“我去，我去。”一面抖去手上的尘土，一面跑了出去。陈先生和小峻连说带笑的一同进入客室，——原来这位就是住在舅母隔壁的陈先生——这时三哥出去了，小峻便进来。

天色渐渐的黑暗，亚茜捻亮了电灯，对我说：“请你替我说几段故事给小峻听。我要去算账了。”说完了便出去。我说着“三只熊”的故事，小峻听得很高兴，同时我觉得他有点倦意，一看手表，已经八点了。我说：“小峻，睡觉去罢。”他揉一揉眼睛，站了起来，我拉着他的手，一同进入卧室。他的卧房实在有趣，一色的小床小家具，小玻璃柜子里排着各种的玩具，墙上挂着各种的图画，和他自己所画的剪的花鸟人物。他换了睡衣，上了小床，便

说：“姑姑，出去罢，明天见。”我说：“你要灯不要？”他摇一摇头，我把灯捻下去，自己就出来了。亚茜独坐在台阶上，看见我出来，笑着点一点头。我说：“小峻真是胆子大，一个人在屋里也不害怕，而且也不怕黑。”亚茜笑说：“我从来不说那些神怪悲惨的故事，去刺激他的娇嫩的脑筋。就是天

黑，他也知道那黑暗的原因，自然不懂得什么叫做害怕了。”我也坐下，看着对面客室里的灯光很亮，谈话的声音很高。这时亚茜又被老妈子叫去了，我不知不觉的就注意到他们的谈话上面去。只听得三哥说：“我们在英国留学的时候，觉得你很不是自暴自弃的一个人，为何现在有了这好闲纵洒的习惯？我们的目的是什么，希望是什么，你难道都忘了么？”陈先生的声音很低说：“这个时势，不游玩，不拚酒，还要做什么，难道英雄有用武之地

么？”三哥叹了一口气说：“这话自是有理，这个时势，就有满腔的热血，也没处去洒，实在使人灰心。但是大英雄，当以赤手挽时势，不可为时势所挽。你自己先把根基弄坏了，将来就有用武之地，也不能做个大英雄，岂不是自暴自弃？”这时陈先生似乎是站起来，高大的影子，不住在窗前摇漾，

过了一会说：“也难怪你说这样的话，因为你有快乐，就有希望。不像我没有快乐，所以就觉得前途非常的黑暗了！”这时陈先生的声音里，满含愤激悲惨。三哥说：“这又奇怪了，我们一同毕业，一同留学，一同回国。要论职位，你还比我高些，薪俸也比我多些，至于素志不偿，是彼此一样的，为何我

就有快乐，你就没有快乐呢？”陈先生就问道：“你的家庭什么样子？我的家庭什么样子？”三哥便不言语。

陈先生冷笑说：“大概你也明白……我回国以前的目的和希望，都受了大打击，已经灰了一半的心，并且在公事房终日闲坐，已经十分不耐烦。好容易回到家里，又看见那凌乱无章的家政，儿啼女哭的声音，真是加上我百倍的不痛快。我内人是个宦家小姐，一切的家庭管理法都不知道，天天只出去应酬宴会，孩子们也没有教育，下人们更是无所不至。我屡次的劝她，她总是不听，并且说我‘不尊重女权’、‘不平等’、‘不放任’种种误会的话。我也曾决意不去难为她，只自己独力的整理改良。无奈我连米盐的价钱都不知道，并且也不能终日坐在家里，只得听其自然。因此经济上一天比一天困难，儿女也一天比一天放纵，更逼得我不得出去了！

既出去了，又不得不寻那剧场酒馆热闹喧嚣的地方，想以猛烈的刺激，来冲散心中的烦恼。这样一天一天的过去，不知不觉的就成了习惯。每回到酒馆的灯灭了，剧场的人散了，更深夜静，蹒跚归来的时候，何尝不觉得这些事不是我陈华民所应当做的？然而……咳！峻哥呵！你要救救我才好！”

这时已经听见陈先生呜咽的声音。三哥站起来走到他面前。门铃又响了，老妈进来说我的车子来接我了，便进去告辞了亚茜，坐车回家。两个月的暑假又过去了，头一天上学从舅母家经过的时候，忽然看见陈宅门口贴着“吉屋招租”的招贴。放学回来刚到门口，三哥也来了，衣襟上缀着一朵白纸花，脸上满含着凄惶的颜色，我很觉得惊讶，也不敢问，彼此招呼着一同进去。母亲不住的问三哥：

“亚茜和小峻都好吗？为什么不来玩玩？”这时三哥脸上才转了笑容，一面把那朵白纸花摘下来，扔在字纸篮里。母亲说：“亚茜太过于精明强干了，大事小事，都要自己亲手去做，我看她实在太忙。但我却从来没有看见过她有一毫勉强慌急的态度，匆忙忧倦的神色，总是喜喜欢欢从从容容的。这个孩子，实在可爱！”三哥说：“现在用了一个老妈，有了帮手了，本来亚茜的意思还不要。我想一切的粗活，和小峻上学放学路上的照应，亚茜一个人是决然做不到的。并且我们中国人的生活程度还低，雇用一个下人，于经济上没有什么出入；因此就雇了这个老妈，不过在粗活上，受亚茜的指挥，并且亚茜每天晚上还教她念字片和《百家姓》，现在名片上的姓名和账上的字，也差不多认得一半了。”我想起了一件事，便说：“是了，那一天陈先生来见，给她名片，她

就知道是姓陈。我总觉得奇怪，却不知是亚茜的学生。”三哥忽然叹了一口气说：“陈华民死了，今天开吊，我刚从那里回来。”——我才晓得那朵白纸花的来历，和三哥脸色不好的缘故——母亲说：“是不是留学的那个陈华民？”三哥说：“是。”母亲说：“真是奇怪，像他那么一个英俊的青年，也会死了，莫非是时症？”三哥说：“哪里是时症，不过因为他这个人，太聪明了，他的目的希望，也太过于远大。在英国留学的时候养精蓄锐的，满想着一回国，立刻要把中国旋转过来。

谁知回国以后，政府只给他一名差遣员的缺，受了一月二百块钱无功的俸禄，他已经灰了一大半的心了。他的家庭又不能使他快乐，他就天天的拚酒，那一天他到我家里去，吓了我一大跳。从前那种可敬可爱的精神状态，都不知丢在哪里去了，头也垂了，眼光也散了，身体也虚弱了，我十分的伤心，就恐怕不大好，因此劝他常常到我家里来谈谈解闷，不要再拚酒了，他

也不听。并且说：‘感谢你的盛意，不过我一到你家，看见你的儿女和你的家庭生活，相形之下，更使我心中难过，不如……’

以下也没说什么，只有哭泣，我也陪了许多眼泪。以后我觉得他的身子，一天一天的软弱下去，便勉强他一同去到一个德国大夫那里去察验身体。

大夫说他已得了第三期肺病，恐怕不容易治好。我更是担心，勉强他在医院住下，慢慢的治疗，我也天天去看望他。谁知上礼拜一晚上，我去看他就是未一次了。……”

说到这里，三哥的声音颤动的很利害，就不再往下说。

母亲叹了一口气说：“可惜可惜！听说他的才干和学问，连英国的学生都很妒羡的。”

三哥点一点头，也没有说什么。

这时我想起陈太太来了，我问：“陈先生的家眷呢？”

三哥说：“要回到南边去了。听说她的经济很拮据，债务也不能清理，孩子又小，将来不知怎么过活！”母亲说：“总是她没有受过学校的教育，否则也可以自立。不过她的娘家很有钱，她总不至于十分吃苦。”三哥微笑说：“靠弟兄总不如靠自己！”

三哥坐一会儿，便回去了，我送他到门口，自己回来，心中很有感慨。随手拿起一本书来看看，却是上学期的笔记，末页便是李博士的演说，内中的话就是论到家庭的幸福和苦痛，与男子建设事业能力的影响。

## VI ДӘРІС

### 1920-1930-жылдардың басындағы қытай әдебиеті

---

**Сабақтың мақсаты:** 1920-1930-жылдардың басындағы әдебиеттің ерекшелігі жайлы анықтама беру, «Тапқырлау» қоғамы туралы ақпарат беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Лу Шүннің реалистік сипаттағы шығармалары
2. «Көркемдік тал» драмалық тобы
3. Е Шау Цзюнның «Өнердегі өмір» атты үш актілік драмасы

**Тірек сөздер:** пьеса, әдебиет, драма, байхуа, реализм

1919 жылы 4 мамыр шеруі мен халықтың күреске шығуы, кейінгі болған антиимпериалистік және антифеодалдық бағыт озық ойлы Қытай әдебиетін орнықтырды. Маркстің еңбектеріндегі теориялық ойлар мен Ресей әдебиетіне қызығушылық өте күшті болды. Ху Шының «Күнделікті хабаршыдағы» түрлі «изм»-дік сөздерді айтудың қажеті жоқ деген ұраны бекер болды.

1919 жылы «Жаңа жастар» журналының мамырдағы нөміріне марксизм жайында көптеген мақалалар басылды, оның ішінде Ли Дачжаудың «Менің марксистік көзқарасым» деген мақаласы жарияланды. Қытай интеллигенциясы ешқашан осындай қарқынды өмір сүрмеген, Қытайда еш уақытта мемлекет тағдыры мен оның мәдениетіне соншама көп адам мән бермеген. Оның себебі, пролетариаттың басқаруымен коммунистік партия кең формаға ие болып, келісімсіз жаңа мәдениетке деген күресі жалғасты.

1919 жылы Қытайда көптеген газеттер байхуа тілінде жазылды. Жас әдебиетшілер жалпы революцияға икемделіп, әртүрлі әсердің арқасында өзгертілген теориялық мақалаларға назар аударып, өмірлік тәжірибесі болмасада, халық пен шынайы байланысып, оған бар күшін жұмсады.

Осы жылдары Лу Шүн реалистік сипаттағы ірі жазушы атанды және атақты Қытай жазушылардың революция жайында, гуманистік дәстүрдегі, «4мамыр қозғалысы» әдебиеті жайында



шығармаларын жазды. Адамдардың бірігуін талап ететін бұл күрес бір мақсатты көздеген және Қытай әдебиеті тарихында өзінің терең ізін қалдырды. 1921 жылы қаңтарда Пекин қаласында

12 жазушы «Әдебиетті зерттеу қоғамын» құрды. Қоғам ақыр аяғында буржуазиялық позицияны ұстанып, кейін онда «Көркем әдебиет» (小说月报) атты баспа орны пайда болды. Қоғамның декларациясы мен ережелері журналда басылып шығарылды. Қоғам өзінің үш тапсырмасын жариялады:

- әдебиетшілердің қарым-қатынасын жақсарту, оларды жалпы қызығушылықпен байланыстырып, ойларын алмастыру үшін тұрақты түрде кездесулер ұйымдастыру, қоғамды әдеби орталыққа айналдыру;

- әдеби зерттеулерге көмектесу, кітапхананы және баспаны, әдеби процесті ұйымдастыру;

- әдебиетпен айналысатын адамдарды біріктіретін база құру.

«Әдебиетті көңілді шақтарда, ойын-сауық немесе қайғының бетін аудару уақытында ғана қолдану заманы өтіп кеткен. Біздің ойымызша, әдебиет бұл – адамдардың өміріне қажетті іс, әдебиетпен айналысатын адамдар оны өмірлік жұмыс етуі қажет». Қоғам мүшелері «Әдебиет адам өмірін көрсетуі қажет» деп жазды, оларды конфуцийлік пен адам арасындағы делдалдыққа, «Конфуций жолын» ұстанған әдебиетке қарсы болды, «көркем әдебиеттің объектісі – кемсітілген және балағаттанған адамдардың қаны мен көз жасы болу керек» деп есептеді.

Бұл жерде барлық әдебиетшілер шындықты реалистік түрде баяндауды ұсынды. Ол жайында Лу Шүн де өзінің ай сайын шығатын прозалық журналында жазды.

«Әдебиетті зерттеу қоғамымен» бірдей «Тапқырлау» тобы да ұйымдастырылды. Оған Жапонияда оқитын студенттер Го Моро, Чың Фаң У, Тиян Хан, Чжэн Боци кірді. Осы топтың құрылу тарихы өте ұзақ. Го Моро өзінің «Он жылдық шығармашылық» туындысында былай деді: «Топ 1922 жылы құрылып, «Тапқырлау» журналының бірінші нөмірі басылып шықты. 1922 жылы ресми түрде хатталып, онда әдебиетті зерттеу қоғамы сияқты жағдай туды – өз отанына пайда әкелуге құштарланған, феодализм мен империализмге, ескі әдебиетке қарсы шығуға күш

жинаған, бірақ бір-бірінен біркелкі шығармашылық әдісті талап етпейтін жазушылар жиналды».

Го Мо Ро «Тапқырлау» журналының екінші нөмірінде былай деп жазады:

«Қоғамға кіргісі келген адамдардың жіберген хаттары көп, олар кірудің шарттарын сұрап жатты. Бізге жаны ашығандарына қуанамын. Бірақ біздің тобымыздың белгілі бір айқындалған ұйымшылдығы жоқ, ереже, ресми орнымыз бен принципіміз жоқ. Біз бірнеше достар өз қалауымызбен біріктік. Біздің принципіміз бен ойымыз да біркелкі емес, бізге ондай біркелкіліктің қажеті жоқ. Біздің бірлігіміз ішкі құштарлық пен әдебиетке жұмыс істеуге негізделген. Достар! Егер сіздер осыған келіссеніздер, бізге келіп, бірге алға қарай ұмтылыңыздар! Бізге кепілдеме мен келісімдердің қажеті жоқ!».

Әдебиетті зерттеу қоғамы да осыны дәріптеді, бірақ жастарды түрлі топтарға енгізетіндей бір айырмашылық бар, сол Го Мо Ро жазған ішкі құштарлық – жастарды «Тапқырлау» тобына шақырады. «Тапқырлау» тобындағы романтизмге жақын теоретиктердің шындық жайындағы ойы, әдебиетке деген көзқарасы абстрактілі болды. Топтың әскери, антиимпериалистік бағыты өнер табиғатын жақсы түсінуге мүмкіндік берді. Бірақ топ мүшелері әдебиеттің өмірмен байланысын, өмірді шынайы бейнелеу, әдебиеттің тәрбиелік мәні жайында айтты. Чың Фаң У өзінің «Жаңа әдебиеттің мақсаты» шығармасында: «Біз осы дәуірдегі адамдарды өз өміріне сыни көзқараспен қарату үшін, оның өмірі мен идеясын терең түсіндіруіміз керек», – деп жазған. Го Мо Ро : «Біз капитализмнің улы айдаһарымен күресеміз!» деп ұран тастады. Көбіне «Тапқырлау» тобына батыл, күшті, патриот, марксистік идеямен қаруланған жастар енді.

Едың И өзінің «Қазіргі Қытай әдебиетінің тарихи очерктері» еңбегінде Қытай әдебиетінің XX ғасырдың басында, жалпы антифеодалдық, антиимпериалистік шығармашылығының екі топқа бөлінгенінің себебін табады. «Әдебиетті зерттеу ұйымына» «4 мамыр қозғалысынан» өткен адамдар кірді. Олар революциялық күрес тәжірибесі бар, Қытайдағы реализмді көрген, Қытай коммунистік интеллигенциясымен таныс адамдар болды.

«Тапқырлау» тобының мүшелері Жапонияда оқыған, «4 мамыр қозғалысына» қатыспаған студенттер болды. Бірақ шетелдегі империалистік мемлекеттегі өмір Қытайдағы империализм, феодалдық езгіні одан әрі жек көруге көмектесті; еуропалық әдебиетпен танысу және Жапониядағы еуропалық романтизмге қызығушылық олардың әдеби талғамына әсер етті. Әдебиетті зерттеу ұйымы қоғаммен бірге жаңа, антифеодалдық, антиимпериалистік романтизм әдебиетіне құштарланды, шығармашылықтағы абстрактілік (Үй Дафудың шығармасындай) Қытай әдебиетіне еуропалық декадансті енгізуге мүмкіндік берді.

Қытайдағы коммунистердің насихаттары ұсақ буржуазиялық көзқарастағы прогрессивті интеллигенцияға әсер етті, олар үшін «тұлғаны босату» – феодалдық, империалистік езгіден босату деп түсінді.

Го Мо Ро 1925 жылы өзінің мақаласында: «Менің көзқарасым мен өмірге деген қатынасымды бірнеше жылда өзгеріп кетті деуге болады. Мен даралықты құрметтеп, тәуелсіз адамдарға бас ийдім. Бірақ осы бірнеше жылда мен төменгі таптағы адамдармен танысып, түсінгенім, егер осындай уақытта көптеген адамдар өзінің еріксіз еркіндігі мен дербестігін жоғалтса, көп адамдар даралығы мен еркіндігін өзінің негізгі принципі деп қабылдамайды, егер біз еркін өмір сүргіміз келсе, бұлардың барлығы еркін болуы керек», – деп жазады.

Кез келген қоғамда тұрған адам келесі қоғамға да кіре алады. Сөйтіп, 1924 жылы Лу Шүн «Атаусыз қоғамды» (未名社) басқарды. Бұл қоғам Лу Шүннің «Атаусыз серия» аударма әдебиеті басылғаннан кейін ұйымдастырылды.

Қоғам мүшесі, энтузиаст Вей Суань, атақты орыс көркем әдебиетін аударушы Цау Цзин Хуа және тағы басқалар сол кезде танылды. Лу Шүннің шығармаларында Вей Суань жайында естелік айтылады, жазушы оқырманды Гоголь, Достоевский, Андреевпен таныстырады. Эренбургтың «13 түтік» әңгімесі, Лавреневтің «41-ші» әңгімесі Қытай еліне таныстырылды.

1921 жылы мамырда әдеби қозғалыспен тығыз байланысты халықтық- демократиялық қоғам құрылды. Құрамында 13 адамнан құралған халықтық драмалық қоғамға Шэнь Янь Бин, Оуян Юй Цянь тағы басқа қайраткерлер кірді. Негізгі мақсаты – жаңаны дәріптеу, «ауызша» драманы жасау болды. Сол кезде

«Театр» («喜劇») журналы шығарылды. Ол драматургия жайында аударылған пьесаларды басып шығарды. 1921 жылы қыркүйекте Е.Шау Цзюнның «Өнердегі өмір» атты үш актілік драмасы басылды. Қоғам жаңа драманы тәрбие әдісі ретінде қарастырды, қазіргі қоғамның айнасы, «рентген сәулесі» сияқты деп дәріптеді.

1911 жылы Жапониядағы Қытай студенттері «Көркемдік тал» атты драмалық топқа бірікті. Олар батыс пьесасын қытай тіліне аударып, қойылым жасады. 1911 жылғы революциядан кейін «Көркемдік тал» Шанхайға көшіп, ісін жалғастырды. Жаңа қытай драмасы тек «4 мамыр қозғалысынан» кейін Қытайда дамып, антифеодалдық қозғалыс бағытын бейнеледі.

Ибсенге деген қызығушылығы жайында айтсақ, ол барлық прогрессивті жастарды өзіне баурап алатын. 1918 жылы маусым айында "Жаңа жастар" журналында арнайы «Ін» Ибсен шығармасының аудармасы мен жазушы жайында мақала басылып шықты. Лу Шүннің «Жинаққа кірмеген жинағындағы» Ибсеннің пьесалары Қытай үшін ерекше құбылыс болды, жаңа сахналық мүмкіндікке жол ашты және буржуазиялық қоғамға кіре алғандықтан қызығушылық туғызатын.

Адамның даралығын көрсетіп, оны феодализмнен босату үшін, Го Мо Ро 1923 жылы "Чжовень Цзюнь" драмасын осы тақырыпқа арнаған. Онда жалған феодалдық мораль құпталып, ескі сюжетті жаңаландырып, жазушы адамдарды басатын феодалдық заңмен күресін көрсетеді.

Го Мо Роның шығармаларының тақырыбы феодалдық бай әйелдерге қарсы шығу, адам өмірі үшін күрес болды. Го Мо Роның драмаларында антифеодалдық элемент көбірек болса, Чен Фанның "Кездесу" пьесасында империалистік мәдениетке қарсы наразылық, алтын торпаққа табынуға қарсылығы жайында айтылады. Чжэн Боцидің "Тойтарыс" пьесасында империализмге деген жеккөрушілік, батыл тойтарыс беру байқалады. Чың Фаң У мен Чжэн Боци өз кейіпкері жайында аз айтады, бұл кемшілік сол кездегі барлық жазушыларға тән болатын. Олардың кейіпкерлерінің бойында даралығы жеткіліксіз, бірақ сюжет құрылысының схематикалығы жайында көп айтуға болады. Дегенмен Қытай драматургиясының жас екенін ұмытпауымыз керек, онда "4 мамыр қозғалысының" әдеби ерекшелігін байқауға

болады. Онда революцияның лебі, ескі әлеммен қақтығыстағы әскери рухы мен жоғары гуманизм жайында айтылады.

Әдебиеттегі көптеген шығармалардан жазушылардың даралық өзгешелігін байқаймыз. Ең бастысы, "4 мамыр қозғалысы" әдебиетіндегі ерекше шығармаларды таңдап алу, сол кездегі қаламгерлердің шығармашылығы сол әдебиетті түсінудің негізгі көзі болып табылады. Оның ішінде Лу Шүн – ерекше тұлға. Оның шығармаларындағы басты кейіпкер – халық. Лу Шүннен басқа көптеген жазушылар Қытайда қазіргі уақытта да атақты, олар жаңа әдебиетті жасады, еңбекші адамның реалистік өмірі жайында жазды.

Лу Шүннен бастап Қытай шығармасындағы жаңа, сыншыл реализмде ұлттық дәстүр сақталды. Реалистік жазушылар шетел әдеби формасын қайталамауға тырысты. Олардың шығармалары – жаңашыл, бірақ Қытайдың дәстүрлі формасында жазылған. Әдеби зерттеу қоғамының ұйымдастырушысы, жазушы Е Шау Цзюдың шығармасы жаңашыл бағытта болды.

XX ғасырда Лу Шүннің көркемдік өнерінің дамуы басталды. 1923 жылы оның "Айқай" жинағы шықты, 1926 жылы "Сергелден" жинағы шықты. Сол кездегі жағдайды былай суреттейді: 1919 жылы "4 мамыр қозғалысынан" бастап, 1925 жылы "30 мамырға" дейін Қытай интеллигенциясы арасында екінші "Ұлы құлдырау" басталды. Осы жолы Қытайдың жаңа мен ескі арасындағы айырмашылығы жайында емес, жаңа мәдениеттің өз ішінде қайшылықтар басталды: бір жағынан, жұмысшылар мен шаруалар лагері – көпшілік халық, екінші жағынан, феодалдық ескіліктің қалдығына сүйенген буржуазиялық лагерь. Жаңа реакцияшыл идеология жаңаланып, еуропаланған немесе "4 мамыр қозғалысымен" рухтанған Лу Шүн өзімен жастарды алып жүріп, феодалдық жаңа қорғаушыларды қаһарлы күшпен басып тастады. 1925 жылы наурызда Сюй Гуан Пиң атты әйелге оның қаруы қалам мен қауырсын болса да, бірақ әлі де ескіні жоюға дайын екендігі туралы жазды. Ол осылай Қытай интеллигенциясына өзінің мемлекетін шынайы танып, халқының шын сырын білуге көмектесті. Адамдар "Жындының күнделігі", "Қуң И-Жи", «Жабайы шөптер» шығармалары арқылы қатігез шындықты көре алды. 1920 жылы "Кішкентай оқиғаны" оқыды, бұл шығармалар Рикшидің жақсы істері

жайында, оның образы еңбекші халықтың асыл ішкі дүниесін таңбалады.

1921 жылы Лу Шүннің "АҚ-дың шынайы өмірі" повесі басып шығарылды. Кейіпкердің аты тұрақты атқа айналды. Бұл шығармада Лу Шүннің суретші ретіндегі ерекшелігі байқалды, классикалық Қытай романдарының ұлттық дәстүрлігі мен жаңа әдістегі жазбаның үйлесімді бірігуі, қатал ұстанымдылығы, Чеховті еске алатын ойының нақтылығы байқалды.

"Жындының күнделігінде" жазушының шығармашылығында философияның енуі байқалады. "АҚ-дың шынайы өмірінде" "4 мамыр қозғалысын" шарпып өтіп, XX ғасырдың бірінші онжылдығындағы Қытай қоғамының философиялық идеясы беріледі. Шаруа АҚ сол қоғамның моральдық жағдайын бейнелейді. Автор кейіпкерді кінәлауға құштарланды. Жазушының көрген шынайы өмірі қатыгездіктен тұратын еді, осы шындықты тек елін шынымен сүйген жазушының ғана айтуға шамасы келетін. Лу Шүннің осыған құқы болды: ол В.И. Лениннің, Чернышевскийдің мақаласы жайында "Ұлттың намысын ұстанған қайраткерлер жайында" шығармасындағы сөздерді қолданады. АҚ-дың күрделі образы тәуелділік пен ауытқыған әлемнің әдебиетіне енді, "акюизм" термині ішкі жан дүниенің құлдық жағдайын, шынайы соғысқа деген ерікті босатып, "моральдық жеңіс" пен құлдық, тәуелділікті ақтауды білдірді. Бұл термин "донкихоттық", "обломовщина", "хлестаковщина" деген түсініктер сияқты әйгілі болды.

Егер "Жындының күнделігінде" жазушы тек "Адам жейтін қоғам" жайында жазса, басқа шығармаларында "Адам жейтін қоғамның" әртүрлі суретін бейнелеген.

Поэзияда да "4 мамыр қозғалысы" әдебиетінің әскери дәстүрі өзегіне айналды, бұл әсіресе 1919-1927 жылдар кезеңіндегі Го Мо Ро шығармашылығында кездеседі. 1921 жылы Го Мо Ро -дың «Перизат» өлеңдер жинағы шықты, екі жылдан кейін, «Қайта қалпына келу», «Жұлдызды кеңістік» өлеңі жинаққа кірді. Ақынның бүлікшілік, романтикалық өлеңдері абстрактілі болды. Онда символизмнің әсері қатты байқалды. Олардың оңтайлылыққа толы ішкі күшінің арқасында жаңа әлемді туғызатын гимн ретінде естілді. Ақын «Жер-Ана» өлеңінде қайғы мен мұңға толы қараңғылықты әшкерелейді. Оның өлеңдерінде

грек мифологиясы мен Қытай аңызындағы кейіпкер образы байланыстырылады. Бұл жаңа өлеңдер ескіден алшақтаған поэзияға ұқсамайды. Го Мо Ро өлеңдерінде Уитменнің ұлы рухы тек кейіпкердің кейпінде ғана емес, өлеңнің еркін, түрлі ырғақтық формасында байқалады.


Го Мо Роның поэзиясындағы азаматтық кескін-келбет шынайы, әлемді лирикалық тұрғыда, табиғатқа зейінмен қарауды ұсынады. Бұл лиризм ақынды еш уақытта тастамаған, басқа жинақтарында оның поэзиясының келешекке деген сенімі нақты айқындалады: ақын "жарқын күн" келетініне сенеді, "біздің қанымыз бен беріміз төгілген асфальттың орнына вулкан атқылайды, сөйтіп, халық батырларымен бірге болады", – дейді ол, ақырында олармен бірге болып 1924 жылы революцияға қатысты. Го Мо Роның өлеңдері Қытай поэзиясына әсерін тигізді. Ол жаңа поэзияның басы болды. Онда революциялық мазмұны ұлттық форма жалғасын тапты, бұл пішін ғасыр бойы өзгермей, Қытай өлеңдерінде жалғасып жатты.

"4 мамыр қозғалысының" негізгі ерекшелігі революциялық гуманизм, халықтың өмірінің шынайы бейнеленуі және қараңғылықты аяусыз әшкерелеу. Дегенмен пафостық тұрғыда әлі де әлсіз, өйткені жазушылар 1919 жылы майданнан кейін күрделі феодализмге қарсы шыққан, Қытай халқын өзімен алып жүрген топты білмеген.

### ***Түсініктеме***

– **Декаданс** (Үлгі:Lang-fr - түңілу) – ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы өмірден түңілу, келешектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, Еуропа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы. ХХ ғ. модернизм ұғымымен байланыстырылған кейбір бағыттардан декаданс өзінің ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

## Дәріске қатысты қаламгерлер



Чың Фаң У (1897 ж. 24 тамыз – 1984 ж. 17 мамыр), бұрын Чен Хао деген атпен белгілі, қытай ағартушысы, революционер, жазушы. Чың Фаң У алғашқы жылдарында Жапониядағы Токио Императорлық университетінде оқып, әдеби шығармашылық іс-шараларға қатысқан. Ол Тапқырлау қоғамының негізін қалаушылардың бірі болды. Қытайға оралғаннан кейін ол Уампоа әскери академиясының қару-жарақ департаменті директорының міндетін атқарушы қызметін атқарды. 1928 жылы Қытай Коммунистік партиясының қатарына кірді, кейін Шэньбэй мемлекеттік мектебінің директоры, Солтүстік Қытай Біріккен университетінің директоры және Солтүстік Қытай университетінің вице-президенті қызметтерін атқарды. Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін Қытайдың Жэньминь университетінің вице-президенті және президенті, Солтүстік-шығыс педагогикалық университетінің президенті және Шаньдун университетінің президенті қызметтерін атқарды. Негізгі еңбектері: «Шоу Суй» (роман) 1929 ж., «Қаңғыбас» (романдар мен өлеңдер жинағы), 1927 ж., «Әдебиет пен өнер сыны» (эсселер жинағы) 1928 ж., «Ұзақ жорық туралы естеліктер» (мемуар) 1977 ж., «Сұр түсті құс» 1922 ж. және т.б.



**Әйгілі ақын, драматург Тянь Хан (田汉 Tian Han 1898–1968)**

Тянь Хан 1898 жылы 12 наурызда Хунан өлкесінің Чаңша қаласында ақсүйек отбасында дүниеге келген. Шын аты – 寿昌 (Shòuchāng). Ол – Қытайдың көрнекті драматургі, режиссер, кинематографист және әйгілі ақын әрі аудармашысы. 1916 жылы Жапонияға оқуға барады. Сол жерде Жапонияның әдебиетін зерттейді. Қытайға қайтар шағында Го



Мо Ромен бірігіп «Тапқырлау» қоғамында қызмет атқарады. 1922 жылы Тиян Хан өз отанына оралады. Кейін ол 1926 жылы «Оңтүстік Қытай фильмі» қоғамын құрып, жетекшісі болады. Бұл қоғамның басты міндеті – Қытайдың жаңашыл драматургиясын дамытып, пьесалық қойылымдармен елдің назарына ие болу. 1928 жылы Қытайдың оңтүстігінде көркемөнер колледжінің негізін қалады. Кейін 1930 жылы Қытайдың Солқанат жазушылар одағының құрамына мүшелікке кірді. Сол жерде жүріп, 1930 жылы наурыз айында «Біз өзімізді өзіміз сынауымыз керек» деген мақаласын жарыққа шығарды. Бұл мақаласының көтерген басты тақырыбы – буржуазиялық тап өкілдерінің қара халықты менсінбейтін идеясын синтезге алып, сынау болды. Ол, сонымен қатар, «барлығымыз бір күш біріктіріп, жапондықтарға қарсы шығуымыз керек», – деген ұран тастады. Осылайша, Тиян Хан өзінің нағыз отаншыл-патриот екендігін дәлелдеді. Оның бірқатар пьесалары Қытайдың атақты театрларында және мектеп драмалық ұйымдарында қойылып отырған. Мұндай пьесаларға: «Ғажайып адамгершілік», «Тасқын», «Айлы соната», «Қоңырау сыңғырлайды», «Боранды кездегі жеті әйел» және 1934 жылғы «Янцзы өзеніндегі дауыл» драмасы жатады.

1938 жылы Жапонияға қарсы соғыс басталған соң, ол соғыста әскери-саяси бөлімшенің орынбасары болды. Осы уақыттарда ақын сол кездегі Қытайдың премьер-министрі Чжоу Энлаймен кездесті. Осылайша, премьер-министрдің бекітуімен соғыс бөлімінде театрланған қойылым қоятын ұйым құрып, оны өзі тікелей басқарды.

1949 жылы Тиян Хан Пекин дәстүрлі опера мектебінің президенті болды. 1966-1976 жылдары болған мәдени төңкеріс кезінде Тиян Хан Лин Бяо бастаған төрттік топтың қудалауымен қастандыққа ұшырап, 1968 жылы 10 желтоқсанда абақтыда қаза тапты. Біраз уақыттан кейін, 1979 жылы Тиян Хан Қытай билігі тарапынан ақталды.

## Асқан талантты жазушы Лау Шы (老舍lao She1899-1966)



Әуелгі аты – Shu Qingchun 舒庆春 ;лақап аты – Shū Qìngchūn, ұлты – манзу. 1899 жылғы 3 ақпан – 1966 жылғы 24 тамыз аралығында өмір сүрген, ал әдебилақап аты – **Лау Шы** ретінде танылған (老舍; пиньин: Lǎo Shě). Атақты Қытай жазушысы әрі драматургі өз ғұмырында ХХ ғасыр Қытай әдебиетіндегі ең бір маңызды

тұлғалардың бірі ретінде белгілі болды. Жазушыны танымал еткен оның өзіндік төлқұжаты – «Арбакеш бала» романы мен «Шайхана» (茶館) қойылымы болса керек. 1918–1924 жылдар аралығында Пекин мен Тяньцзин қалаларының көптеген бастауыш және орта мектептерінде Лау Шы әкімші және мұғалімдік қызмет атқарды. Оған 1919 жылғы «4 мамыр қозғалысы» қатты әсер еткен болатын. Ол кезінде былай деп жазып кеткен еді: «4 мамыр қозғалысы» маған жаңа рух пен жаңа әдеби тіл берді. Менің автор болуыма ықпал еткендігі үшін өз басым «4 мамыр қозғалысына» алғыс айтамын».

1924 жылы ол Лондон университетінің Шығыстану институтында қытай тілінде лекция оқыды. 1924–1929 жылдар аралығында Лондонда болған кезінде ол өзінің көп уақытын ағылшын әдебиетін оқумен өткізді (әсіресе, Чарльз Диккенсті сүйіп оқитын) және қолына қалам алып, жазушылықпен айналыса бастады.

Кейін оның «二马» («Анасы мен баласы») романы жарық көрді. 1929 жылдың жазында Англияны тастап, Сингапурге барды. Сонда қытайлықорта мектепте сабақ берді. 1930 жылы елге оралғаннан кейін ол 1937 жылға дейін бірнеше жоғарғы оқу орындарында жұмыс істеді. Чилу және Шандунь университеттерінде лекция оқыды.

1938 жылы наурыз айында Бүкілмемлекеттік әдеби көркемөнер бірлестігінің Жапонға қарсы бөлімшесі құрылған болатын. Лау Шы осы бірлестіктің іс жүргізушісі болып қызмет атқарды. 1939 жылы Лау Шы Бүкілмемлекеттік Жапонға қарсы

комитеттерді аралады. 1946 жылы ол АҚШ үкіметінің шақыруымен сонда бірнеше лекция оқыды.

1949 жылы қазан айында Жоу Ынлай жазушыны Отанға шақырған болатын. 1949 жылдың 9 желтоқсанында Лау Шы өз еліне оралды. 1951 жылы 23 желтоқсанда Пекин Халық Үкіметі Лау Шыға «Халық көркемөнершісі» деген атақ берді. Алайда Қытайдағы «Мәдениет төңкерісі» жылдары «төрттікбанданың» былық істеріне қатысы бар деп айыпталып, 1966 жылы қайтыс болды.

Лао Шы – осы заманғы Қытайдың ірі жазушыларының бірі. Оның туындылары өз отанындағы оқырмандар арасында ғана емес, сонымен бірге алыс шетелде де әлдеқашан мойындалды. Шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды: ағылшын, жапон, орыс, итальян, чех, поляк және тағы басқа. Лао Шы бойына қытай мәдениетінің халықтық дәстүрлерін сіңіре отырып, оқырмандардың жүректерін жұмсақ әзілмен, өткір сықақпен баурады. Оларда жазушының анайылықпен, тоғышарлықпен ымырасыз кескілесуі көрінеді. Жазушыны танымал еткен ең атақты романы «骆驼祥子» (олБатыста «Түйе бала» немесе «Арбакеш» деп те белгілі) 1936 жылы басылып шықты. Ол 1920 жылдары Пекиндегі арбакеш баланың аянышты өмірін, ауыр тағдырын ашына бейнелейді. Негізгі көтерген тақырыбы таптық көзқарастың сол кездің қоғамында үлкен рөл ойнауы, қала тұрғындарының әлеуметтік теңсіздік мәселесі болды. 1945 жылы бұл романның ағылшынша нұсқасы ең өтімді тауарға айналды. Бұл рұқсат етілмеген нұсқа болатын. 1982 жылы оныңтүпнұсқасы негізінде дәл сол атаумен фильм түсірілді.



## VI. 5. Атақты драматург Цао Үй (曹禺CaoYu 1910–1996)

Қытай әдебиеті тарихында XX ғ. 30-жылдарында драма жазушылар пайда болды. Цао Үй – көрнекі драматург. Әуелгі аты – (万家宝 Wan jia bao). Ата-бабасының жері ХуБи провинциясы, ал өзі Тянь Жын қаласының тумасы. Феодал отбасында дүниеге келген. Ол кішкентайынан әдебиетке және драматургияға әуес

болды. Көптеген әдебишығармалармен танысқан. Ол анасымен бірге театр қойылымдарын жиі көрген. Дәстүрлі театр өнерін кішкентайынан ұнатыптамашалаған. 1922 ж. емтихан тапсырып, Тяньжин Нанкай орта мектебіне оқуға түседі. Нанкай драма театрына жұмысқа кірді. Сахналық өмірі басталды. Сонымен қатар, Нанкай апталық журналында редактор болды. Тяньжинда «庸报» журналында қызмет етті.

1928 ж. Нанкай университетінің саясаттану факультетіне түсті. Сол жылы Нанкай университетінен Чиң Хуа университеті шетел әдебиет факультетіне ауысты.

Ол грек және әлем драматургтерін қызыға оқыды. Драма жазудың жаңа стилін Қытайға алып келді. 1933 ж. университет бітіру қарсаңында оның ең атақты драмасы «Найзағай» («雷雨») (бес жыл жазылған) жарық көрді. Бұлдрамада жазушы жер иелерінің озбырлығын, ақсүйектердің, жоғары тап өкілдерінің өмірін сынады. Университет бітіріп, Хубейдағы мектепке мұғалім болды. Көп ұзамай емтиханнан өтіп, магистратураға түсті. Бір жыл магистратура оқып, оқу жоспарының дұрыс болмауынан оқуын тоқтатты. 1934 ж. қыркүйекте Хубей Қыздар педагогикалық институтында шет тілдер факультетіне мұғалім болды. 1935 ж. көктемде «日出» драмасы шықты. Бұлдрамасында қала өмірін сынады. 1936 ж. әдеби «大公报» журналы жағынан марапатталды. 1936 ж. мемлекеттік 南京 театр зерттеу қызметіне орналасты. 1936 ж. қыста тағы бір атақты драмасы «原野» жарыққа шықты. Бұл драмасында диқандардың помещиктерге деген өшпенділігін сюжет етіп алды. Жапон соғысы басталғаннан кейін, 1938 ж. ақпан айында Чхончиң қаласына барып, шығармашылығының екінші жағын дамытты. 1938 ж. 27 наурызда Жапонға қарсы тұру комитетінде іс басқарушы қызметін атқарды. 1938 ж. жаз-күз айларында «总动员» деп аталатын төрт бөлімді драмасын «黑子二十八» деп өзгертті. Бұл драмада Жапон тыңшыларының сатқындарды қалай өлтіргені жайлы жазды.

1939 ж. оның «蜕变» деген атақты драмасы шықты. Бұл драмада Гоминьданпартиясының әрекетін жариялады.

1943 ж. 3 бөлімнен тұратын «北京人» деп аталатын драмасы жарық көрді. Жапонға қарсы соғыста феодалдар отбасында дүниеге келген адамның өмірінсипаттады.

1947 ж. Ба Жынның «家» романын драмаға өзгертті.

1946 ж. Америка өкіметі қызметке шақырып, 1946-48 жж. Америкада сабақ берді. 1949 ж. кейін Цао Үй ел ішінде қызмет атқарып, 1956 ж. коммунистік партияға мүше болды. Әдебиет, көркемөнер, драма бағытында қызмет етті. 1954 ж. жоғары мансаптылар идеясымен «明亮的天» шығармасын жазды. Осы шығармасы арқылы Мемлекеттік сыйлық алды. 1962 ж. «胆劍篇» драмасы, 1976 ж. «王昭君» драмасы жарыққа шығып, осылайша Цао Үй шығармашылығы шырқау биікке көтерілді.

– *Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар*

➤ **Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Қоғам мүшелері не себепті «Конфуций жолын» ұстанған әдебиетке қарсы болды?
2. Жапониядағы Қытай студенттерінің драмалық тобы қашан және не мақсатпен құрылды?
3. Ақын Го Моронның өлеңдері немен ерекшеленді?
4. Тапқырлау тобының негізгі мақсаты неде?

➤ **Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Чың Фаң 二马 («Анасы мен баласы»)

Цао Үй 丽人行 (Ғажайып адамгершілік)

Лау Шы 灰色的鸟 (Сұр түсті құс) Гиян Хан 雷雨 (Найзағай)

➤ **Тест**

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. Го Моро қай өлеңінде қайғы мен мұңға толы қараңғылықты ашкерелейді?  
А. Перизат  
В. Жер-Ана  
С. Жұлдыздар
2. Лу Шүн шығармаларының басты кейіпкері кім?  
А. Жастар  
В. Жазушылар  
С. Халық

3. «Тапқырлау» журналының бірінші нөмірі қашан басылып шықты?  
А. 1921 жылы  
В. 1922 жылы  
С. 1923 жылы
4. Лу Шүннің қай шығармасында XX ғасырдың бірінші онжылдығындағы Қытай қоғамының философиялық идеясы берілді?  
А. АҚ-дың шынайы өмірі  
В. Жындының күнделігі  
С. Дәрі
5. Чжэнь Боцидің "Тойтарыс" пьесасында не жайында айтылды?  
А. буржуазиялық көзқарасты жою туралы  
В. марксистік идеямен қаруланған жастар туралы  
С. империализмге деген жеккөрушілік туралы
6. «Менің марксистік көзқарасым» атты мақаланың авторы кім ?  
А. Чжень Дусю  
В. Го Моро  
С. Ли Дачжау
7. «Біз капитализмнің улы айдаһарымен күресеміз!» деп ұран тастағанқай жазушы?  
А. Лу Шүн  
В. Го Моро  
С. Хуаң Зунчиян
8. «Әдебиетті зерттеу қоғамына» неше жазушы мүше болып кірді?  
А. 12  
В. 15  
С. 18

### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1. Тиян Хан құрған «Оңтүстік Қытай фильмі» қоғамының мақсаты мен міндеттері
2. Жазушы Чың Фаң У-дың 1927-1937 жылдар аралығында жазған туындылары
3. Қытай атақты жазушысы Лао Шының шығармашылығы
4. Цао Үйдің ең атақты «Найзағай» драмасының мазмұны  
– **Көркем оқу**  
– 老舍 «骆驼祥子»

## 第十六章

闲到元宵节，祥子没法再忍下去了。

虎妞很高兴。她张罗着煮元宵，包饺子，白天逛庙，晚上逛灯。她不许祥子有任何主张，可是老不缺着他的嘴，变法儿给他买些作些新鲜的东西吃。大杂院里有七八户人家，多数的都住着一间房；一间房里有的住着老少七八户。这些人有的拉车，有的作小买卖，有的当巡警，有的当仆人。各人有各人的事，谁也没个空闲，连小孩子们也都提着小筐，早晨去打粥，下午去拾煤核。只有那顶小的孩子才把屁股冻得通红的在院里玩耍或打架。炉灰尘土脏水就都倒在院中，没人顾得去打扫，院子当中间儿冻满了冰，大孩子拾煤核回来拿这当作冰场，嚷闹着打冰出溜玩。顶苦的是那些老人与妇女。老人们无衣无食，躺在冰凉的炕上，干等着年轻的挣来一点钱，好喝碗粥，年轻卖力气的也许挣得来钱，也许空手回来，回来还要发脾气，找着缝儿吵嘴。老人们空着肚子得拿眼泪当作水，咽到肚中去。那些妇人们，既得顾着老的，又得顾着小的，还得敷衍年轻挣钱的男人。她们怀着孕也得照常操作，只吃着窝窝头与白薯粥；不，不但要照常工作，还得去打粥，兜揽些活计——幸而老少都吃饱了躺下，她们得抱着个小煤油灯给人家洗，作，缝缝补补。屋子是那么小，墙是那么破，冷风从这面的墙缝钻进来，一直的从那面出去，把所有的一点暖气都带了走。她们的身上只挂着些破布，肚子盛着一碗或半碗粥，或者还有个六七个月的胎。她们得工作，得先尽着老的少的吃饱。她们浑身都是病，不到三十岁已脱了头发，可是一时一刻不能闲着，从病中走到死

亡；死了，棺材得去向“善人”们募化。那些姑娘们，十六七岁了，没有裤子，只能围着块什么破东西在屋中——天然的监狱——帮着母亲作事，赶活。要到茅房去，她们得看准了院中无人才敢贼也似的往外

跑；一冬天，她们没有见过太阳与青天。那长得丑的，将来承袭她们妈妈的一切；那长得有个模样的，连自己也知道，早晚是被父母卖出，“享福去”！

就是在这个这样的杂院里，虎妞觉得很得意。她是唯一的有吃有穿，不用着急，而且可以走走逛逛的人。她高扬着脸，出来进去，既觉出自己的优越，并且怕别人沾惹她，她不理那群苦人。来到这里作小买卖的，几乎都是卖那顶贱的东西，什么刮骨肉，冻白菜，生豆汁，驴马肉，都来这里找照顾主。

自从虎妞搬来，什么卖羊头肉的，熏鱼的，硬面饽饽的，卤煮炸豆腐的，也在门前吆喊两声。她端着碗，扬着脸，往屋里端这些零食，小孩子们都把铁

条似的手指伸在口里看着她，仿佛她是个什么公主似的。她是来享受，她不能，不肯，也不愿，看别人的苦处。

祥子第一看不上她的举动，他是穷小子出身，晓得什么叫困苦。他不愿吃那些零七八碎的东西，可惜那些钱。第二，更使他难堪的，是他琢磨出点意思来：她不许他去拉车，而每天好菜好饭的养着他，正好象养肥了牛好往外挤牛奶！他完全变成了她的玩艺儿。他看见过：街上的一条瘦老的母狗，当跑腿的时候，也选个肥壮的男狗。想起这个，他不但是厌恶这种生活，而且为自己担心。他晓得一个卖力气的汉子应当怎样保护身体，身体是一切。假若这么活下去，他会有一天成为一个干骨头架子，还是这么大，而膛儿里全是空的。他哆嗦起来。打算要命，他得马上去拉车，出去跑，跑一天，回来倒头就睡，人事不知；不吃她的好东西，也就不伺候着她玩。他决定这么办，不能再让步；她愿出钱买车呢，好；她不愿意，他会去赁车拉。一声没出，他想好就去赁车了。

十七那天，他开始去拉车，赁的是“整天儿”。拉过两个较长的买卖，他觉出点以前未曾有过的毛病，腿肚子发紧，胯骨轴儿发酸。他晓得自己的病源在哪里，可是为安慰自己，他以为这大概也许因为二十多天没拉车，把腿撻生了；跑过几趟来，把腿开，或者也就没事了。

又拉上个买卖，这回是帮儿车，四辆一同走。抄起车把来，大家都让一个四十多岁的高个子在前头走。高个子笑了笑，依了实，他知道那三辆车都比自己“棒”。他可是卖了力气，虽然明知跑不过后面的三个小伙子，可是不肯倚老卖老。跑出一里多地，后面夸了他句：“怎么

着，要劲儿吗？还真不离！”他喘着答了句：“跟你们哥儿们走车，慢了还行？！”

他的确跑得不慢，连祥子也得掏七八成劲儿才跟得上他。他的跑法可不好看：高个子，他塌不下腰去，腰和背似乎是块整的木板，所以他的全身得整个的往前扑着；身子向前，手就显着靠后；不象跑，而象是拉着点东西往前钻。腰死板，他的胯骨便非活动不可；脚几乎是拉拉在地上，加紧的往前扭。

扭得真不慢，可是看着就知道他极费力。到拐弯抹角的地方，他整着身子硬拐，大家都替他攥着把汗；他老象是只管身子往前钻，而不管车过得去过不去。



拉到了，他的汗劈嗒啪嗒的从鼻尖上，耳朵唇上，一劲儿往下滴嗒。放下车，他赶紧直了直腰，咧了咧嘴。接钱的时候，手都哆嗦得要拿不住东西似的。

在一块儿走过一趟车便算朋友，他们四个人把车放在了一处。祥子们擦擦汗，就照旧说笑了。那个高个子独自了半天，干嗽了一大阵，吐出许多白沫子来，才似乎缓过点儿来，开始跟他们说话儿：

"完了！还有那个心哪；腰，腿，全不给劲喽！无论怎么提腰，腿抬不起来；干着急！"

"刚才那两步就不离，你当是慢哪！"一个二十多岁矮身量的小伙子接过来："不屈心，我们三个都够棒的，谁没出汗？"

高个子有点得意，可又惭愧似的，叹了口气。

"就说你这个跑法，差不离的还真得教你给撅①了，你信不信？"另一个小伙子说。"岁数了，不是说着玩的。"

高个子微笑着，摇了摇头："也还不都在乎岁数，哥儿们！"

我告诉你一句真的，干咱们这行儿的，别成家，真的！"看大家都把耳朵递过来，他放小了点声儿："一成家，黑天白日全不闲着，玩完！瞧瞧我的腰，整的，没有一点活软气！还是别跑紧了，一咬牙就咳嗽，心口窝辣蒿蒿的！甭说了，干咱们这行儿的就得它妈的打一辈子光棍儿！连它妈的小家雀儿都一对一对儿的，不许咱们成家！还有一说，成家以后，一年一个孩子，我现在有五个了！全张着嘴等着吃！车份大，粮食贵，买卖苦，有什么法儿呢！不如打一辈子光棍，犯了劲上白房子，长上杨梅大疮，认命！一个人，死了就死了！这玩艺一成家，连大带小，好几口儿，死了也不能闭眼！你说是不是？"他问祥子。

祥子点了点头，没说出话来。

这阵儿，来了个座儿，那个矮子先讲的价钱，可是他让了，叫着高个子："老大哥，你拉去吧！这玩艺家里还有五个孩子呢！"

高个子笑了："得，我再奔一趟！按说可没有这么办的！得了，回头好多带回几个饼子去！回头见了，哥儿们！"

看着高个子走远了，矮子自言自语的说："混它妈的一辈子，连个媳妇都摸不着！人家它妈的宅门里，一人搂着四五个娘们！"

"先甭提人家，"另个小伙子把话接过去。"你瞧干这个营生的，还真得留神，高个子没说错。你就这么说吧，成家为干吗？能摆着当玩艺儿看？不能！好，这就是楼子②！成天啃窝窝头，两气夹攻，多么棒的小伙子也得爬下！"听到这儿，祥子把车拉了起来，搭讪着说了句："往南放放，这儿没买卖。"

"回见！"那两个年轻的一齐说。

祥子仿佛没有听见。一边走一边踢腿，胯骨轴的确还有点发酸！本想收车不拉了，可是简直没有回家的勇气。家里的不是个老婆，而是个吸人血的妖精！天已慢慢长起来，他又转晃了两三趟，才刚到五点钟。

他交了车，在茶馆里又耗了会儿。喝了两壶茶，他觉出饿来，决定在外面吃饱再回家。吃了十二两肉饼，一碗红豆小米粥，一边打着响嗝一边慢慢往家走。准知道家里有个雷等着他呢，可是他很镇定；他下了决心：不跟她吵，不跟她闹，倒头就睡，明天照旧出来拉车，她爱怎样怎样！

一进屋门，虎妞在外间屋里坐着呢，看了他一眼，脸沉得要滴下水来。祥子打算合合稀泥，把长脸一拉，招呼她一声。可是他不惯作这种事，他低着头走进里屋去。她一声没响，小屋里静得象个深山古洞似的。院中街坊的咳嗽，说话，小孩子哭，都听得极真，又象是极远，正似在山上听到远处的声音。

俩人谁也不肯先说话，闭着嘴先后躺下了，象一对永不出声的大龟似的。睡醒一觉，虎妞说了话，语音带出半恼半笑的意思："你干什么去了？整走了一天！"

"拉车去了！"他似睡似醒的说，嗓子里仿佛堵着点什么。

"呕！不出臭汗去，心里痒痒，你个贱骨头！我给你炒下的菜，你不回来吃，绕世界胡塞去舒服？你别把我招翻了，我爸爸是光棍出身，我什么事都作得出来！明天你敢再出去，我就上吊给你看看，我说得出来，就行得出来！"

"我不能闲着！""你不会找老头子去？""不去！""真豪横！"

祥子真挂了火，他不能还不说出心中的话，不能再忍：

"拉车，买上自己的车，谁拦着我，我就走，永不回来了！"

"嗯——"她鼻中旋转着这个声儿，很长而曲折。在这个声音里，她表示出高傲与轻视祥子的意思来，可是心中也在那儿绕了个弯儿。她知道祥子是个——虽然很老实——硬汉。

硬汉的话是向不说着玩的。好容易捉到他，不能随便的放手。

他是理想的人：老实，勤俭，壮实；以她的模样年纪说，实在不易再得个这样的宝贝。能刚能柔才是本事，她得版霜③他一把儿："我也知道你是要强啊，可是你也得知道我是真疼你。

你要是不肯找老头子去呢，这么办：我去找。反正就是他的女儿，丢个脸也没什么的。"

"老头要咱们，我也还得去拉车！"祥子愿把话说了到家。

虎妞半天没言语。她没想到祥子会这么聪明。他的话虽然是这么简单，可是显然的说出来他不再上她的套儿，他并不是个蠢驴。因此，她才越觉得有点意思，她颇得用点心思才能拢得住这个急了也会尥蹶

④的大人，或是大东西。她不能太逼紧了，找这么个大东西不是件很容易的事。她得松一把，紧一把，教他老逃不出她的手心儿去。"好吧，你爱拉车，我也无法。你得起誓，不能去拉包车，天天得回来；你瞧，我要是一天看不见你，我心里就发慌！答应我，你天天晚上准早早的回来！"

祥子想起白天高个子的话！睁着眼看着黑暗，看见了一群拉车的，作小买卖的，卖苦力气的，腰背塌不下去，拉拉着腿。他将来也是那个样。可是他不至于再别扭她，只要能拉车去，他已经算得到一次胜利。"我老拉散座！"他答应下来。

虽然她那么说，她可是并不很热心找刘四爷去。父女们在平日自然也常拌嘴，但是现在的情形不同了，不能那么三说两说就一天云雾散，因为她已经不算刘家的人。出了嫁的女人跟娘家父母总多少疏远一些。她不敢直入公堂的回。万一老头子真翻脸不认人呢，她自管会闹，他要是死不放手财产，她一点法儿也没有。就是有人在一旁调解着，到了无可如何的时候，也只能劝她回来，她有了自己的家。

祥子照常去拉车，她独自在屋中走来走去，几次三番的要穿好衣服找爸爸去，心想到而手懒得动。她为了难。为自己的舒服快乐，非回去不可；为自己的体面，以不去为是。假若老头子消了气呢，她只要把祥子拉到人和厂去，自然会教他有事作，不必再拉车，而且稳稳当当的能把爸爸的事业拿过来。她心中一亮。假若老头子硬到底呢？她丢了脸，不，不但丢了脸，而且就得认头作个车夫的老婆了；她，哼！和杂院里那群妇女没有任何分别了。她心中忽然漆黑。她几乎后悔嫁了祥子，不管他多么要强，爸爸不点头，他一辈子是个拉车的。想到这里，她甚至想独自回娘家，跟祥子一刀两断，不能为他而失去自己

的一切。继而一想，跟着祥子的快活，又不是言语所能形容的。她坐在炕头上，呆呆的，渺茫的，追想婚后的快乐；全身象一朵大的红花似的，香暖的在阳光下开开。不，舍不得祥子。任凭他去拉车，他去要饭，也得永远跟着他。看，看院里那些妇女，她们要是能受，她也能受。散了，她不想到刘家去了。

祥子，自从离开人和厂，不肯再走西安门大街。这两天拉车，他总是出门就奔东城，省得西城到处是人和厂的车，遇见怪不好意思的。这一天，可是，收车以后，他故意的由厂子门口过，不为别的，只想看一眼。虎妞的话还在他心中，仿佛他要试验试验有没有勇气回到厂中来，假若虎妞能跟老头子说好了的话；在回到厂子以前，先试试敢走这条街不敢。把帽子往下拉了拉，他老远的就溜着厂子那边，唯恐被熟人看见。远远的看见了车门的灯光，他心中不知怎的觉得非常的难过。想起自己初到这里来的光景，想起虎妞的诱惑，想起寿日晚间那一场。这些，都非常的清楚，象一些图画浮在眼前。在这些图画之间，还另外有一些，清楚而简短的夹在这几张中间：西山，骆驼，曹宅，侦探……都分明的，可怕的，联成一片。这些图画是那么清楚，他心中反倒觉得有些茫然，几乎象真是看着几张画儿，而忘了自己也在里边。及至想到自己与它们的关系，他的心乱起来，它们忽然上下左右的旋转，零乱而迷糊，他无从想起到底为什么自己应当受这些折磨委屈。这些场面所占的时间似乎是很长，又似乎是很短，他闹不清自己是该多大岁数了。他只觉得自己，比起初到人和厂的时候来，老了许多许多。那时候，他满心都是希望；现在，一肚子都是忧虑。不明白是为什么，可是这些图画决不会欺骗他。

眼前就是人和厂了，他在街的那边立住，呆呆的看着那盏极明亮的电灯。看着看着，猛然心里一动。那灯下的四个金字——人和车厂——变了样儿！他不识字，他可是记得头一个字是什么样子：象两根棍儿

联在一处，既不是个叉子，又没作成个三角，那么个简单而奇怪的字。由声音找字，那大概就是“人”。这个“人”改了样儿，变成了“仁”——比“人”更奇怪的一个字。他想不出什么道理来。再看东西间——他永远不能忘了的两间屋子——都没有灯亮。

立得他自己都不耐烦了，他才低着头往家走。一边走着——一边寻思，莫非人和厂倒出去了？他得慢慢的去打听，先不便对老婆说什么。回到家中，虎妞正在屋里嗑瓜子儿解闷呢。

"又这么晚！"她的脸上没有一点好气儿。"告诉你吧，这么着下去我受不了！你一出去就是一天，我连窝儿不敢动，一院子穷鬼，怕丢了东西。一天到晚连句话都没地方说去，不行，我不是木头人。你想主意得了，这么着不行！"

祥子一声没出。

"你说话呀！成心逗人家的火是怎么着？你有嘴没有？有嘴没有？"她的话越说越快，越脆，象一挂小炮似的连连的响。

祥子还是没有话说。

"这么着得了，"她真急了，可是又有点无可奈何他的样子，脸上既非哭，又非笑，那么十分焦躁而无法尽量的发作。

"咱们买两辆车赁出去，你在家吃车份儿行不行？行不行？"

"两辆车一天进上三毛钱，不够吃的！赁出一辆，我自己拉一辆，凑合了！"祥子说得很慢，可是很自然；听说买车，他把什么都忘了。

"那还不是一样？你还是不着家儿！"

"这么着也行，"祥子的主意似乎都跟着车的问题而来，"把一辆赁出去，进个整天的份儿。那一辆，我自己拉半天，再赁出半天去。我要是拉白天，一早儿出去，三点钟就回来；要拉晚儿呢，三点才出去，夜里回来。挺好！"

她点了点头。"等我想想吧，要是没有再好的主意，就这么办啦。"

祥子心中很高兴。假若这个主意能实现，他算是又拉上了自己的车。虽然是老婆给买的，可是慢慢的攒钱，自己还能再买车。直到这个时候，他才觉出来虎妞也有点好处，他居然向她笑了笑，一个天真的，发自内心的笑，仿佛把以前的困苦全一笔勾销，而笑着换了个新的世界，象换一件衣服那么容易，痛快！

## VII ДӘРІС

### «Жаңа жастар» журналының қытай әдебиетіндегі орны

---

**Сабақтың мақсаты:** «Әдебиетті зерттеу қоғамы» жайлы анықтама беру, «Тапқырлау» қоғамының мүшелерімен танысу

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Чың Фаң Удың «Жаңа әдебиеттің борышы» мақаласы
2. «Улы бедиян» журналы
3. Жаңа ай қоғамының ерекшелігі

**Тірек сөздер:** проза, әдебиет, драма, феодализм, реализм

«Әдебиетті зерттеу қоғамы» көне феодалдық әдебиетке қарсы тұрумен біргетұрпайы сынай алған ойын-сауықшыл әдебиетке де барынша қарсы тұрды. Олар әдебиетті өмір айнасы деп таныды. Оның жарнамасында «Әдебиет пен көркемөнердің ойын-сауықты дәріптейтін шағы өтіп кетті, біз әдебиеттің халыққа қызмет ететіндігіне, оның үстіне оның өмірге аса қажетті қызмет екендігіне сенеміз» делінді. Демек, өмірге пайдалы болуды негізге алу, әдебиет қоғамындағы құбылыстарды, өмірге қатысты мәселелерді бейнелеуі тиіс деп қарау әдебиетті зерттеу қоғамындағылардың біркелкі негізгі позициясы болды. Көркемдік барлығынан биік тұрады деушілердің “Әдебиет көркемдік үшін көркемдікті жаратады” дейтін өмірден аулақтаған көзқарасын мойындамады. Олардың шығармаларының ішінде шынайы өмір тақырып етілді. Шынайы өмірді суреттеген көптеген әңгімелер жазылды. Ал жаңа әдебиетті қалыптастыру жайында нақтылы қуаттамаларда қоғам мүшелерінің пікірі біркелкі болмады. Бір бөлімдер әдебиеттегі көркемдік пен шыншылдықты дәйексіз түрде дәріптеді. Мәселен, “қасы-көзі жас” әдебиетін дәріптеген Жың Жы До оқырмандарды нышансыз оқиды дегенді алға тартты. Бірақ сол кезде негізінен сын мақалалар жазып жүрген Мау Дүн: “Әлеуметтік өмірді бейнелейтін әдебиет қана нағыз әдебиет болады, зиянкестікке ұшыраған мемлекет жазушылары қоғамдағы қараңғылықты, өмірдің қасіретін, жаңа, көне идеялардың қақтығысын байқауға, соны суреттеуге назар

аударуы тиіс” дейтіндәріптемені айқын дәлелдеді. Осыдан кейін кейбір адамдар “4 мамыр” төңкерістік толқынының демеуі мен онан ары ілгерілеп, пролетарлық әдебиет көркемөнерді қалыптастыру керек дейтін идеяны қабылдады. Тапқырлау тәсілі жақта “Әдебиетті зерттеу” қоғамындағылар “Жаңа жастар” журналындағылар сияқты реализм туын биік көтеріп, жаңа әдебиетте шынайылық жазылуын дәріптеді. Материалдың дәл, өткір болуына, өмірді адалдықпен суреттеуіне барынша назар аударды. Бірақ Еуропаның таяу заманғы әдебиеті мен көркемөнер ағымының ықпалына ұшырағандықтан, олар реализм мен табиғилықтың шекарасын парықтай алмады. Сондай-ақ табиғилық реализмнің жаңа дамуы ретінде (Мәселен: “Әдебиет және өмір” тәрізді мақалаларда) дәріптелді. Жаңа әдебиетте жасампаздықты ілгерілете түсу үшін «Әдебиетті зерттеу қоғамындағылар» шетел әдебиетін таныстыруға, зерттеуге баса назар аударды. Шин Иан Биң (Мау Дун) “Әдебиетті зерттеушілердің жауапкершілігі” деген мақаласында батыс әдебиетін таныстырудағы мақсат олардың әдебиеті мен көркемөнерін таныстыруынан туған, қалғаны дүниежүзінің осы заманғы идеясын таныстыру үмітінен туып отыр, ал бұл ең назар аударуға тиісті мақсат. «Көркемдік бәрінен биік тұрады» дейтінді дәріптейтіндердің «көркемдік ең биік нәрсе, өмір жасандылықтан басқа ешнәрсе емес» дейтін идеясын осы заманғы рухқа қарсы демеске болмас. Осындай шығармалар талғамсыз таныстырыла беретін болса, бұл шынында да өте күнсыз іс болады. Сондықтан, таныстырған кезде талғам ең назар аударуға тиісті жақ болуы тиіс деді. Сол рух бойынша «Әдебиетті зерттеу қоғамы» Ресей, Франция, Солтүстік Еуропа, Шығыс Еуропа елдерінің атакты реалистік шығармаларын баса аударып, Пушкин, Толстой, Тургенев, Чехов, Горький, Мопассан (француз жазушысы), Ромэн-Роллан (француз жазушысы), Ибсен (Норвегияның драматургі) сияқтылардың шығармаларын, сонымен бірге өмір үшін дейтін күңгірт идеяны Айбашев Андрей (Ресей жазушысы) сияқты адамдардың өмірге көзқарасы, торығу пиғылына толы, тіпті кертартпалық сыңайы бар шығармаларында таныстырды. Ай сайын шығатын журналдар “Орыс әдебиетінен”, “Француз әдебиетінен” дейтін ерекше айдар ұйымдастырып, “зиянкестікке ұшыраған ұлттық әдебиет” дейтін айдарлар ашты, онан соң

“Тагор”, “Байрон”, “Андерсен” атымен арнаулы сандар шығарды. Журналда жарияланған “Өзгеріс жасау жарнамасында»: “Бүгінгі таңда шынайылықты бейнелейтін шығармаларды таныстыру қажет болып отыр, сонымен бірге, шынайы өмірге беттемейтін шығармаларды да таныстыруға әзірлік көруі тиіс деп есептейміз” делінді.

Осының өзінен де кейінгі кездегі шетел әдебиетін таныстырудың осы беталыс арқылы болғандығын көруге болады. “Тосыннан шыға келді” деп аталған «Тапқырлау» қоғамы алғаш басқаша қуаттамаларды көтерді, олар көркемөнерді зерттеу «өмір үшін бола ма», әлде «көркемөнер бола ма?» дегенайтыста «өмір үшін болады» деушілерді «Әдебиетті зерттеу қоғамы» сияқты айқын жақтамады, Чың Фаң У “Жаңа әдебиеттің борышы” деген мақаласында “Мұндай айтыс есте сақтауға болмайтын айтыс емес еді, егер біз көңілдегіні әдебиеттегі барлық жасампаздықтың қозғаушы күші ететін болсақ, көркемөнер мен өмірдің қайсысы да бір-бірімен арандаспайды, алжасампаздығымыз оларға тіпті құл болмайды” деп есептеді. Го Моро «Тапқырлау» маусымдық «журналының 1-томының екінші санында “Редакторлармен әңгіме” деген мақаласында “біздің жолымыз да, ойымыз да мүлде басқаша, ұқсас болу қажетсіз, біздің өз тілегіміз бойынша көркемөнер қимылымен шұғылданатындығымызда ғана” деді. Бұдан әдебиетте “тілекті ” адалдықпен бейнелеудің қажеттілігін дәріптеу «Тапқырлау» қоғамның алғашқы идеясының ұйытқысы болғандығын, сондай-ақ, бұл олардың өмір мен көркемөнерді біріктіруге пайдаланбақшы болған негізгі тиянағы екенін көруге болады. Осыған байланысты олар “талантқа” табынды. Әдебиетте кемелділік пен көркемдікті дәріптеп, көркемөнер мақсатсыз болады дейтіндерді үгіттеді. Бұл оларды табиғи түрде “Көркемөнер бәрінен биік тұрады” дейтін идеялық ағымның ықпалына ұшыратқандығын түсіндіреді. Мұндай идеяның әдебиетте “Жол-жосын бейнелеу тиіс дейтін” феодалдық көзқарасқа қарсы нәрсе ретіндекөркемөнерге қызығатын жастар арасында таралу белгілі қоғамдық негізге және озық маңызға ие болатын еді. Және бір жағынан шынайы өмір оларға мәндік өріс ашпады, олар “Әдебиеттің өзіндік борышын айтпай, оның дәуірлік борышын ерекше құптап, көне қоғамға аяусыз соққы



беруді, пролетариаттың рухын адамдық қасиетті бірден бір-ақ бейнелеуді» дәріптеді. “Әдебиет дәуірдің ізгілігі, әдебиетшілер ізгі жауынгерлер болуға тиіс”, ал “Тілек” дегеніміз іс жүзінде жауынгерлердің дәуірлік талабы деп есептеді. Бұл дәріптемелер күлкілі өзара қайшылықты бола тұрса да, ол сол кездегі төңкерістік талапқа ие болып, идеясы күңгірт ұсақ буржуазия әуесқойларының ерекшелігін аңғартушы еді. “Тілекті” дәріптеп, өздеріне құрметпен қарауды негізге алғандықтан «Тапқырлау» қоғамындағы жазушылар романтикалық ауқым қалыптастырды. «Тапқырлау» қоғамының мүшесі Жың Бо Чи «Тапқырлау» қоғамындағы жазушылардың романтикаға және осы идеяға бейімделу және олардың осы идеяны дәріптеуі әсте кездейсоқтық емес, біріншіден; олар шетелдерде ұзақ тұрған шетелдердің олқылығын, Қытайдың отарлық азабын әбден білетін, олар екі түрлі ауыр үмітсіздік пен екі түрлі ауырқасіретті терең сезінді, қазіргі қоғамнан әбден жалықты, іштей сырттай тап болған қабат-қабат езгі олардың қарсылығын әбден өршітті, екіншіден, олар шетелдерде ұзақ уақыт тұрғандықтан отанын зарыға сағынды, ал келген соң үмітсіздік басып, онысының түкке тұрғысыз ой екенін аңғарды, келуден бұрын да қасірет шеккен еді. Келген соң қасіретке қасірет жамады. Үшіншіден, олар шетелде де көп тұрғандықтан, шетелдерде таралған идеялар оларға ықпал да сіңірді, философия да ақылдылықтың күйреуі; оларды ақылдылыққа қарсы романтика жолына түсірді” деді. «Тапқырлау» қоғамының мүшелері шетел әдебиетшілері мен философтарының арасында Гетені (неміс ақыны), Гейнені (неміс ақыны), Байронды (ағылшын ақыны), Шелли (ағылшын ақыны), Бетчеманды (ағылшын ақыны), Гюго (француз жазушысы), Ромен Ролланды, Тагорды (үнді ақыны) ұнатты. Олар Германиядағы романтикалық шығармаларды аударып таныстырды, нышаншылардың, бейнешілердің, болашақшылардың, кейбір бөгде нәрселерді де таныстырды, олар табиғилыққа қарсы тұрған кезде “Тұрпайы реализм” ұранын пайдаландыда, нақты пайымдауларда реализмнің құнын түсірді, осының барлығы олардың өздерінің ойын ғана құрмет ететіндіктерімен қатысты еді. «Тапқырлау» қоғамы мен «Әдебиетті зерттеу қоғамы» арасында ежелден туынды жарату, аударма, әдеби сын қатарлы мәселелерде алауыздықтар бар еді.

Бұл жікшілдікті ғана емес, екі түрлі әдеби көркемөнер идеялық ағымы мен ауқымының паркын да бейнелейді. Бірақ екі ұйымның феодализмнің сарыжұртшылдары мен қашық- машықшыларға қарсы тұру жағындағы тұрғысы бүтіндей ұқсас еді, олар әдебиет пен көркемөнер саласындағы сол кездегі кертартпа сынайларға бірге қарсы тұрды. Төңкерістің дамуына байланысты кейінірек «Тапқырлау» қоғамы бұрылыс жасап, пролетариатқа тілектестік білдіріп, төңкерістік әдебиетті дәріптеді. «Әдебиетті зерттеу қоғамы» мен «Тапқырлау» қоғамынан басқа кейбір маңызды ұйымдардың да өзіндік ерекшеліктері мен үлесі болды. Әдебиет пен көркемөнер идеясы мен «Тапқырлау» тенденциясы жағынан алыпайтқанда, олардың дені «Әдебиетті зерттеу қоғамына» және «Тапқырлау» қоғамына» бейімдер болып екі топқа бөлінді; Тіл қоғамы мен Атсыз қоғам «Әдебиетті зерттеу қоғамына» бейімдеу болды; «Оңтүстік қытай», «Қоңырау қоғамы» түрліше дәрежеде «Тапқырлау» қоғамының ықпалына ұшырады.

«Тіл қоғамы» – «Таң газетінің» әдебиет бетімен тығыз қатынас орнатып, бір бөлімі озық зиялылардың оны өкіметтің зерттеу орны уысына алған соң құрған ұйымы өз алдына дербес қуаттамасы болмаса да, оның кейбір қимылдары жаңа әдебиеттерді дамытуға белсенді түрткі жасады. Бұл қоғамдағылар «Тіл қоғамы» журналында фельетон мен санвэньды көбірек жариялап, сынмен шұғылданып, өткір мысқылдық сипат алған «Тіл қоғамын» қалыптастырды. Бұл кейінгі санвэньдерге ықпал жасады Жекелердің құштарлығын дәріптейтін шығармаларды да жариялағаны болмаса, «Тіл қоғамының» жалпы арнасы дұрыс болды. Феодалдық күштермен майдан, әдебиетшілерге қарсы күресбарысында Лу Шүн бастаған «Тіл қоғамының» мүшелері күшті жауынгерлік роль атқарып, барлық өктемдік пен пасықтыққа қарсы рухты бейнеледі. Шетелдердің халықтық әдебиеті мен сатиралық, юморлық әдебиетін таныстыру жағында «Тіл қоғамы» кейбір жұмыстар істеді. «Атсыз қоғамның» көп мүшесі жастар болды. Бұл қоғамның органы болып табылатын журналы «атсыз» деп атау “турасын, көңілдегісін айтуды, шындыққа адал болуды, болашаққа көз жіберуді” негізгі мақсат етті. Бұл қоғам көне күштергесоққы беру жағында «атсыз қоғамға» қарағанда, тіпті де

батыл болды; оқушылар қозғалысымен де біршама тығыз байланыс орнатты, оның журналдарында төменгі жіктегі халықтардың өмірі бейнеленген бірсыпыра шығармаларда жарияланды. Сондай-ақ, бұл қоғам Ресей әдебиетін және Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес әдебиетін таныстыруға ерекше назар аударды. Бірақ аударылып таныстырылған Толстойдың “Әдебиет және төңкеріс” деген шығармасы нашар ықпал тудырды, сонда да қоғамның, шетел озық әдебиетін таныстыру жағында өшпес еңбегі болды. Қатыгез күштерді жеңуде рухани күш ретінде пайдалану үшін «Улы бедиян» журналы арнаулы сандар арқылы Ромен-Ролланды таныстырды, Ницшенің данышпан адамдар болады деген идеясын үгіттеді. Ромен-Ролланның “дүние тұншығып барады, терезені ашыңдар, бостандық ауасы еріп, ерлерге тыныс берсін!” деп жар салғанындай, олар шиеленіскен күрес ішінде аздықтың азабын терең сезініп, төңіректеріне қаһарман достарының топталуын көкседі. Бір-бірін жігерлендіріп, үздіксіз алғабасты. Олардың арасында Гау Шаң Хуң қатарлы ұсақ буржуазияның лебі дарыған жастар Ницше идеясының кертартпа ықпалына терең ұшырап, “қиқарлар” мен “дүниедегі оқшау адамдарды” көкке көтерді. Жынданғандай барлық адамдардан күмәнданып, наразы болды. Барлық адамдармен сайыспақшы болды. «Улы бедиян» журналы бөлініп шығып кеткен соң өз алдына «Сұрапыл дауыл» журналын шығарды және Лу Шүнге шабуыл жасады.

Олардың бір бөлімдері азғындады. Бұл төтенше өршіген дарашылдық идеяның нәтижесі еді.

«Тапқырлау» қоғамына бейімдеу кейбір ұйымдар арасында жағдай тіпті де түрліше болды. “Көркемөнер – көркемөнер үшін” дейтін идеяның ықпалына көп ұшырады. Олар өздерін “көркемөнер серісіміз” десті. «Қоңырау» қоғамындағылардың шынайы өмірге күшті қарсылық көрсетіп отырған рухын және оның адал бүкпесіздігін көбірек қабылдады. Оларда “алғашқы көркем өнер үшін көркемөнер” дейтін идеяның ықпалынан аулақ қала алмаған болатын. “Шөп” журналы алғаш шыққан кездегі редакцияның мақаласында “Дау-шардан сақтану үшін сын ықпалын күшінен қалдыруымыз керек, әдебиет көркемөнердің алуан түрлі болып, жаңбырдан кейінгі даладай құлпыра түсуінен үміт етеміз” деп көрсетілді.

Ал ерте құрылса да қимылға кешірек кіріскен “Жаңа ай” қоғамы әлсіз қытай буржуазиясының жаңа қозғалыстағы бірден-бір өкілдік сипаттағы тобы еді. “Жаңа ай” қоғамының негізгі ерекшелігі Англия мен Америкадағы Қытай оқушылары болатын, олар теңдессіз өрелі көркемдікті көркемөнер мен өмірдің қатынасын астан-кестең етуді уағыздап, “Табиғилықтан көркемөнердің көрінетін кезі көркемөнердің табиғи ажары ашылатын кезі болады”, “Көркемөнер өмір үшін болмастан, өмірдің өзі дәл көркемөнер үшін болады” десті. Олар шынайылықты жазуға қарсы тұрды. “Мүлде шындықты жазу көркемөнерді күйретеді” деп білді. “Нағыз көркемөнерді қалыптастыру үшін көркемөнерді табиғилықтың ажырғысынан құтылдыруды, көркемөнер қағидасының ғана тізгініне көніп, сол тұсау мен билеуге дән риза болды” десті. Поэзия жағында олар өлеңнің екпінділігін дәріштеп, өлеңде әсем музыкалық, көркем сурет, шымыр құрылым болуын қуаттады. “Өлеңнің сыры сөздің шымырлығы мен құбылмалылығында” деп есептеді. “Табиғи екпін шығару”, “ұйқассыз жазу” дейтінді теріске шығарды, драма жағында олар әдебиет төңкерісінің алғашқы дәуірінде “Жаңа жастар” журналы көтерген қуаттамаға қарама-қарсы қуаттама көтеріп, көне Қытай драмаларындағы “үлгілендіріп”, “нышандандырып” ойнау өнерін құптады. Оны нағыз көркемөнердің үлгісі етті. “Жаңа ай” қоғамындағылардың поэзия және драма жақтарындағы, мәселен; ырғақ үлгісі жөніндегі кейбір нақты түсініктерінде белгілі орынды жақтары болды. Кейбіреулері поэзия жақтарында белгілі нәтижеге қол жеткізді. Бірақ “Жаңа ай” қоғамындағылардың әдебиет пен көркемөнер қуаттамаларының назарлық негізі қатерлі еді, олар батыстың “Көркемдік барлығынан биік тұрады” дейтін идеялық ағымының ықпалына терең ұшырады. Бірсыпыра идеалистік, формашылдық уларды сіңіріп алды. Кейін келе олардың пролетариаттық төңкерістің қозғалысына қарсы бағыт алуы әсте кездейсоқ іс емес еді. Жоғарыда баяндалған әр алуан ұйымдар мен топтардың жанданып кетуі жазу жұмысында табиғи түрде бейнеленіп, жасампаздықта өзгеріс тудырды. 1921 жылдан кейінгі әдебиет жасампаздығында ілгерілеу болды, авторлар қатары ұлғайды. Шығармалар саны да молықты, әңгіме жазу жағында Лу Шүн «Сүреннен» кейін “Дағдару” дейтін кітабында жұртқа бірнеше

тартымды әңгіме ұсынды. Кейбіреулер роман, повесть те жаза бастады. “Перизат” баспадан шыққаннан кейін еркін формадағы жаңа өлеңдер де, цануындер де көбейе түсті. Шетел шығармаларынан аударылып сахналық шығармалар құрастырылды. Әрі көптеп жазылды да, онда көне құрсау ішінде оянып келе жатқан зиялылардың образы суреттелді. Олардың шынайы өмір жайындағы ойлары мен феодалдық қара күштерге қарсы түру жөніндегі талабы бейнеленді. Бұл жаңа әдебиеттің “4 мамыр” дәуіріндегі жалпы ауқымы болды. Бірақ бұл дәуірдегі, жасампаздықтарда нашар ауқымдарда айқын белең берді Ұсақ буржуазия мен буржуазиядан шыққан әдебиет әуесқойлары іс жүзінде өмірді тым шала шарпы ұғынды, қат-қабат қараңғылық жайлаған қоғамда оларбір мезет дұрыс жол таба алмады. Жаңа мәдениет «Тапқырлау» қатарының бөлінуін таптық көзқарас арқылы ұғына білмеді. Сондықтан, Батыстың буржуазиялық идеялық ағымы мен буржуазиялық әдебиетін талғамсыз қабылдады, бұл табиғи түрде керенау ықпал тудырды, көптеген шығармалардатақырып тапшы болып қана қоймай, мазмұндар да жұтаң екені байқалып тұрды. Мау Дун осы кездегі жасампаздықтың жағдайына тоқталғанда «Іш құса болыпдағдару 4 мамыр қарсаңына дейін тұтас әдебиет саласын баурап алды» деген еді. Әдебиеттегі мұндай жағдай мемлекет бойынша партия басшылық еткен төңкерістің әдебиеттің туы көтерілгеннен кейін ғана өзгерді.



### **Жаңа Қытай әдебиетінің негізін қалаған қаламгерлер**

**Жың Бочи** (1895 жылдың 11 маусымы – 1979 жылдың 25 қаңтары), бұрынғы аты Чжэн Лонжин, Шэньси провинциясының Чанъян қаласында дүниеге келген. 1917 жылы Жапонияға Токиодағы №1 орта мектептің халықаралық студенттерге дайындық курсына, Киото №3 орта мектебіне және Киото императорлық университетіне оқуға барды. 1921 жылы Жасампаздық қоғамына кірді. 1926 жылы

Қытайға оралып, Гуанчжоудағы Сунь Ят-Сен университетінің профессоры және Уампоа әскери академиясының саяси нұсқаушысы болды. 1927 жылы Шанхайға келіп, Шанхай өнер университетінің профессоры және Шанхай көркем драма клубының президенті болды. Кейін «Ляньоу кітап басып шығару» компаниясының редакторы, «Фильм суреті», «Жаңа роман» және басқа да басылымдардың бас редакторы қызметтерін атқарды. Ол сондай-ақ Ся Ян және А Йингпен кино жұмысымен айналысып, жұлдызды кинокомпанияда сценарист-кеңесші қызметін атқарады. Ол 1937 жылы Сианьға, 1938 жылы Чунцинге барып, Го Моро басқаратын Мәдени жұмыс комитетінің мүшесі болды. 1943 жылы Сианьға қайтып келіп, «Апта сайынғы әдебиет пен өнер» газетінде редактор қызметін атқарған. 1944 жылы Шэньси мұғалімдер колледжінің профессоры болды. Оның шығармалары көп емес, «Талас» ( 抗 爭 ) деген кітабына әңгімелері мен драмаларын кіргізген, бұл қоғамдық мәні бар шығармалардан құралған. «Ең алғашқы сабақ» әңгімесінде Жапон басқыншыларының қитұрқы қылықтарын сөз етеді. «Шақпақ» әңгімесінде Гоминдаң партиясының былығын сынады.



**Жазушы Жың Жіндо ( 郑 振 铎  
Zheng Zhenduo 1898-1958)**

Жазушы Жың Жіндо 1898 жылдың 19 желтоқсанында Жыжяң өлкесінде туған. 1917 жылы ол Бейжің теміржол университетіне оқуға түседі. Осы кезден бастап ол шетел әдебиетімен танысады және Чүй Чюбаймен танысады. 4 мамыр отаншылдық қозғалысы кезінде осы қозғалыстың басы-қасында жүреді. 1911 жылы ол

《新社会》 деген журнал шығарады. 1912 жылдан бастап оның көптеген аудармалары жарық көре бастайды. 1920 жылы Ие Шыңтау т.б. бірлесіп әдебиетті зерттеу қоғамын құрады. 1921 ол оқуын тауысып Шанхайға жұмысқа орналасады. 上海《时事新报》 газетіне редактор болады. «文学旬刊» «诗» сияқты журналдар ашады және «儿童世界» балалар журналында да жұмыс атқарады. Осы кезде оның көптеген шығармалары жарық

көреді. 1949 жылы ол мәдениет министрінің орынбасары болады. Әдебиетті зерттеу қоғамының басшысы болып тағайындалады. 1952 жылы Жазушылар одағына мүше болады. 1958 жылы 17 қазанда іссапармен шетелге кетіп бара жатқанда ұшақ апатынан қайтыс болады. Танымал шығармалары: 《家庭的故事》、《取火者的逮捕》、《桂公塘》、《侏儒集》、《欧行日记》 және т.б.



**Чжу Сян** (қытайша 朱湘, пиньинь Zhū Xiāng, 1904–1933) – 20 ғасырдың бірінші жартысындағы қытай ақыны. Ол Чикагода білім алған. Отанына оралған ол Аньхой университетінде біраз уақыт ағылшын әдебиетінен сабақберді. «Жаңа ай» әдеби тобының мүшесі болды. Қытай тіліне аударылған Шекспир, Китс, Шелли, Э.Фицджеральд. Ол прозада сонеттер мен өлеңдер жазды. Чжу Сян – Лу Синь, Сюй Чжи-мо, Вэнь И-до туралы

мақалалардың авторы. Сюй Чжи-мо және Вэнь И-домен бірге лирикалық поэма жанрын жасады. Шанхайдағы Янцзы өзеніне өзін-өзі тастап өлтірді.

Танымал шығармалары: Жаз.(《夏天》) 1925 ж., Шөл. 1927., Тас қақпа.(《石門集》) Шанхай, 1935 ж. «Мәңгілік сөздер», Шанхай 1936 ж



**Жазушы Ай У** (艾芜 Ai wu 1904-1992)

Ай У – Сычуань провинциясының Шинфан ауданының тумасы 15 жасында «4 мамыр отаншылдық қозғалысына» қатысқан. Ол ескі феодалдық оқу жүйесіне қарсы болды. 1925 ж. үйінен сол үшін кетті. Оның сенгені – «еңбек етсең, еңбек сені жарылқайды». Ол 5-6 жыл көлемінде Қытайдың оңтүстік-батыс шекара ауданында, Бирмада, Малайзияда қаңғып

жүрді. Ол қоғамның ең төменгі деңгейінде өмір сүрді. Ол журнал тасығыш болып, оқытушы, корректор сияқты жұмыстар істеді, содан кейін баспаханада редактор болды. 1931 ж. ол Бирмадағы төңкеріс-бүлікке қатысады. Содан кейін Шанхайға келіп, сол жылдан бастап шығармашылықпен айналысады. 1932 ж. Гоминьдан партиясы тұтқынға алады. Солқанат жазушылар одағының тікелей қатысуымен жарты жылдан кейін түрмеден шығады. Оның “南行记”, “南国之夜” әңгімелері, “夜景”, “芭蕉谷” повестері бар. Бұл шығармаларында қаңғыбастық өмірден көргендерін жазады. Және бір шығармаларында ол Бирмада, оңтүстік-шығыс елдерінде жүрген кезіндегі материалдарын жазды. Шығармадағы бас кейіпкер негізінен өзі болды. Оның шығармашылығы реалистік бағытта, шындықты жазған, сюжет-композициялық құрылымы, бейнелеуі өте тамаша болды. Сондықтан жұртшылық оны жақсы қабылдады. Кейде романтикалық тұстары да байқалады. Жапонға қарсы соғыстан кейін «石清嫂子» әңгімесі, «富饶的原野», «山野» романы жарыққа шықты. Қытай азат болғаннан кейін «百炼成钢» романын және «南行记续编» повесін жазады. Жалпы жаңа заман әдебиетінің көрнекті жазушыларының бірі ретінде ел есінде қалды.

– *Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар*

➤ **Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. «Тапқырлау» қоғамындағы жазушылар не себепті өз шығармаларында романтика бағытын көбірек ұстанды?
- 2.
3. «Әдебиетті зерттеу қоғамы» қай жазушылардың шығармаларынқытай тіліне аударды?
4. Жаңа ай қоғамының іргетасын кімдер қалады?
5. «Әдебиетті зерттеу қоғамы» мен «Тапқырлау» қоғамының ерекшеліктері мен ұқсастықтары неде?

➤ **Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Ай У 家庭的故事 (Отбасы оқиғасы)

Жың Жіндо 夏天 (Жаз)

Чжу Сян 夜景 (Түнгі көрініс)

Жың Бочи 抗争 (Талас)



➤ **Тест**

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. “Көркемдік барлығынан биік тұрады” дейтін идеялық ағымды қолдаған қоғам
- A. Тапқырлау
  - B. Әдебиетті зерттеу қоғамы
  - C. Жаңа ай
2. “Дүние тұншығып барады, терезені ашыңдар, бостандық ауасы еріп, ерлерге тыныс берсін!” деп айтқан шет ел жазушысы
- A. Р.Роллан
  - B. Ф.Ницше
  - C. А.Чехов
3. «Атсыз қоғамның» негізгі мақсаты:
- A. шындыққа адал болу
  - B. феодализмді жою
  - C. жастарды қорғау
4. “Жаңа әдебиеттің борышы” мақаласының авторы
- A. Гау Шаң Хун
  - B. Чин Шаң У
  - C. Мао Дүн
5. «Тіл қоғамы» өздерінің мақалаларын жариялау мақсатында қай газетпен тығыз байланыс орнатты?
- A. Таң газеті
  - B. Жастар газеті
  - C. Дала газеті
6. “Тұрпайы реализм” ұранын ұстанған қоғам
- A. Жаңа ай
  - B. Қоңырау
  - C. Тапқырлау
7. «Әлеуметтік өмірді бейнелейтін әдебиет қана нағыз әдебиет болады» деп айтқан қай жазушы?
- A. Лу Шүн
  - B. Мау Дүн
  - C. Ху Шы
8. Еркін формадағы жаңа өлеңдер қай туындыдан кейін көбейе бастады?
- A. Перизат
  - B. Көктем суы
  - C. Алғашқы күз

### СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар

1. Чжу Сяньның қытай тіліне аударған шығармалары
2. Жазушы Жың Жіндоның әңгімелер жинағы
3. Жаң Бочидің Қытай кинематографиясына қосқан үлесі
4. Мао Дүн және оның публицистикалық макалалары

- **Көркем оқу**
- **《猫》郑振铎**

我家养了好几次的猫，却总是失踪或死亡。三妹是最喜欢猫的，她常在课后回家时，逗着猫玩。有一次，从隔壁要了一只新生的猫来。花白的毛，很活泼，常如带着泥土的白雪球似的，在廊前太阳里滚来滚去。三妹常常的，取了一条红带，或一条绳子，在它面前来回地拖摇着，它便扑过来抢，又扑过去抢。我坐在藤椅上看着他们，可以微笑着消耗过一二小时的光阴，那时太阳暖暖地照着，心上感着生命的新鲜与快乐。后来这只猫不知怎地忽然消瘦了，也不肯吃东西，光泽的毛也污涩了。终日躺在客厅上的椅上，不肯出来。三妹想着种种方法去逗它，它都不理睬。我们都很替它忧郁。三妹特地买了一个很小很小的铜铃，用红绦带穿了，挂在它颈下，但只观得不相称，它只是毫无生气的、懒惰的、郁闷地躺着。又一天中午，我从编译所回来，三妹很难过地说道：“哥哥，小猫死了！”我心里也感着一缕的酸辛，可怜这两个月来相伴的小侣！当时只得安慰着三妹道：“不要紧，我再向别处要一只来给你。”隔了几天，二妹从虹口舅舅家里回来，她道，舅舅那里有三四只小猫，很有趣，正要给人家。三妹便怂恿着她去拿一只来。礼拜天，母亲回来了，却带了一只浑身黄色的小猫回来。立刻引起了三妹的注意，又被这只黄色的小猫吸引去了。这只小猫较第一只更有趣，更活泼。

它在园中乱跑，又会爬树，有时蝴蝶安详地飞过时，它也会扑过去捉。它似乎太活泼了，一点也不怕生人，有时由树上跃到墙上，又跑到街上，在那里晒太阳。我们都很为它提心吊胆，一天都要“小猫呢？小猫呢？”的查问好几次。每次总要寻找一回，方才寻到。三妹常指它笑着骂道：“你这小猫呀，要被乞丐捉去后才不会乱跑呢！”我回家吃午饭，它总坐在铁门外边，一见我进门，便飞也似地跑进去了。饭后的娱乐，是看他在爬树，隐身在阳光隐约里的绿叶中，好像在等待着要捉捕什么似的。把它捉了下来，又极快地爬上去了。过了二三个月，它会捉鼠了。有一次，居然捉到一只很肥大的鼠，自此，夜间便不再听见讨厌的“吱吱”的声音了。某一日清晨，我起床来，披了衣下楼，没有看见

小猫，在小园里找了一遍，也不见。心里便有些亡失的预警。“三妹，小猫呢？”她慌忙地跑下楼来，答道：“我刚才也寻了一遍，没有看

见。”家里的人都忙乱地在寻找，但终于不见。李妈道：“我一早起来开门，还见它在厅上，烧饭时，才不见了它。”大家都不高兴，好象亡失了一个亲爱的同伴，连向来不大喜欢它的张妈也说：“可惜，可惜，这样好的一只小猫。”这使我心里还有一线希望，因为它偶然跑到远处去，也许会认得归途的。午饭时，张妈诉说道：“刚才遇到隔壁周家的丫头，她说，早上看见我家的小猫在门外，被一个过路的人捉去了。”于是这个亡失证实了。三妹很不高兴

的，咕嘟着道：“他们看见了，为什么不出来阻止？他们明晓得它是我家的！”我也怅然的，愤然的，在咒骂着那个不知名的夺去我们所爱的东西的人。自此，我家好久不养猫。冬天的早晨，门口蜷伏着一只很可怜的小猫，毛色是花白的，但并不好看，又很瘦。它伏着不去。我们如不取来留养，至少也要为冬寒与饥饿所杀。张妈把它拾了进来，每天给它饭吃。但大家都不大喜欢它，它不活泼，也不像别的小猫之喜欢游玩，好象是具有天生的忧郁性似的，连三妹那样爱猫的，对于它，也不加注意。如此的，过了几个月，它在我家仍是一只若有若无的动物，它渐渐地肥胖了，但仍不活泼。大家在廊前晒太阳闲谈着时，它也常来蜷伏在母亲和三妹的足下。三妹有时也逗着它玩，但并没有对于前几只猫那样感兴趣。有一天，它因夜里冷，钻到火炉底下去，毛被烧脱好几块，更觉得难看了。春天来了，它成了一只壮猫了，却仍不改它的忧郁性，也不去捉鼠，终日懒惰的伏着，吃得胖胖的。这时，妻买了一对黄色白芙蓉鸟来，挂在廊前，叫得很好听。妻常常叮咛着张妈换水，加鸟粮，洗刷笼子。那只花白猫对于这一对黄鸟，似乎也特别注意，常常跳在桌上，对鸟笼凝望着。妻道：“张妈，留心猫，它会吃鸟呢。”张妈便跑来把猫捉了去，隔一会儿，它又跳上桌子对鸟笼凝望着了。一天，我下楼时，听见张妈在叫道：“鸟死了一只，一条腿没有，笼板上都是血。是什么东西把它咬死的？”我匆匆跑下去看，果然一只鸟是死了，羽毛松散着，好象它曾与它的敌人挣扎了许多。我很愤怒，叫道：“一定是猫，一定是猫！”于是立刻便去找它。

妻听见了，也匆匆地跑下来，看了死鸟，很难过，便道：“不是这猫咬死的还有谁？它常常对着鸟笼望着，我早就叫张妈要小心了。张妈！你为什么不小心？”张妈默无言，不能有什么话来辩护。于是猫的罪状证实了。大家都去找这可厌的猫，想给它以一顿惩戒。找了半天，却没找到。真是“畏罪潜逃”

了，我以为。三妹在楼上叫道：“猫在这里了。”它躺在露台板上晒太阳，态度很安详，嘴里好像还在吃着什么。我想它一定是在吃着这可怜的鸟的腿了，一时怒气冲天，拿起楼门旁倚着的一根木棒，追过去打了一下。它很悲楚地叫了一声“咪呜！”便逃到屋瓦上了。我心里还愤的，以为惩戒的还没有快意。隔了几天，李妈在楼下叫道：“猫，猫！又来吃鸟了。”同时我看见一只黑猫飞快地跳过露台、嘴里衔着一只黄鸟。我开始觉得我是错了！我心里十分难过，真的，我的良心受伤了，我没有判断明白，便妄下断语，冤枉了一只不能说话辩诉的动物。想到它的无抵抗的逃避，益使我感到我的暴怒，我的虐待，都是针，刺我的良心的针！我很想补救我的过失，但它是不能说话的，我将怎样地对它表白我的误解呢？两个月后，我们的猫忽然死在邻家的屋脊上。我对于它的亡失，比以前两只猫的亡失，更难过得多。我永无改正我的过失的机会了！至此，我家永不养猫。

## VIII ДӘРІС

### Әдеби революция аясындағы қытай әдебиеті

---

**Сабақтың мақсаты:** «Жаңа жастар» журналы мен әдеби революция жайында түсініктеме беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Жоу Зорынның «Адамзат әдебиеті» мақаласы
2. Солқанат жазушылар одағы
3. Жаңа тіл реформасы

**Тірек сөздер:** реформа, әдебиет, проза, реализм, классицизм

1915 жылы төңкерісшіл ғалым және әдебиетші Чень Дусю (1908-1942) «Жаңа жастар» әдеби журналын шығарды. 1917 жылы талантты ақын және ғалым әдебиет төңкерісін бастап, «Веньянды жойып, ескі әдебиетті құлатайық, Байхуаны қолданысқа енгізіп, жаңа әдебиетті қалыптастырайық» деді. Ху Шы 1917 жылдың ақпан айында «Жаңа жастар» журналына «Әдебиет реформасының толқыны» атты мақала жазды, ол мақалада әдебиетке 8 түрлі бағыт ұсынды.

Сол жылдың ақпан айында қоғам қайраткері Чень Дусю (1880-1942) «Әдебиет реформасының теориясы» атты мақала жазып, әдебиет реформасын жалғастырды. Ол өз мақаласында аристократиялық ескі әдебиетті жойып, "ескі классиканың" орнына жаңа халықтық әдебиетті құру жайында, "тау мен орман" әдебиетінің орнына қоғамдық әдебиетті құру жайын сөз етті. Атап айтқанда, ол жалпы қауымға арналған жаңа әдебиет құруға ұсыныс жасады. Чень Дусю: "Қытай әдебиеті классицизм мен романтизм деңгейінде тұр, әдебиет реализмге ауысуы керек", – деп көрсетті. Бұнда прогрессивті әдеби интеллигенцияның антифеодалдық бағытын анық байқатты. Батыс құндылығын төбесіне көтерген жалынды ақын Жоу Зорын «Адамзат әдебиеті» атты мақала жазды, ол мақаласында «Адам-ата мен Хауа-ана өзгерген, біз табиғаттан жаратылғанбыз, еңбек бізді қалыптастырды» деп нақтылай түсті. Сонымен бірге әйелдер теңдігін алға шығарды, адам сезім арқылы ғана үйлену керек деп

баса айтты. Осы ойларды Ли Да Чжау мен Лу Шүндер қолдап мақалажазды. Лин Шу, Шуе Хың сияқтылар қарсы болды.

Осылайша, қысқа уақыттың ішінде "Жаңа жастар" журналы студенттерарасында қатты ықпал тудырды, реализм жаңа әдеби қозғалыстың ұранына айналды. Әдебиетшінің көркемдік тұлғалығын бекіте отырып, жаңа көркемдік идеалды жазушылар өзінің сыншыл көзқарастарымен көзге түсті, шындық пен қиял арасындағы үйлесімсіздікті тапты. Ең ақыры, бұл жағдайда көркемдік тұлғаның өмірді өзгерте алатын мүмкіндігі болмады. Осы түсінік бойынша реализм өз бетімен Қытайды құтқара алмайды, уақыт өте көптеген жаңа ұрпақ әдебиетшілері "революциялық қозғалысқа" ене бастады, сөйтіп, "жалпымен" бірлік құруға мүмкіндік туды. Жаңа реализмге тән сипаттың бірі улы сарказмға құрылған сюжет XX ғасырдың атақты қытай жазушысы Лу Шүннің "Жындының күнделігі" шығармасында байқалды. Бұл шығарма 1918 жылы "Жаңа жастар" журналында басылып шықты. Бірнеше жыл өткеннен кейін Лу Шүн "АҚ-дің шынайы өмірі" повесін шығарды. Сол жылдары психологиялық реализмді сіңірген шығармалар пайда болды, онда жас интеллигенттердің рухани сезімі баяндалды. Бұндай шығармалар жазушылардың жол жазбалары жанрында және жаңа проза негізінде жазылды. XX ғасырдың аяғында Чын Сунуын очерктері мен әңгімелері танымал болды, ол шығармаларында табиғатты суреттеді, Хунан провинциясының тұрмысы жайында жазды. ШэньЦуньвень шығармаларында туған жердің пейзажы арқылы ностальгиялық ағым мен авторлық "мен" айқындалды.

"4 мамыр қозғалысының" ағымы арқылы талантты прозаиктер мен ақындар ұжымы пайда болды, олар "Жаңа жастар" журналының әдеби жобасына ілесті. 1921 жылы Жоу Зорын бастаған 12 жазушы "Әдебиетті зерттеу қоғамын" құрды. Мақсаты: "Адамгершілік әдебиетті" насихаттау. Сол жылы Жапониядан оралған студенттер, сонымен қатар, ақын Го Моро және драматург Тиян Хан Шанхайда «Тапқырлау» қоғамын құрды. Бастапқы кезде қоғам мүшелері еркін көркемдік идеяны және әдебиеттегі романтикалық стихияны дәріптеді, 1925 жылдан кейін "Революциялық әдебиет" позициясына өтті. Уақыт өте Го Моро КПК-ның белсенді жақтасына айналды, 1949 жылдан кейін КНР-дің Ғылым академиясының басшысы болды. "Әдебиетті

зерттеу қоғамы" жайында айтсақ, XX ғасырдың ортасында екі топқа бөлінді: біреуін Лу Шүн мен Жоу Зорын басқарды, олар әдебиеттегі реализмді насихаттады, басқалары (Ху Шы, Ун Идо және тағы басқа) символизм құрылуын дәріптеді. Сол кездегі көптеген Қытай әдебиетшілерінің ойынша, әдебиет ұлттық-демократиялық революцияға қызмет ету керек. Лу Шүн 1930 жылы құрған коммунистік «Сол қанат жазушылар одағының» құрылуынан өз тенденциясының соңын тапты. Бұл одақ революциялық күштің саясиакциясына белсенді қатысады. Сол кезде Линь Ютан мен Жоу Зычиңнің ойынша, әдебиет бұл, ең біріншіден, жазушының шығармашылығы арқылы өзін-өзі ашу әдісінің көрсеткіші болып табылады.

1930 жылы Қытайдың Солқанат жазушылар одағының құрамына Тиян Хан мүшелікке кірді. Сол жерде жүріп, 1930 жылы наурыз айында «Біз өзімізді өзіміз сынауымыз керек» деген мақаласын жарыққа шығарды. Бұл мақаласының көтерген басты тақырыбы – буржуазиялық тап өкілдерінің қара халықты менсінбейтін идеясын синтезге алып, сынау болды. Ол, сонымен қатар, «барлығымыз бір күш біріктіріп, жапондықтарға қарсы шығуымыз керек», – деген ұран тастады. Осылайша, ол өзінің нағыз отаншыл-патриот екендігін дәлелдеді.

Қытай халқы бұрыннан бері жүргізіп келе жатқан феодализмнің қара күшімен соғысты. Шетел капиталы мен ұлттық қанаушы таптың екі жақтық езгісінде қалған халықтың бастаушылары жарқын, еркін өмірге ұмтылды, бостандықты алдыға қойып, бар күшімен күресті.

Еуропадағы бірінші дүниежүзілік соғыстың артынша Қытай елінің өндірісі дамыды. Нәтижесінде Қытайдың жұмысшы табы өсіп, ұлғайды. Экономикалық, таптық қатынастар өзгергендіктен мемлекеттегі революциялық қауіп күшейді.

Дамыған интеллигенция – ескі, феодалдық мәдениетке қарсы шығып, жаңа мәдениет қозғалысына енді. Осы қозғалыстың ұраны: жаңа ғылым, демократия мен әдеби революция болды, ал ұйымдастырушысы мен идеялық рухтандырушысы «Жаңа жастар» журналы болды. Ол 1915 жылдан бастап шықты.

Бұл басылым патриоттық күйге икемделген жастарды нақты және жаратылыстану ғылымдарына бет бұруға шақырды, бүкіл Қытай бойыншатүрлі техникалық, медициналық, әскери

және тағы басқа мектептер ашылды. 1918 жылы «Жаңа жастар» журналында революционер Ли Да Чжау Қазансоциалистік революциясы туралы жазды. Онда: "Осыдан кейін, большевизмнің жеңістік ұраны мен триумфалдық қадамының сыңғыры барлық жерге естілді. Адамгершілік қоңырауы сыңғырлады! Еркіндік таңыатты! Болашақты елестетсек, ол қызыл жалаудың бейбітшілігі болады", – депжазды.

Әдеби революция коммунистік идеяның басшылық етуінің арқасында бір шеп сызығымен жүрді. Әдеби революция қозғалысы көркем және жаңаша болып табылатын антиимпериалистік және феодалдық мазмұнды ұстанды. Антиимпериалистік және антифеодалдық насихатты идеялар жаңа форманы талап етті. Сондықтан, әдеби революция байхуа тілін қолдануға құштарланды. Бірақ әдеби революция үшін қозғалыс бұл – текбайхуа тілін қолдану үшін ғана емес, байхуа тілін қолдану қозғалысы – сөйлеудің жаңа түрі және жаңа мазмұнымен анықталады.

Әдеби революцияның бастамасы прогрессивті қайраткерлердің қозғалысымен белгіленді. Олар веньян – архаикалық кітап тіліне, ескі канондық тілге қарсы болды. Бұл тіл халықтан алшақтаған, жат тіл, тек көру үшін түсінікті және жалпы халық тілінен ерекше болып табылады. Бұл революциялық көтеріліс – ескі моральға қарсы ғылым мен демократияны қорғау мақсатымен жасалған ескі идеологияға, ескі қоғамдық құрылымға қарсы көтеріліс. Жоғарғы топтар жастарға діни соқыр сенімге (догмаға) айналған конфуцийлік шындықты оқытты. Халықты дінге табынуға шақырды. Жоғарғы таптардың реформасы бойынша феодалдық сипатта, халыққа қарсы болды.

Тіл реформасын фонетикалық жазба мен байхуа тілінің ережесін қабылдаған кезде құлаққа жағымды, түсінікті болу талаптары бірінші орынға қойылды. Ол XIX ғасырдың соңында Қытайда тарала бастады. Қытай филологы Ван Чжау алфавит құрып, кейін газеттерде қолданды. Бірақ буржуазиялық мәдениеттің жаңа өкілінің жұмысы жалғаспағандықтан, ол тек жұмыс декларациясымен шектелді, ал кейбіреулері практикалық бастауларды тек ағартушылық сипатта ғана қолданды.

Бірақ байхуаның әдебиетке енуі тек «4 мамыр қозғалысынан» кейін мүмкін болды. Ақырындап, көптеген прогрессивті



Қытайдың журналистері байхуа-ғаөтті, оның ішінде ең бірінші кадам басқан «Жаңа жастар» журналы болды. Біржылдан кейін «4 мамыр қозғалысы» басталғаннан кейін, Қытайда байхуа тілінде жазған жүзден астам түрлі газет, журналдар шығарылды.

1919 жылы әдеби революция Қытайдың жаңа ұлттық мәдениетінің құрылутарихындағы негізгі кезең болып табылды және әдеби тілдегі жаңа дәстүрдің көзіне айналды. «Қазіргі әдебиет – қазіргі адамзат өмірін зерттейтін және өзінің зерттеу құралы, объектісі бар, бөлек бір ғылым, бұл – әңгімелер мен романдар...» Әдеби теорияның революциялық шындық талабынан артта қалуы деңгейі жағынан үлкен әдебиеттің пайда болуын талап етті және әдебиет саласындағы теориялық ойдың негізі болды. Ұлы Қазан социалистік революциясы Қытайдағы революциялық күрестің болашағын ашты, Қытай әдебиетшілерінің материалдық көзқарасын өзгертті.

Қытайдағы коммунистік идеяны насихаттағандардың бірі Пекин университетінің профессоры, Қытайдағы коммунистік партияны құрған, «4 мамыр қозғалысының» белсенді қайраткері Ли Да Чжау 1917 жылы Пекинде милитарист Чжан Цзюмен дарға асылды. Оның әдеби-публицистикалық жұмыстары Ұлы Қазан социалистік революциясынан кейін, Қытайдың революциялық журналында басылды, ол марксизм мен ленинизмді таратты. Ли Да Чжаудың "Қытайдағы ұлттық революцияға деген марксистік көзқарасы", сонымен қатар "Қазан революциясы мен Қытай халқы", "Халықтың жеңісі", "Большевизмнің мерекесі", "Жер мен шаруашылық" және тағы басқа шығармалары белгілі. Ли Да Чжаудың "елдің жеңісі" мен "большевизмнің жеңісі" деген сөздері Ұлы Қазан революциясының ұранына айналды, нәтижесінде "4 мамыр қозғалысы" пайда болды.

Ли Да Чжаудың айтуынша, 1917 жылғы орыс революциясы тек орыс халқының ғана емес, XX ғасырда бүкіл халықтың санасын өзгертті. Сондықтан, большевизмнің жеңісі жаңа идея жеңісі болып табылады. 1919 жылы «Жаңа жастар» журналында марксизмге қатысты мақалалар шықты. Кейін Маркс пен Энгельстің коммунистік партиясының манифесті қытай тіліне аударылды.

Ху Шы Қытайға марксизмді таратуға қарсы болады. 1919 жылы Ху Шы "每周评论" журналында "Принцип жайлы аз

сөйлеп, сұрақтарды көп зерттеу керек" мақаласын басып шығарды. Ол осы мақаласында саяси теорияның мәніне тоқталып, қытай интеллигенциясының назарын марксизм-ленинизм идеясына аударды. Кейін Ху Ши коммунистік идеялар мен социалистік идеяға қарсы шықты. Сол кездері жаңа мәдениет революциясы мен марксизм идеясын қабылдау қозғалысына қатысқан алдыңғы қатарлы элементтер ары қарай жылжып, "4 мамыр қозғалысынан" кейін марксизмді зерттейтін қоғам құрылды. 1920 жылы мамырда Шанхай, Тянь Цзин, Ухань, Нанкин және тағы басқа қалаларда марксистік үйірмелер пайда болды.

Буржуазиялық интеллигенция арқылы қытайдың ұлы жазушысы Лу Шүнмен айналасында топтасқан революциялық жастар әдеби революциялық ұран тастап, әдебиет пен ескі феодалдық компрадор және чиновниктік бюрократияға қарсы шықты. Олардың әдеби майдандағы күресі Қытай жастарының құрметіне ие болды.

Әдеби революция көптеген әдеби мектептер, ағымдар мен топтарды тудырды. Сипаты және идеологиялық бояуы бойынша әртүрлі ағымдар түрлі қоғамдық топтардың көзқарасын бейнеледі. Сонда жаңа әдебиеттің екі басты бағыты пайда болды. Бұл – реалистік және романтикалық бағыт, Қытайдағы қазіргі әдебиеттің даму тарихында негізгі рөл атқарды.

### ***Түсініктеме***

– Манифест – Әлдебір саяси оқиғаға байланысты, халыққа салтанатты жолдау нысанындағы жоғарғы биліктің актісі.

– **Компрадор** (ис. *Comprador* – сатып алушы) – экономикасы артта қалған елдерде (отар елде де, тәуелсіз елде де) шет ел капиталы мен ұлттық нарық арасында делдалдық жасаушы жергілікті саудагер. Ол, негізінен, шет ел капиталының саяси-экономикалық ықпалында болады.

## Дәріске қатысты қаламгерлер



**Жазушы Чын Цонун** (沈从文 Shen Congwen 1902-1988)

Хунан провинциясы Фың Хуан ауданында дүниеге келген. 1917 жылы орта мектеп бітіріп, әскер қатарына қосылды. Көптеген жерлерді аралап, көкжиегі кеңейді. 1923 ж. әдебиетке қызығушылығы артты. 1924 ж. «Таң» газетінде редактордың орынбасары болды. «民众文艺», «新月» т.б. журналдарда қызмет етті. 1928 ж. Пекиннен Шанхайға келді. «红黑», «人间», «红与黑» газет-журналдарында қызмет етті. Коммунистік партия өкілдері мәселесін көтерді. 1930 ж. Ухань және Чиндао университеттерінде сабақ берді. 1934 ж. Пекинге оралды. Еңбекші халықтың өмірін суреттеп, шығарма жаза бастады. «绅士的太太», «都市一妇人» «八骏图» сияқты әңгімелер жазды. Олар қаладағы шенеуніктердің іріп-шіріген өмірі жайлы. «丈夫» «贯生» секілді әңгімелерінде жай халықтың аянышты өмірін тілге тиек етті. 1934 ж. «边城» деген повесть жазды.

Жапонға қарсы соғыс басталғаннан кейін Синнан университетінде сабақ берді. Пекинге оралып, газетте қызмет етті. Мемлекет құрылғаннан кейін (1949) «长河» деген романы шықты. «湖行散记» цанүн, «湘西» цанүндері жарық көрді. Өте еңбекқор жазушы. 60-тан астам әңгіме, повесть, цанүндері бар. Көтерген тақырыбы: еңбекші халық және ақсүйектердің өмірі. Басты мақсаты – халықтың салт-дәстүрін, өмірін жаңғырту.

Кейін тарихи музейде, Қытай Ғылым академиясында, ғылыми-зерттеу институтында қызмет етті. 1988 ж. 10 мамырда Пекинде ауырып қайтыс болды.



**Атақты жазушы Ба Жин (巴金  
BaJin1904–2005)**

Ба Жин(Ли Фэйгань) 1904 жылы 25 қарашада Чэндудағы ақсүйек отбасында дүниеге келген. Бала кезінен ескіліктің қалдығынан ажырамаған ортада өсті.

Оған берілген тәрбие де ескіден келе жатқан салттарды дәріптеуді үйрететін. Кейін ол анасымен бірге түпсіз терең көгілдір аспанға құлшылық етіп, шырақ жаққанын есіне алады.

«Бар жан- тәніммен Құдайға табынып, жер бетіндегі әрбір жанға бақыт тілейтін едім», – деп жазады ол. Ба Жин ата-анасынан ерте айрылады. Анасы он жасында, ал әкесі он үш жасында қайтыс болған. Болашақ жазушының тәрбиесінатасы қолына алады. Әулетті отбасылардың салтыбойынша, сауат ашу сабақтарын Ба Жин жалдамалы оқытушыдан алады. 1920 жылы ол Сычуань провинциялық шет тілдер мектебіне оқуға түсіп, ағылшын тілін меңгере бастады. Атасы оны банкшенеунігі етіп шығаруды көксейтін. Адамның рухын мұқалтып, ішін пыстыратын мамандық болғанымен, қаржылай өмірін қамтамасыз ететін болғандықтан осы мамандықты игеруіне итермеледі де. Бірақ немересі таңдауды өзі жасады.

«Арман – әлі қол жетпеген, бірақ орындалуы мүмкін нәрсе. Бұл жолсыз жермен адам жүріп өткен соң із қалатыны сияқты». Лу Шүннің әңгімесінен алынған осы сөздерді Ба Жин шығармашылығына эпиграф етіп қоюға болады. Ол бар қажыр-қайратын салып, арманға қол жеткізуге тырысты. Лу Шүн Ба Жиннің «қиялы ұшқыр, терең ойлы бірегей жазушы» екенін атап көрсеткен. Ба Жин кіршіксіз таза, жалынды сезім мен адамзат баласының киелі қасиетіне деген сенімге толы шығармаларын «жарқын өмірге сүйіспеншілік сыйлап, түнекті жек көруге итермелеу үшін» жалпы оқырманға арнаған. «Мен шығармаларымның ат төбеліндей аз қауымның ғана игілігіне жарағанын қаламаймын», – деп жазады Ба Жин. Адамдар үшін қайғыға батып, азап шеккен жазушы ой мен сезімінің кернеуінен асып төгілген

ойларды қағаз бетіне түсіретін. Оның жазғандары жүректерге жетіп, көмек беруін өтінген хаттар толассыз келіп жататын. «Ешкімге сенім арта алмаймын. Айналам толғандұшпан. Сіздің кітаптарыңыздан нағыз адам болудың не екенін, әлемде басқа адамдардың, басқа өмірдің бар екенін білдім. Енді бұрынғыдай тіршілік ете алмаймын. Біреудің бұйрығымен тұрмысқа шыққанша өлгенім артық. Ұстаз, сіз адам күресу керек дейсіз... Менің күрескім келеді, не істеуім керек екенін айтыңызшы. Бұл тығырықтан қалай шығамын?» Қарапайым оқырманның бұл хаты жазушы көтерген мәселелердің қаншалықты өзекті, халыққа жақынекендігін көрсетеді.

Ба Жиннің кітаптары көпшіліктің игілігіне айналды. «Ұзақ жылдар бойы БаЖин шығармаларына оқырман қызығушылығы төмендеген емес. Әсіресе жастарға жазушы шығармалары қатты әсер етеді. Еркіндік алу кезеңінен кейін оның кітаптарының танымалдылығы арта түсті. Ал «家», «寒夜» атты романдары және «Көктем», «Күз» «От» сияқты үш бөлімге бөлінген романы, сонымен бірге «灭亡» ең алғашқы әңгімесі «Демалыс бағы», «4 палата» атты повестері және «随想录» атты шығармалар жинағы жарыққа шықты. Оның оқырмандарының қатары айтарлықтай ұлғая түсті. Ба Жин кітаптарын қайталап басып шығарып жатты, елуінші жылдары газет-журналдардың бетінде оның шығармашылығы туралы жарыссөздер толассыз жалғаса берді. Жазушының шығармашылығына деген қызығушылық отанының шекарасынан да асып кетті. Оны неміс, ағылшын, итальян, жапон, поляк, әсіресе орыстілдеріне көп аударды. Ол туралы ағылшын тіліндегі зерттеулер де пайда болды. Ба Жинге Ся Чжицинь өзінің «Қытайдың көркем әдебиетінің тарихы»



艾青

кітабында жеке тарау арнады. Америкада ол туралы қызықты да көлемді, бірақ даулы жақтары да бар мақала басылды.

**Дарынды ақын Ай Цин (艾青 Ai Qing 1910-1996)**

Ай Циннің ақындық шығармашылығы қазіргі заман қытай поэзиясында жоғары орын алады.

Ай Циннің жоғары революциялық идеяға толы поэзиясы оқырмандардың сезімін тербейді, себебі ол өз шығармаларында қоршаған ортадағы болып жатқан ащы шындықты бейнелейді және еңбекші халыққа деген өзінің құрметін білдіреді.

Ай Циннің шын есімі – Цзян Хай-чэн. Ол 1910 жылы Чжэцзян провинциясы, помещиктің жанұясында дүниеге келеді, дегенмен балалық шағын қарапайым шаруа баспанасында өткізеді. Оның өлеңдеріндегі шаруа әйел – Даянхэ, шын мәнінде, оның анасы болған.

Орта мектепті бітіргеннен кейін, Ай Цин өзін өнерге арнауға бел буады. 1928 жылы ол қазіргі заман француз көркемөнеріне қызығушылықтанытады және достарының көмегімен Парижге кетеді. Ол Парижде өзінің көркемөнер бойынша білім алуын жалғастырмақ болады, бірақ оның үміті ақталмайды. Парижде қаржы тапшылығы оның шығармашылық жігерін шектейді. Ақын онда қытайлық сүйек, тас, ағаш шеберлерімен қарым-қатынас құра бастайды. Ол Париж саудагерлерінің сондай сувенирлер және фарфор заттар сататын ұйымдарына мүше болады. Осыдан тапқан қаражат арқасында ол күнін көреді. Дегенмен ақын азғантай бос уақытын Луврда өткізетін. Ол қайта-қайта Луврдың бір бұрышында тұрған таптырмас ежелгі грек мүсіні – Венера Милосскаяны көруге келетін. Ай Цин Рембранд пен Рубенстің суреттері алдында ұзақ тұратын. Ол осылай әдеби шабытын шақыратын. Парижде ақын революциялық француз зиялыларының ықпалында болды, ал бұл қоғамда коммунистік партия мүддесі жоғары еді және Ай Цин Эмиль Верхарн, Уитмен, Владимир Маяковский шығармаларын оқумен айналысады.

Ай Циннің эстетикалық көзқарастарының пайда болуының себебін айтуқиын, бірақ Париждегі өткен өмірі оған үлкен өмірлік тәжірибе болды.

1931 жылы жапондықтар Манчжурияға басып кіргеннен кейін, ақын Парижден кетіп, Шанхайға келді, онда сол кезде Лу Шүнда, Мао Дунда, Цюй Цю-бо және басқа да қытай әдебиетінің революциялық өкілдерімен кездесті.

Жау әскері қытай жерінде лава секілді жайылды. Жауды өз орнына қою үшін бүкіл халықты көтеру керек еді. Бұл ауыр жүкті коммунистер өз мойындарына алды. «25мың ли» атты ұлы жорығынан кейін, коммунистер азаттық күреске шықты. Аты

аңызға айналған коммунистердің Сегізіншіжәне Төртінші әскери және халық кекшілдерімен бірге жауға қатты тойтарыс берді.

Қазіргі заман қытай әдебиетінің зиялылары – Лу Шүн, Го Мо Ро, Мао Дун – бәрі коммунистердің артынан ерді, Ай Цин да сол жолды таңдады. Ол Мао Дунмен кездесті. Мао Дун Ай Циннің тұңғыш өлеңдерін басып шығарды және қытай зиялыларымен таныстырды. Алғашқы өлеңдері оныңшетелдегі өмірін суреттеді. Олар: «Марсель», «Париж», т.б. Дегенмен түрмеде жазылған ең мықты өлеңдері Қытайға арналған. «Даянхэ – менің қамқоршым» (大堰河-我的保姆) өлеңі қытайдың қарапайым шаруа әйеліне арналған және бұл өлеңі оның төлқұжатына айналды.



**Чын Шяңхы (陈翔鹤 Чэн Xianghe 1901-1969)**

Туған жері – Сычуан Чунцин. 1920 жылы Шанхай Фудан университетіне түседі, сол жылдың аяғында Пекин университетіне қабылданады. 1922-1925 жылдары клубтар мен ұйымдардың

демеушісі «Асакуса Shen Чжун» қоғамында жұмыстарын жариялай бастайды.

1927 жылдан Шаньдун, Цзилинь, Хыбэй, тағы басқа жерлердегі оқу орындарында сабақ береді, Чэндуда соғыс басталғаннан кейін, көп жылдар бойы Қытай жауға қарсы әдеби және көркем әдебиет шеңберінде ұлттық шайқастарға қатысты.

《不安定的灵魂》、《在阪道上》、《独身者》、《鹰爪李三及其他》 және тағы басқа әңгіме жинақтары жарияланды. Оқу бітірген соң, Сычуан әдеби федерациясының вице-төрағасы, Сычуан әдеби федерациясының батыс мәдениеті бөлімінің төраға орынбасары, батыс провинциясында министр орынбасары қызметтерін атқарады. 1954 жылы Пекинде Қытай әдебиет ғылымдары институтының ғылыми қызметкері, классикалық әдебиет министрлігі министрінің орынбасары, 《光明日报》, 《文学遗产》 журналдарының редакторы болады. Кейінірек зерттеулермен шұғылданады, аз жазады. 庄子、屈原 секілді мәдениет қайраткерлері туралы жекелеген он екі қысқа роман

жазады, соның ішінен тек қана 《陶渊明写》, 《广陵散》 деген толық екі ұсыныс жасады. 1964 жылы Мәдени төңкеріс кезінде жұмыстары өткір сынға ұшырап, қудалауға түсті. 1969 жылы қайтыс болды

– *Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар*

➤ **Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Ли Дачжаудың қай мақалалары халық арасында кең тарады?
2. 1930 жылы құрылған коммунистік «Сол канат жазушылародағының» негізгі мақсаты неде?
3. Тапқырлау қоғам мүшелері әдебиеттегі қай бағытты дәріптеді ?
4. Драматург Тянь Хан өзінің нағыз отаншыл-патриот екендігін қалай дәлелдеді?

➤ **Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Ба Жин 大堰河-我的保姆(Даянхэ – менің қамқоршым) Ай Цин 独身者  
(Бойдақ)

Чын Цоңун 春 (Көктем )

Чын Шяңхы 长河 (Ұзын көл)

➤ **Тест**

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. «Даянхэ – менің қамқоршым» атты өлеңнің авторы кім?  
А. Тянь Хан  
В. Ай Цин  
С. Чын Цоңун
2. 1949 жылдан кейін Го Моро қандай қызметке тағайындалды?  
А. ҚХР-ның Ғылым академиясының басшысы  
В. Пекин университетінің ректоры  
С. Жаңа жастар журналының бас редакторы
3. Жазушы Чын ЦоңУн шығармаларында көтерген тақырыбы  
А. еңбекші халық және ақсүйектердің өмірі  
В. кішкентай балалар әлемі  
С. жазушылар мен ақындардың тағдыры
4. Қытай филологы Ван Чжау қандай жаңалық ашты?  
А. Журнал ашты  
В. Алфавит құрды  
С. Жаңа формадағы өлең жазды



5. Жоу Зырын қай мақаласында «Адам-ата мен Хауа-ана өзгерген, біз табиғаттан жаратылғанбыз, еңбек бізді қалыптастырды» деп жазды?

- A. Тоғысқан тағдырлар
- B. Жаңа қоғам
- C. Адамзат әдебиеті

6. 1902-1988 жылдар аралығында өмір сүрген жазушы

- A. Чын Цоңун
- B. Вен И Дуо
- C. Лу Шүн

7. «Веньянди жойып, ескі әдебиетті құлатайық, Байхуаны қолданысқа енгізіп, жаңа әдебиетті қалыптастырайық!» деп айтқан қай жазушы?

- A. Чень Ду Сю
- B. Вен И Дуо
- C. Го МоРо

8. Ақын Ай Цин Луврда бос уақытын қалай өткізетін?

- A. Көптеген өлеңдер жазды
- B. Ежелгі грек мүсінін көруге келеді
- C. Сол жақтың жазушыларымен танысады

#### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

- 1. Атақты жазушы Ба Жиннің романдары
- 2. Драматург Ай Циннің шығармашылығы
- 3. Жазушы Чың Цоңунның ақсүйектердің өмірі жайлы жазылған панундары
- 4. Ли Да Чжау және оның "Халықтың жеңісі" атты мақаласы
  - *Көркем оқу*
  - 沈从文《绅士的太太》

我不是写几个可以用你们石头打他的妇人，我是为你们高等人造一面镜子。他们的家庭

一个曾经被人用各样尊敬的称呼加在名字上面的主人，国会议员，罗汉，猪仔，金刚，后来又是总统府顾问，参议，于是一事不作，成为有钱的老爷了。

人是读过书，很干练的人，在议会时还极其雄强，常常疾声厉色的与政敌论辩，一言不合就祭起一个墨盒飞到主席台上去，又常常做一点政治文章到《金刚月刊》上去发表。现在还只四十五岁。四十多岁就关门闭户做绅士，是因为什么缘故，很少有人明白的。

一般绅士为了娱悦自己，多数念点佛，学会静坐，会打太极拳，能谈相法，懂鉴赏金石书画。另外的事情，就是喝一点酒，打打牌。这个绅士是并不把自己生活放在例外的地位上去的，凡是一切绅士的坏德性他都不缺少。

一栋自置的房子，门外有古槐一株，金红大门，有上马石安置在门外边。（因为无马可上，那石头，成为小贩卖冰糖葫芦憩息的地方了。）门内有门房，有小黑花哈叭狗。门房手上弄着两个核桃，又会舞石槌，哈叭狗成天寂寞无事可作，就蹲到门边看街。房子是两个院落的大小套房子，客厅里有柔软的沙发，有地毯，有写字台，壁上有名人字画，红木长桌上有古董玩器，同时也有打牌用的一切零件东西。太太房中有小小宫灯，有大铜床，高镜台，细绢长条的仕女画，极精致的大衣橱。僻处有乱七八糟的衣服，有用不着的旧式洋伞草帽，以及女人的空花皮鞋。

绅士有一个年纪不大的妻，有四个聪明伶俐的儿女。妻曾经被人称赞过为美人，儿女都长得体面干净。因为这完全家庭，这主人，培养到这逸乐安全生活中，再无更好的理由拒绝自己的发胖了。

绅士渐渐胖下来，走路时肚子总先走到，坐在家中无话可说时就打呼睡觉，吃东西食量极大，谈话时声音滞呆。太太是习惯了，完全不感觉到这些情形是好笑的。用人则因为凡是有钱的老爷天南地北差不多都是这个样子，也就毫不引起惊讶了。对于绅士发生兴味的，只有绅士的儿子，那个第三的少爷，看到爹爹的肚子同那神气，总要发笑的问这里面是些什么东西。绅士记得苏东坡故事，就告给儿子，这是“满腹经纶”。儿子不明白意思，请太太代为说明，遇到太太兴致不恶的时节，太太就告给儿子说这是“宝贝”，若脾气不好，不愿意在这些空事情上唠叨，就大声喊奶妈，问奶妈为什么尽少爷牙痛，为什么尽少爷头上长疙瘩。

少爷大一点是懂事多了的，只爱吃零碎，不欢喜谈空话，所以做母亲的总是欢喜大儿子。大少爷因为吃零碎太多，长年脸庞黄黄的，见人不欢喜说话，读书聪明，只是非常爱玩，九岁时就知道坐到桌子边看牌，十岁就会

“挑土”，为母亲拿牌，绅士同他太太都以为这小孩将来一定极其有成就。绅士的太太，为绅士养了四个儿子，还极其白嫩，保留到女人的美丽，

从用人眼睛估计下来，总还不上三十岁。其实三十二岁，因为结婚是二十多，现在大少爷已经十岁了。绅士的儿子大的十岁，小的三岁，家里按照北京做官人家的规矩，每一个小孩请娘姨一人，另外还有车夫，门房，厨子，做针

线的，抹窗子扫地的，一共十一个下人。家里常常有客来打牌，男女都有。把桌子摆好，人上了桌子，四只白手争到在桌上洗牌，抱引小少爷的娘姨就站到客人背后看牌。待到太太说，“娘姨，你是看少爷的，怎么尽呆到这里？”这三河县老乡才象记起了自己职务，把少爷抱出外面大街，看送丧事人家大块头吹唢呐打鼓打锣去了。引少爷的娘姨，厨子和车夫，虽不必站在桌边看谁输赢，总而言之是知道到了晚上，汽车包车把客人接走以后，太太就要把人喊在一处，为这些下等人分派赏号的。得了赏号，这些人就按照身分，把钱用到各方面去。厨子照例也欢喜打一点牌，门房能够喝酒，车夫有女人，娘姨们各个还有瘦瘦的挨饿的儿子，同到一事不作的丈夫，留在乡下，靠到得钱吃饼过日子。太太有时输了，不大高兴，大家就不做声，不敢讨论到这数目，也不敢在这数目上作那种荒唐打算。因为若是第二次太太又输，手气坏，这赏号分给用人的，不是钱，将只是一些辱骂了。实在说来，使主人生气的事情也太多了，这些真是完全吃闲饭的东西，一天什么事也不作，什么也不能弄得清楚，这样人多，还是胡胡涂涂，有客来了，喊人摆桌子也找不到，每一个人又都懂得到分钱时，不忘记伸手。太太是常常这样生气骂人的，用人从不会接嘴应声，人人都明白骂一会儿，就会有别的事情岔开。回头不是客来就是太太到别处去做客。太太事情多，不会骂得很久，并且不是输了很多的钱也不会使太太生气，所以每个下人都懂得做下人的规矩，对于太太非常恭敬。

太太是很爱儿子的，小孩子哭了病了，一面忙着打电话请医生，一面就骂娘姨，因为一个娘姨若照料得尽职，象自己儿子一样，照例小孩子是不大应当害病爱哭的。可是做母亲的除了有时把几个小孩子打扮得齐全，引带小孩子上公园吃点心看花以外，自己小孩子是不常同母亲接近的。另外时节母亲事情都象太多了，母亲常常有客，常常做客，平时又有许多机会同绅士吵嘴斗气，小孩子看到母亲这样子，好象也不大愿意亲近这母亲了。有时顶小的少爷，一定得跟到母亲做客，总得太太装成生气的样子骂人，于是娘姨才能把少爷抱走。

绅士为什么也缺少这涵养，一定得同太太吵闹给下人懂到这习惯？是并不溢出平常绅士家庭组织以外的理由。一点点钱，一次做客不曾添制新衣，更多次数的，是一种绅士们总不缺少暧昧行为。太太从绅士的马褂袋子里发现了一条女人用的小小手巾，从朋友处听到了点谣言，从娘姨告诉中知道了些秘密，从汽车夫处知道了些秘密。或者，一直到了床上，发现了什么，都得在一个机会中把事情扩大，于是骂一阵，嚷一阵，有眼睛的就流眼泪，有善于说谎赌咒

的口的也就分辩，发誓，于是本来预备出去做客也就不去了，本来预备睡觉也睡不成了。哭了一会的太太，若是不甘示弱，或遇到绅士恰恰有别的事情在心上，不能采取最好的手段赔礼，太太就一人出去，到别的人家做客去了。绅士羞惭在心，又不无小小愤怒，也就不即过问太太的去处。生了气的太太，还是过相熟的亲戚家打牌，因为有牌在手上，纵有气，也不是对于人的气了。过一天，或者吵闹是白天，到了晚上，绅士一定各处熟人家打电话，问太太在不在。有时太太记得到这行为，正义在自己身边，不愿意讲和，就总预先嘱咐那家主人，告给绅士并不在这里。有时则虽嘱咐了主人，遇到公馆来电话时，主人知道是绅士想讲和了，总仍然告给了太太的所在地方，于是到后绅士就来了，装作毫无其事的神气，问太太输赢。若旁人说赢了，绅士不必多说什么，只站在身后看牌，到满圈，绅士一定就把太太接回家了。若听到人说输了呢，绅士懂得自己应做的事，是从皮包里甩一百八十的票子，一面放到太太跟前去，一面挽了袖子自告奋勇，为太太扳本。既然加了股份，太太已经愿意讲和，且当到主人面子，不好太不近人情，自然站起来让坐给绅士。绅士见有了转机，虽很欢喜的把大屁股贴到太太坐得热巴巴的椅子上去，仍然不忘记说“莫走莫走，我要你帮忙，不然这些太太们要欺骗我这近视眼！”那种十分得体的趣话，主人也仿佛很懂事，听到这些话总是打哈哈笑，太太再不好意思走开，到满圈，两夫妇也仍然就回家了。遇到各处电话打过，太太的行动还不明白时节，主人照例问汽车夫，照例汽车夫受过太太的吩咐，只说太太并不让他知道去处，是要他送到市场就下了车的。绅士于是就坐了汽车各家去找寻太太。每到一个熟人的家里，那家公馆里仆人，都不以为奇怪，公馆中主人，姨太太，都是自己才讲和不久，也懂得这些事情，男主人照例袒护绅士，女主人照例袒护太太，同这绅士来谈话。走到第二家，第三家，有时是第七家，太太才找着。有时找了一会，绅士新的气愤在心上慢慢滋长，不愿意再跑路了，吼着要回家，或索性到那使太太出走的什么家中去玩了一趟，回到家中躺在柔软的大椅上吸烟打盹。这方面一坚持，太太那方面看看无消息，有点软弱惶恐了。或者就使那家主人打电话回家来，作为第三者转圜，使绅士来接；或者由女主人伴送太太回家，且用着所有绅士们太太的权利，当到太太把绅士教训一顿。绅士虽不大高兴，既然见到太太归来了，而且伴回来的又正说不定就是在另一时方便中也开了些无害于事的玩笑过的女人，到这时节，利用到机会，把太太支使走开，主客相对会心的一笑，大而肥厚的柔软多脂的手掌，把和事老小小的善于搅牌也

善于做别的有趣行为的手捏定，用人不在客厅，一个有教养的绅士，总得对于特意来做和事老的人有所答谢，一面无声的最谨慎的做了些使和事老忍不住笑的行为，一面又柔声的喊着太太的小名，用“有客在怎么不出来”这一类正义相责。太太本来就先服了输，这时又正当到来

客，再不好坚持，就出来了。走出来后，谈了一些空话，因为有了一主一客，只须再来两个就是一桌，绅士望到客人做了一个会心的微笑，赶忙去打电话邀人。坐在家里发闷的女人正多，自然不到半点钟，这一家的客厅里，又有四只洁白的手同几个放光的钻戒在桌上唏哩哗喇乱着了。

# IX ДӘРІС

## Қазіргі заман қытай әдебиетіндегі реализм бағытының өкілдері

---

**Сабақтың мақсаты:** 1917–1927 жылдар аралығындағы Қытай қазіргі заманәдебиетінің ілгерілеуі жайында анықтама беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Йе Шың Тау романдары
2. Лу Иннің «Теңіз мұхитшылары» прозасы
3. Әлемдік фатализм көзқарасын зерттеген туынды

**Тірек сөздер:** реализм, әдебиет, проза, классицизм, фатализм

1917–1927 жылдардағы Қытай қазіргі заман әдебиетінің ілгерілеуі интеллектуалдық қауымға тікелей және жанама әсерін тигізді. Интеллектуалдық әлеуеттің қозғаушы және жасақтаушы белсенділер қауымы, оның ішінде ең бастысы жазушылар мен оқығандар екені анықталды. Осы жылдары Лу Шүн ерекше реалистік талантқа ие болды және Қытай жазушыларының революция жайындағы көзқарасын, гуманистік дәстүрдегі бағытын назарда ұстай отырып, "4 мамыр қозғалысы" әдебиеті жайында шығармалар жазды. Адамдардың бірігуін талап ететін бұл күрес бір мақсатты көздеген және Қытай әдебиеті тарихында өзінің терең ізін қалдырды. Бірінші азаматтық соғыс кезеңінде пайда болған реалистік әдебиет көптеген жазушылардың және халықтың көзқарасын өзгертті. Сол кезде табиғат жайлы емес, нағыз шынайы өмір жайлы жазылған әдебиет пайда болды. Көптеген классиктер өз шығармаларында байлардың қара халықты қанағаны, паракорлық пен зорлық-зомбылық жайлы жаза бастады. Сөйтіп, қара халықтың көзін ашты.

Әдебиет өркениет пен мәдениетті білу үшін ғана жазылмайды. Ол бүгінгі шындықты дұрыс түсінуге негіз қалайды, ертеңге болжам құруға қызмет етеді. 1917–1927 жылдардағы Қытайдың қара халқының тағдыры мен тәжірибесі, интеллектуалдық әлеуеті мен көпжылдық мәдениетіндегі жан-жақтылықты дөп басып тануға мүмкіндік береді. Қытайдағы мәдени революциямен қатар жаңа әдебиет дүниеге келді. 1919 жылы «4

мамыр» антиимпериалистік және антифеодалдық қозғалысы дамыған Қытай интеллигенциясының ұмтылыстарын өмірге келтіруге көмектесті. Олар езгідегі Отандарына көмектесетін және қоғам өмірін бейнелей алатын әдебиетті аңсаған болатын.

1921 жылы жазушы Мао Дүн «- «小说月报» журналында былай деп жазды:

«Әдебиет – қазір өзінше бір ғылым. Оның зерттеу объектісі – адам өмірі, зерттеу құралдары – өлеңдер, пьесалар, әңгімелер және романдар». Осы сөздер сол кездегі жазушылардың өнерге деген ең кең тараған көзқарастарын білдірді. 1919 жылғы «4 мамыр қозғалысы» мен бірінші азаматтық күрес тек қытай халқына ғана емес, басқа елдердің де көзқарасын өзгертіп, шығармашылық, ғылыми ізденістерге жаңа өріс ашты. Жаңа әдеби қозғалыс пен революциялықәдеби қозғалыс идеологиясы ағартушылық қозғалыс идеологиясын бастады. 1915 жылы қыркүйекте «Жаңа жастар» атты журнал жарық көрді. Бұл – жаңа мәдени қозғалысты бастайтын негізгі көрсеткіш. Чень Дусю, Ли Да Чжау тағы басқа жазушылар – жаңа мәдени қозғалысты бастаушылардың бірі. Қозғалыстың негізгі мазмұны, демократиялық үгіт пен ғылыми идеология, феодалдық логика моралін сынау, ал ескі идеология бойынша оқыту үшін, Конфуцийді оқыту міндетті болған, бұл мүлде ақылға қонбайтын идеология еді. Кейін жаңа мәдени қозғалысты бастаушылар «4 мамыр қозғалысындағы» әдебиет пен өнер ағымындағы туындыларды аударды. «5-4»-тің түрлі саладағы ықпалы күшті болды, мемлекеттік тілге шынайы көмегін тигізді. Чень Дусю Қытайдың мәдениеті мен өнеріне араласып, «бүгіннен басталған реалистік бағытты идеологиялық көзқарасын» ұсынды, Ли Дачжаудың ойынша: «Жаңа мәдениет енді туылуда, ол жаңа мәдениет үшін хабаршы керек». Бұл қоғам феодалдық мазмұндағы ескі әдебиетке, веньян шығармасына қарсылығын білдірді. Бұдан басқа, әдебиеттің демократиялық дамуы шарасыз сипатқа ұшырады.

Ресейдегі Қазан революциясымен таралған марксизм идеологиясы Қытайдың мәдениет идеологиясына терең әсер етті. Ли Да Чжау бастапқы кезде «Франция-Ресей төңкерісін салыстыруым», «Қарапайым халықтың жеңісі», «Большевизм жеңісі», «Менің марксистік көзқарасым» және тағы басқа әдебиеттері арқылы Қазан революциясы мен марксизм

идеологиясын Қытайға таныстырады. 1918 жылы «Жаңа жастар» редакциясы кең етек жайды. Аталған жылдың мамыр айында «Жаңа жастардың» барлығы байхуаны қолданады. Сол кезде жаңа мәдени қозғалыс «Жаңа жастар» орталығы ақырындап қалыптасты, коммунизм ілімі, ұсақ буржуазия ілімі мен оның ішіндегі жан-жақты адамдар бір шептің сызығымен, мәдени революциялық қозғалыспен бірге құрылды.

Лу Шүн және тағы басқа жазушылар көптеген үздік шығармаларын басып шығарды, әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын ағымдарды қалыптастырды. Әдеби зерттеу ұйымының орталықтанған негізгі сұрағы «Адам өмірі жайындағы ағым» романы жайлы. Бұл шығарма белгілі бір уақытта ағымның таралуына қатты әсер етті, сол ғасырдағы жазушылар Йе Шың Тау, Шүй Ди Шан, Биң Шин және тағы басқа жазушылардың құрғаны тек бір жүйе: «Мәдениет қоғамының құбылысын, адамдардың өміріндегі қиыншылықтармен байланыстылығын көрсету керек», – делінді. Йе Шың Тау 1919 жылдан бастапбайхуа романын жазды, оның «人生派» романының құрылымы мәдени зерттеу қоғамының ерекше айрықшалығын көрсетті. Шығарманың көптеген бөліктері кішкентай ауылдар мен қалаларға, кішкентай елдімекендерге арнап жазылғаншығарма. «Қиын жағдайдағы Бо мырза» («潘先生在难中») – бұл екі тап тақырыбындағы роман. Шүй Ди Шан – әдебиетті зерттеу ұйымының мүшесі, ерекше, көркем сипатта роман жазатын жазушы. Шүй Ди Шан Тайваньда туылған, патриот, зиялы отбасынан шыққан адам, адам бойындағы ізгі ниетті суреттеді. Кейін Бирма, Малайзия, тағы басқа жерлерде сабақ береді, соныменбірге буддизм, христиан діндерінің пайда болуына қатты қызығушылығын білдірді. Сонымен қатар, сол уақытқа орай романдарды басып шығарды, оларда ойдың бәрі астарлау арқылы берілді, шындыққа қиянат жасаушылар мен адамдар арасындағы әділетсіздік әшкереленді. Сол уақыттағы «Нирванаға жету» («涅槃归真») туындысы буддизм идеологиясымен әлемді тану, әлемдік фатализм көзқарасын зерттеді. Оның сол уақыттағы негізгі романы «Өмір құсы», «Саудагер әйел», «Күлгін өрмекші» тағы басқалар болды. Уаң Тоң Жаудың ертедегі «Махаббат» пен «Сұлулық» романдары – өнегелі туындылардың бірі. Қоғамдағы



ілім-білімнің пайдасы анық айқындала бастады, сол идеяны жүзеге асырған адамдардың бірі – Уаң Тоң Жау. Оның

«Көл жағасындағы әңгіме», «Өмір мен өлім желісі», «Кеме апаты» тағы басқа шығармалары реалистік бағытта жазылған, онда төменгі топтағы халықтың езгісі, бақытсыз өмірі баяндалады. Биң Шиннің «Жалғыз адам» романында адамдар арасындағы жанашырлық, қайырымдылық сөз болады, қара түстес реализмді жартылай ғана ашады. Қара түстес реализмнің жартылай ақниеттілігін ашып көрсетеді, сол кезде жомарттық сезім пайда болады. Лу Иннің «Теңіз мұхитшылары» прозасы – сол уақыттағы өнегелі туындының бірі.

«Өмірдің мәнін іздеуде» (追求人生意义) романы адами құндылық жайында, сонымен қатар әйелдердің білімге деген құштарлығымен толықтырылған. Кейбір мазасыз, сары уайымға берілген адамдардағы « 恨 » «Жек көру» қасиетінің жауабын зерттейді. «5-4» кезеңіндегі шығармалар қоғамдағы реализмді анық бейнелейді.

### Түсініктеме

– **Фатализм** (латынша *satalis* – қашып құтылмайтын) – әрбір оқиғаны және адамның әрбір әрекетін о баста бекітілген деп білетін, қалау еркі мен кездейсоқтықты жоққа шығаратын дүниетанымдық тұжырымдама.

Фатализмнің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады. қайырымдылықтың, сырқаттың немесе жұмыссыздықтың сипаттамасы ретінде жиі анықталады.

### Дәріске қатысты қаламгерлер



**Жазушы Ие Шың Тау** (叶圣陶 Ye Shengtao 1894-1988)

Ие Шың Тау (叶圣陶或叶绍钧) 1894 жылы 28 қазанда Жяңсу провинциясында Сужоу қаласында дүниеге келді. Оның әкесі жалға берушінің есепшісі болып жұмыс істеді. Олардың өмірі қарапайым

болды. Алты жасында алғашқы мектепке оқуға түседі. Ол әкесінің жұмыс бабы бойынша көптеген жерлерге жиі саяхаттайтын. Ол барлық қалаларды аралап, қарапайым кедейлердің өмірімен танысады. 1907 жылы Ие Шың Тау Саоцяо (草桥中学) училищесіне оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін, ол бастауыш мектепте мұғалім болып өмір жолын бастайды. 1914 жылы өз еркімен жұмыстан шығады. Жұмыссыз қалған ол өзін толығымен әдебиетке арнайды. Оның романдары "Libailiu журналында" ( " 礼 拜 六 " ), ол Шанхай прессасы ұйымдастырған мектепке жұмысқа тұрғанша басылады. Сонымен қатар ол 1915 жылы бастауыш Шанхай прессасына арналған кітаптарға редактор болады. Ие Шың Тау теңсіздік жоқ кезде, 1894 жылғыҚытай-Жапон соғысы кезінде, жүз күндік реформа ( 戊 戌 政 变 / 百 日 维 新 ) кезінде өмір сүрді. Оның жастайынан көрген өмір тәжірбиесі болашақта журналист және мұғалім маманы болуына әсерін тигізеді. Ие Шың Тау 1988жылы 16 ақпанда қайтыс болады.

Ие Шың Тау өмір бойы әдебиетті дамытуға жұмыс істеді. 1919 жылғы «4 мамыр қозғалысының» әсерінен өзінің әдебиеттегі мансабын бастайды. Ол Пекин университетінен шыққан Xinchao (新潮社 1919-1920жж.) атты студенттік қоғамда өзінің өлеңдерін, прозаларын, драмаларын шығара бастайды. 1921 жылы Ие Шың Тау, Мао Дүн, Жың Жы До – үшеуі бірігіп, бірінші әдебиет қоғамының жаңа әдебиет қозғалысының негізін салады. 1936 жылы Ие Шың Тау, Мао Дүн, Хун Сен «Қытай әдебиеті және қоғамның өнерін» (中国文艺家协会) шығарады. 1941 жылы ол «Әдебиет пен тарихты үйрету» ( 文 史 教 学 ) комитетіне редактор болады. Ол сонымен қатар «Жапон империалистеріне қарсы әдебиет қоғамында» (文艺界反帝抗日大联盟) жұмыс атқарады.

Ие Шың Тау қазіргі заман қытай тілінің дамуына үлкен әсерін тигізді.

Мысалы, ол Қытай оқытушыларына балаларды оқытуда жаңа идея алып келді. Бұл деп отырғанымыз – оқушылар ұзақ кітаптың

мазмұнын оқудың орнына арнайы әдістермен оқытылды. Бұл әдіс Қытай білім беру саласына жаңашылдық әкелді. Яғни бұл әдісті көбіне есте сақтау және тәрбие беру мақсатында пайдаланды. Ол осы сияқты бағдарламаларды студенттерге қолдануды дұрыс деп шешті.

Журналист есебінде Ие Шың Тау басты назарды тілді қолдануға бөлді. Бұған себеп мүмкін оның мұғалім болғаны және он жылдан аса редактор болғаны шығар. Оның ойынша, жазу ол оқырмандарға арналған, ал жазба жұмыстар оқырман мен жазушы арасындағы байланысқа арналған. Бұл кезде жазушылардың ең басты мәселесі, олар негізгі жазушылардың әдістерімен жабдықталмаған еді. Жиі тек жақсы білім алған адамдар ғана олардың жұмыстарын бағалай алды. Жазушылар көбінесе практика жағына көп көңіл бөлді. Ие Шың Таудың ойынша, жазушылар түсінікті және практика түрінде жазу керек.

«Егер кімде-кім менен мансабым туралы сұраса, бірінші журналист, екінші редактор деп айта аламын». Ие Шың Тау өзінің өмірінің көп бөлігін редактор және баспа шығарушы қызметіне арнаған. 1923 жылдан бастап ол Шанхай баспасөзінде редактор болады. Осында ол өзінің көп еңбектерін басып шығарады. 1930 жылы ол Кайминг баспасөзінде (开明书店) редактор болады. Ол кітаптарды қытай тіліне аударды, сонымен қоса балаларға арналған кітаптар жазу бастайды.

Шындық – өмір айнасы. Шындық – Ие Шың Таудың ұстанған басты принципі болды. Оның жазған шығармалары қоғамның және адамның шіріген қасиеттерін бейнелейтін айна сияқты. Тәрбиеші болғандықтан оның жұмыстарының көбісі тәрбиелікке бағытталған. Ол "От" ("火灾"), "Көкжиек астында" ("线下") және "Әжуа" ("稻草人") сияқты романдарында демократиялық және әлеуметтік ойларды бейнеледі.

Ие Шың Таудың ең алғаш академиялық эссесін балалар әдебиеті құрады. Ол «Балалар концепциясы» (儿童之观念) деп аталды. Ол Қытайдағы балалар өміріне сипаттама берді. Шындығында ол 1920 жылы алғаш балалар ертегісін жазған жазушы болды. Оның "Әжуа" ("稻草人") атты романы 1923 жылы жарияланды. Бұл балаларға арнап жазылған шығарма

жасөспірімдер арасында әйгілі болды. Тағы бір «Ертедегі тас батыры» ("古代英雄的石像") атты ертегісі шықты. Бұл қарапайым тілдежазылған ертегілерге жоғары тап өкілдері күліп қарады. Бірақ студент ДинЛинь оның ертегілері қоғамға деген жаңа сезімдерді оятатынын айтты. ИеШың Таудың ертегілері қарапайым, бірақ мағынасы терең болды. Оның ойынша, балалар қоршаған ортаны түсіну керек. Сондықтан оның ертегілері балаларға қоғамды, олардың қарым-қатынасын түсінуге мүмкіндік берді.

Ие Шың Тау өзіне қатысты мағыналық сөздерді таңдай алатын тамаша жазушы болды. Ол өзінің журналдарында сезім мен эмоцияны жарқын бейнеледі. Өздерінің жұмыстарын ол терең сезімге еніп жазды. Атақты жазушы Чжао Цзин Шэнь (赵景深) Ие Шың Таудың әдебиеттегі маңыздыорнын және тамаша мінезін ерекше бағалады. Оның жұмысының әдемілігі қандай жағдай болсын, жалғаса берді. Ие Шың Тау «Сезім – ол бір жарық әлем сияқты, барлық сезіммен бейнеленген шығармалар осы әлемге баға сияқты» деп жазды. Бұл оның тек ертегі жазушы емес, сонымен қатар ұлы суреткер екенін білдіреді. Ие Шың Таудың шындықты бейнелейтіні көптеген жазушыларға негіз ретінде болды. Ол өзі шет тілінде көп оқыған, оған ертегілер жазуға көп көмегін тигізгенін мойындады. «Егер мен ағылшын тілін үйренбесем, ағылшын тіліндегі әдебиеттерді оқымасам, мен романдар жазбас едім» деді ол. Ол тек жазушы ғана емес, сонымен қатар журналист болды. Бұл оның шығармаларында жарқын көрінді. Ол қазіргі заман Қытай әдебиетіне жаңа өзгерістер енгізді.

### **Ие Шың Тау шығармалары:**

"Қарлы таң" 雪朝 (өлең) 1922 ж., "Әжуа" " 稻草人" (роман) 1923 ж., «Көкжиек астында" "线下" (әңгімелер жинағы) 1925 ж., "倪焕之" (роман) 1929 ж., "Ертедегі тас батырлар" "古代英雄的石像" (ертегілер жинағы) 1931ж., "Әдебиет жүрегі" "文心" (білім) 1934 ж. (夏丏尊 бірге жазған). «Уй янжидағы

жаттығулар» "未厌居习作"(проза) 1935ж. әңгімелер жинағы" "圣陶短篇小说集" (Қысқаша әңгімелер жинағы.) 1936ж. " Ие Шың Тау таңдамалы жинағы" "叶绍钧选集" (жинақ) 1936 ж., "略读指导举隅" (білім) 1946 ж., (朱自清 бірге жазған) "Ертегілерді зерттеу" "儿童文学研究" 1947 ж., "精读指导举隅." (білім) 1948 ж., "Жазбалар" "写作杂谈" (білім) 1951 ж.



**Жазушы Уаң Тоң Жау (王统照 Wang tong zhao 1897-1957)**

Шандоң өлкесінің Жучың ауданының тумасы, қоғам шындығын шебер жазған жазушы, ол өз шығармаларында махаббат пен сұлулықты өзек етіп алады. Ол «Терең ой» әңгімесінде адамдық қасиеті өте жоғары әйелді сөз етсе, «Күлімдеу» атты әңгімесінде қылмысты әйел жайында сөз етіп, адамды терең пәлсапалық ойға жетелейді. Оның «沉船», «刀柄» сияқты әңгімелері таза ауыл әдебитінің үлгісінде жазылған. «黄昏 Ымырт» «山雨 Тау жаңбыры» атты романдары қоғам шындығына құрылған.



**Жазушы Шүй Ди Шан (许地山 Xu di shan 1893-1941)**

Ата-бабасы Гуаң Доң өлкесінікі, өзі Тайвань өңірінің адамы. Шын есімі Ди Шан, қаламгерлік аты Ло Хуашың. Ол кішкентайынан отаншыл, діншіл болып өскен, оның шығармаларында діни сарын басым болды. Оның «Тағдыр құсы» атты әңгімесінде ата-анасын ренжітіп үйленген қос ғашықтың феодалдық қоғамның құрбанына айналған тағдыры суреттеледі. Артыншашығарманы адам рухы негізінде тағдыр құсымен байланыстыра жазады. Оның «Саудагер әйел» атты әңгімесінде адам өмірі қиыншылық

пен қуаныштантұрады, сенің торыққан нәрсең өкініш, үміттенген нәрсең жұбаныш деп ой түйеді жазушы.

Шығармалары: «Үш доктор», «Мұңсыз гүл», «Адам адам емес», «Темір балықтың жағы» әңгімелері бар. Ол христанның махаббат, будданың сүйіспеншілік, даужияның мейірім және халықтық діни салттарын дәріптеудінегіз етті.

– *Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар*

➤ **Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Бірінші азаматтық соғыс кезеңінде пайда болған әдебиеттің ерекшелігі неде?
2. «Жаңа жастар» журналы Қытай әдебиетіне қандай әсерін тигізді?
3. Уаң Тоң Жау қытай әдебиетіне қандай үлесін қосты?
4. Шүй Ди Шан «Тағдыр құсы» романында не жайлы баяндайды?

➤ **Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Уаң Тоң Жау Саудагер әйел  
Оуян Цян Әжуа  
Шүй Ди шан Үйге қайтқаннан кейін  
Ие Шың Тау Тау жаңбыры

➤ **Тест**

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. Шүй Ди Шанның «Нирванаға жету» туындысында не жайында әңгімелейді?
  - A. Әділетсіз қоғам
  - B. Балалық шаққа оралу
  - C. буддизм идеологиясымен таныстыру
2. Әйелдердің білімге деген құштарлығы жайында суреттейтін Лу Ин прозасы
  - A. Теңіз мұхитшылары
  - B. Арман қуғандар
  - C. Сенбілік
3. Ли Да Чжаудың Қазан революциясы мен марксизм идеологиясын Қытайға таныстырған мақаласы
  - A. Менің марксистік көзқарасым
  - B. Жаңа мәдениет кезеңі
  - C. Жеңіс ұраны

4. Төмендегі тізімнен Шүй Ди Шанның прозаларын белгілеңіз

- A. Әдебиет жүрегі, Көкжиек астында
- B. «Үш доктор», «Мұңсыз гүл»
- C. Алтын тау, Қалың ой

5. Йе Шың Таудың ең алғаш академиялық эссесін кімдерге арнап жазылды?

- A. Жастарға
- B. Жазушыларға
- C. Балаларға

6. «Ымырт» «Тау жаңбыры» шығармаларының авторы?

- A. Йе Шың Тау
- B. Го МоРо
- C. Уаң Тоң Жау

7. «Әдебиет – қазір өзінше бір ғылым. Оның зерттеу объектісі – адамөмірі, зерттеу құралдары – өлеңдер, пьесалар, әңгімелер және романдар» деп айтқан қай жазушы?

- A. Лу Шүн
- B. Ли Дачжау
- C. Мао Дүн

8. Адамдар арасындағы жанашырлықты бейнелейтін Биң Шиннің шығармасы

- A. Жалғыз адам
- B. Кішкентай оқырманға хат
- C. Ана жүрегі

### **СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар**

1. Го Мороньң Жапониядағы жас шетел студенттерінің өмірлік мәселелеріне арнап жазған туындылары

- 2. Уаң Тоң Жаудың шығармашылығындағы «爱» мен «美» романдары
- 3. Қытай жазушысы Шүй Ди Шанның романдары
- 4. Йе Шың Таудың 1920-1930 жылдары аралығында жазылған әңгімелері
  - *Көркем оқу*
  - 叶圣陶《稻草人》

– 稻草人是农人亲手做的。他的骨架子是细竹枝，肌肉和皮肤 (fū) 是隔年的黄稻草。破竹篮子和残荷叶都可以做他的帽子；帽子下面的脸平板板的，分不清哪里是鼻子，哪里是眼睛。他的手没有手指，却拿着一把破扇子——其实也不能算拿，不过用线拴住扇柄，挂在手上罢了。

了。

他的骨架子长得很，脚底下还有一段，农人把这一段插在田地中间的泥土里，他就整日整夜站在那里了。

稻草人非常尽责任。要是拿牛跟他比，牛比他懒怠（dài）多了，有时躺在地上，抬起头看天。要是拿狗跟他比，狗比他顽皮多了，有时到处乱跑，累得主人四处去找寻。他从来不嫌烦，像牛那样躺着看天；也从来不贪玩儿，像狗那样到处乱跑。

他安安静静地看着田地，手里的扇子轻轻摇动，赶走那些飞来吃稻穗（suì）的小雀。他不吃饭，也不睡觉，就是坐下歇一歇也不肯，总是直挺挺地站在那里。

一个满天星斗的夜里，他看守着田地，手里的扇子轻轻摇动。新出的稻穗一个挨一个，星光射在上面，有些发亮，像顶着一层水珠，有一点儿风，就沙拉沙拉地响。

稻草人看着，心里很高兴。他想，今年的收成一定可以使他的主人——一个可怜的老太太——笑一笑了。她以前哪里笑过呢？八九年前，她的丈夫死了。

她想起来就哭，眼睛到现在还红着，而且成了毛病，动不动就流泪。她只有一个儿子，娘儿俩【liǎ】费苦力种这块田，足足有三年，才勉强把她丈夫的丧葬费还清。没想到儿子紧接着得了白喉，也死了。她当时昏过去了，后来就落【lào】了个心痛的毛病，常常犯。

这回只剩她一个人了，老了，没有气力，还得用力耕种，又挨了三年，总算把儿子的丧葬费也还清了。可是，接着两年闹水，稻子都淹了，不是烂了就是发了芽。她的眼泪流得更多了，眼睛受了伤，看东西模糊，稍微远一点儿就看不见。

她的脸上满是皱纹，倒像个风干的橘子，哪里会露出笑容来呢！可是今年的稻子长得好，很壮实，雨水又不多，像是能丰收似的。所以，稻草人替她高兴。

想到收割的那一天，她看见收的稻穗又大又饱满，这都是她自己的，总算没有白受累，脸上的皱纹一定会散开，露出欣慰的满意的笑容吧。如果真有这么一笑，在稻草人看来，那就比星星月亮的笑更可爱，更可珍贵，因为他爱他的主人。



稻草人正在想的时候，一个小蛾飞来，是灰褐色的小蛾。他立刻认出那小蛾是稻子的仇敌，也就是主人的仇敌。从他的职务想，从他对主人的感情想，都必须把那小蛾赶跑了才是。于是，他手里的扇子摇动起来。可是扇子的风很有限，不能够叫小蛾害怕。那小蛾飞了一会儿，落在一片稻叶上，简直像不觉得稻草人在那里驱逐似的。

稻草人见小蛾落下了，心里非常着急。可是他的身子跟树木一样，定在泥土里，想往前移动半步也做不到；扇子尽管扇动，那小蛾却依旧稳稳地歇着。他想到将来田里的情形，想到主人的眼泪和干瘪（biè）的脸，又想到主人的命运，心里就像刀割一样。但是那小蛾是歇定了，不管怎么赶，他就是不动。

星星结队归去，一切夜景都隐没的时候，那小蛾才飞走了。稻草人仔细看那片稻叶，果然，叶尖卷起来了，上面留着好些蛾下的子。这使稻草人感到无比惊恐，心想祸事真的来了，越怕越躲不过。可怜的主人，她有的不过是两只模糊的眼睛；要告诉她，使她及早看见这个，才能挽救呢。

他这么想着，扇子摇得更勤了。扇子常常碰在身体上，发出啪啪的声音。他不会叫喊，这是唯一的警告主人的法子了。老妇人到田里来了。她弯着腰，看看田里的水正合适，不必再从河里车水进来。又看看她种的稻子，全很壮实；摸摸稻穗，沉甸甸的。

再看看那稻草人，帽子依旧戴得很正；扇子依旧拿在手里，摇动着，发出啪啪的声音；并且依旧站得很好，直挺挺的，位置没有动，样子也跟以前一模一样。她看一切事情都很好，就走上田岸，预备回家去搓（cuō）草绳。

## X ДӘРІС

### Қытай әдебиетіндегі романдардың көркемдік дамуы

---

**Сабақтың мақсаты:** 1917–1927 жылдар аралығындағы романтика идеологиялық ағымның таралу себін жайында түсініктеме беру **Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Үй Дафудың романдары
2. «Сазды қазан» халық әні
3. Го Мороның «Перизат» жыр жинағы

**Тірек сөздер:** лирика, әдебиет, автобиография, сюжет

1917–1927 жылдар аралығындағы қоғамның негізгі лирикалық ағымы – романтика идеологиялық ағымның таралуына себін тигізді. Лирикалық ағымды таратушылардың қатарына кіретін өнегелі жазушылардың бірі Го Моро, Үй Дафу, Жаң Зыпиң тағы басқа. Го Моро мыңнан астам роман басып шығарды, оның ішінде жазушы өзінің «Қойшының зары» шығармасында антиимпериалистік көңіл-күйді білдірді; «Жылдам ағыс трилогиясын» және тағы басқа шығармаларын жарыққа шығарды. Бұл шығармаларында жазушы жастардың жол таба алмай қиналғанын көрсетеді, олардың тұрмысы мен махаббатының қиыншылығы жайында баяндайды. Ол «Төмен түсу» жинағы,

«Сұр түсті өлім», «Оңтүстікке қарай жылжу» үш романымен қамтылды, романдардың барлығы Жапониядағы жас шетел студенттерінің өмірлік мәселелеріне арналды, «Жастардың меланхолиясын ашу», «Төмен түсу» повесі антиимпериалистік, патриоттық идеологияны білдірді. Үй Дафу– ертедегі роман жасаудың идеясын көркем ерекшелеген ең үлгілі өкілдердің бірі. Үй Дафу Жапониядан отанына оралғаннан кейін, жаңа роман жаза бастады. Үй Дафу романдарының мінезі анық; Автобиографиясы сипаты жағынан жанры лирикаға толы, роман идеясы күрделі, қара түнектей қайғы- мұңға толы. Жаң Зыпиң

өзінің көптеген романдарында өмірдегі махаббат мәселесін оқырманға ұсынған, «Ол елінің аспанына өкінішпен қарады» (她怅望着祖国的天野) әңгімесі, Мейлиндегі көктем (梅岭之春) және тағы басқа әңгімелері, төменгі топтағы әйелдер мәселесін қозғайды. 1922 жылы басылыпшыққан «Аллювий қазбалары» (冲积斯化石) туындысы – өзіндік салттық сипаты тұрғысынан қазіргі заман әдебиетіндегі бірінші роман болып табылады.

«Ауыл-қыстақ әдебиет» (乡土文学) ағымы Лу Шүн романдарының идеясына әсер еткен деуге болады. Өнегелі жазушылардың бірі Ван Луян, Сю Цинвэн, Ван Реншу, Сю Цзе және Пэн Цзяхуан. Бұл жазушылар ауылдан шыққан, отанының жағдайын басқа жазушыларға қарағанда жақсы біледі, бұл романдарында жақсы байқалады, онда ауыл халқының қиыншылықтары, болашағы сөз болады. Оларға: Лу Шүннің «Сары алтын», «Джуингтің үйленуі» шығармалары, Сю Цинвэнның «Тас», Ван Реншудың «Таусылған», Сю Цзенің «Қасірет», «Құмар ойыншы Цишун», Пэн Цзяхуанның «Ынталандыру», «Тірі елес» және тағы басқа шығармаларын жатқыза аламыз.

«Авторитет», «Сәтсіз жұлдыз», «Оптимизм» тағы басқа өлеңдері феодалдық державаға қарсы идеяны ұстанды, халық еркіндігін сөз етті, төңкеріс сипатынашып көрсетіп, оңтайлы сарын, абсолютті жаңа әдісті қолданады; «黄克强先生哀辞» – мемлекет үшін өзін құрбан еткен, белсенді топқа жататын революционер, ардақты адам. «人为车夫» қоғамы жұмысшы таптың идеологиясына өз рақымшылығын білдіреді. «Тас лақтыру» тілдік ерекшеліктерді тиімді пайдаланады, тек байхуаны ғана қолданбай, табиғи буынды қолданады. Бірақ ескі өлең жаңа, еркін өлең ізіне түседі, мысалы, Ху Шы өзі айтқандай «Өткен уақыттағы қан иісі»; Шен Ынмо – «Ай түні» өлеңі алғаш санвэнь формасында жазылған көрнекті шығарма; «Саньсян» шығармалары буынды, келісім мен көңіл-күйді ымдап, көптеген адамдардың мақтанышын туғызды. Лю Банноңның жаңа өлеңінің формасы мен буыны жаңа ырғаққа түсті, ол «Ескі идеологияны бұзып, жаңа идеологияны құру» мен «Поэтиканы күшейту» деген дәйексөздерді шығарған, халық әндерін жинаған, Фаң Сяо Цзян

«Сазды қазан» («瓦釜集») атты жинағы халық әніне айналды. Оның алғашқы туындысы «Арадағы бір қағаз» үздік шығармасы жазушының реалистік қоғамға қарсылығын анық байқатты. Лю Дабайдың «Үй иесі келеді», «Мата балладаларын сату» тағы басқа өлеңдерінде беделді және бай жер иеленушілердің тойымсыздығы, ашушаң және қатігездігі, халықтың қайғысы мен қасіреті жайында жазады. Лю Дабай жаңа қарапайым халыққа арналған өлең жазуға бар күшін жұмсады. Оның көптеген өлеңдері ауыл жайында жазылған, ол өз шығармаларында анық реалистік идеология тенденциясын, қарапайым халықтық форманы қолданған.

Го Мороның «Перизат» (女神) жыр жинағы 1921 жылы тамыз айында басып шығарылды. «女神» -ның негізгі идеологиясы ескіні құртып, жаңаны құру еді. Жоғарыда айтылған мазмұнмен қатты байланысқан «女神» патриотизмнің халықтық сипатын терең айқындайды.

Суй Ли Чы мен Ху Шы-ның «Тас лақтыру» шығармасы жаңа рухқа толы, өлеңдері революциялық шындықтың жаңа әдісін білдіреді. «Пештегі көмір», «Қайырлы таң», «Қарақшыға ода» тағы басқа шығармалар мемлекетке деген терең, шексіз махаббатты білдіреді. Табынушысына табынуға қарсы 神 – нің негізгі ерекшелігі құрметпен қарауға тұрарлық бостандық сипатына ие.

«Теңгу», «Жер», «Менің анам» тағы басқа өлеңдерде ақын образы ерекше айқындалып, өз ішкі сезіміндегі арпалысты баяндайды. «神» үздік, романтикалық ағымға толығымен айқын түс беретін шығарма, көптеген өлеңдері мифке құрылатындықтан, арнайы сюжеті бар, онда автордың ішкі сезімі анық байқалады; романтикалық бағытты символ ретінде қолданғандықтан шығармада айқын түстер қоюлана береді, ерлікке толы пафос пен фантазияға бай, бостандыққа деген құштарлықты бейнелейді.

Шығармашылыққа жан-жақты әсер ететін көптеген материалдарды, реалистік қоғам өміріндегі мәселелерден алады, Дин Силиндің « Бір ара»,

«Басқыншылық», Хун Шенның «Чжао Ян Ван», Тиян Ханның «Жолбарыс түні», Оуян Цянның «Виксен», «Үйге қайтқаннан кейін» сияқты, тағы басқа авторлардың барлығы қоғамдағы адамдардың өмірін жан-жақты суреттейді. Онда өзара махаббат, үйлену, отбасы, әйел бостандығы, этикалық сарын, тағы басқа қоғамдағы мәселелер сөз болады. Сондай-ақ комедия мен трагедияның деңгейі едәуір өсті. Тарихи драмалар жазылды, тарихи тақырыпта жазатын ГоМороның ең көрнекті шығармасы «Чжуо Вэнцзюнь», «Ван Чжаоцзюнь» үш бөлімді тарихи романы. Кейін қайта басып шығарып, «三个叛逆的性» деп атады.

XX ғасырдың басында пайда болған революциялық пролетарлық қозғалыстың үлкен тарихи мәні бар. Ол Қытай революциясының тарихындағы жаңа деңгейдің негізін салды, жұмысшылар тобы басқаратын демократияның жарыққа шығатынын паш етті.

Қай қоғамда болмасын баспасөздің басты міндеті оқырмандардың қоғамдық пікірін дұрыс жағынан қалыптастыру екені анық. 1917-1927 жылдары қарапайым халықтың мәселесі баспасөз бетінен түскен емес. Қытайдағы 4 мамыр әдебиеті әр қырынан зерттелгенмен, сол кезеңде пайда болған «Жаңа жастар» журналы жайында зерттелмеген ақпараттар көп. «Жаңа жастар» журналының Қытай әдебиетіне тигізген әсері өте үлкен. Сол кезеңдебасылып шығарылған көптеген материалдар, редакцияда жұмыс атқарған көптеген жазушылар Қытайдағы жаңа әдебиетті қалыптастыруға өз үлесін қосты.

Ақын, жазушылар Го Моро, Лу Шүн, Биң Шин, Үй Дафу және басқа да классиктер Қытай халқының ұлттық сипаты мен рухани өміріне өзгерістер алып келді, түптеп келгенде, әдебиетті бірізділікке (унификация), қасаңдылыққа (стандартизация), этникалық тегінен ажырауға (деэтнизация) өктемдікпен икемдеді.

1923 жылы Шүй Жы Мо бастаған ақындар «Жаңа ай қоғамы» әдеби қоғамын құрды. Бұл қоғамда «Жыр қанаты» деген тек ақындар жиналатын орта болды. Демек, Қытай қоғамы 1919 жылдан кейін өте жақсы жұмыс істеді. Бүкіл Қытай халқын оятуға себепкер болды. Қытай қоғамында көптеген жетістіктер өз

жемісін берді. ҚКП құрылуымен әдебиет бүкіл халықтың көзін ашып, жаңа табыстарға қол жеткізді.

Йе Шың Таудың 1919 жылы жарық көрген «Фан мырза Нанжұнда» әңгімесі Қытай қоғамында ерекше назарға ілінді. Жалпы, Лу Шүн конфуцийшылдықтың сынаушысы, марксизмді ұстанушы, дарвинизмнің жақтаушысы болды десек, ал Шүй Ди Шан өз кезегінде буддист болған еді. Бирма мен Малайзияға барған. Оның «Тағдыр құсы», «Саудагер әйел» атты шығармалары бар.

### *Түсініктеме*

– Унификация (латын тілінен unus “бір” + facio “мен”; “біріктіру”) – біржүйеге немесе формаға келтіру.

– деэтнизация – белгілі бір халықтың этникалық сипаттарын жоғалтуы.

### **Дәріске қатысты қаламгерлер**



**Жазушы Жаң Зыпиң 张资平 (1893-1959)**

Гуаң Дүң өлкесі, Ми шиян ауданында туған.

«Тапқырлау қоғамының» жазушысы. Ол – сан алуан тақырыптарға бара беретін күрделі романтикалық және шындықты жазатын жазушы. Оның алғашқы «Үе таң өзенінің суы» атты әңгімесі бар. «Ағаш отырғызу мерекесі», «Барлық істің мұңы», «Мүз дәуірі» сияқты әңгімелер жазған. Оның «冲极期化石», «飞絮苔莉» атты романы бар.

Жаң Зыпиң классикалық білім алып, 1912 жылдан бастап Жапонияда оқығаннан кейін 1922 жылы Токио императорлық университетінде геология мамандығы бойынша білім алды. Қытайға қайтып оралған соң, ол әртүрлі іскерлік істермен айналысты, әңгімелер жазды, геология мен әдебиеттен сабақ берді. Алайда олақырында әдеби мансапты шешіп, Үй Дафу, Го Моро және Тиян Ханмен бірге халықтық және заманауи әдебиетті насихаттайтын «Тапқырлау» қоғамын құрды. Жаң Зыпиң әдеби

журналының редакторы болып жұмыс істеді және дәл осы уақыт ішінде ол «Аллювиал қазбалары» (冲积期化石, 1922) жариялады. Бұл оның алғашқы романы және 4 мамырдағы алғашқы ұзақ мерзімді фантастикалық шығармасы болды. 1928 жылы Тапқырлау қоғамынан шыққаннан кейін ол өзінің «Личун» баспасын ашты, әртүрлі кітаптар мен әдеби журнал шығарды. Оның көркем әдебиеті 1930 жылдардың басынан кейін бәсеңдеді, ал онжылдықтың ортасында ол негізінен ғылыми кітаптар жазды және жапон тілінен аудармалар жасады. Соғыс кезіндегі Шанхайда өткен және 1945 жылы жарық көрген «Заманауи қызыл хат» (新红A字) романы оның соңғы жазған романы болды. Екінші Қытай-Жапон соғысы кезінде ол ауыл шаруашылығы және тау-кен ісі департаментінде жұмыс істеді, кейінірек Қытай-Жапон мәдениеті қауымдастығының журналын басқарды. Жапония империясы жеңілгеннен кейін оны 1947 жылы Гоминьдан үкіметі мемлекетке опасыздық жасады деген айыппен тұтқындады. 1948 жылдың басында оны бес айға бас бостандығынан айырды, 1949 жылдың басында бостандыққа шықты. Кейін Жаң Зыпин Шанхайда геология пәнінен сабақ беріп, аударма және өңдеу жұмысын жалғастырды. 1955 жылы маусымда контрреволюцияшыл деген айыппен тұтқындалып, 1958 жылы қыркүйекте 20 жылға сотталды. 1959 жылы Аньхойдағы еңбек фермасына жіберіліп, 2 желтоқсанда қайтыс болды.



**Ақын Уаң Миң (王明 Wang Ming 1904-1974)**

Уаң Миң (1904–1974) жылдар аралығында өмір сүрген. Әуелгі аты 陈绍禹, Анхүй өлкесі Люуан ауданындағы Тас ауылы Матоу елді мекенінде туған. Кедей отбасының баласы. Ол кішкене кезінен-ақ зерек болған. 5 жасында әріп таныған. 6 жасында кітаптарды жатқа оқитын. 7-8 жасында классиктерді оқыған.

1920 жылы ауыл шаруашылық институтына оқуға түскен. Содан кейін төңкеріске қатысқан. 1924 жылы Ушаң университетіне оқуға түскен. Кейінен Хубида төңкерістік жұмыс

атқарған. Одан соң Ресейде оқыған және сол жерде талай жыл коммунистік партияның жұмысын атқарған, сөйтіп, 1937 жылы еліне оралған. Солшыл жазушы болған. 1937 жылы қараша айынан бастап, ол сенат төрағасы болған. Кейіннен ол Мау Зыдүңға қарсы шыққан. Қытай қыздар мектебінің директоры және қытай әйелдер спорт қоғамының төрағасы және мәжіліс депутаты болған. 1941 жылы ауырып, демалысқа шыққан. 1942 жылы солшыл делініп сыналған. 1949 жылдан кейін қайтадан билікке араласып, басшылық қызметтер атқарған. Қытай саяси кеңесінің төрағасы, бас прокурор болған. Қытайдың ең алғашқы жаңа неке заңының да авторы – осы кісі. Оның «王明诗歌选» жыр жинақтары бар.

Бұдан басқа, «王明传», «王明言论选辑», «中国革命危机的加深和中国共产党的任务», «武装暴动», «为什么不组织雇农工会» сияқты саясикітаптары бар.

### **Жазушы Ли Жие (李劫 li Jie 1891-1962)**

**Ли Жие** 1891-1962 жылдар аралығында өмір сүрген атақты жазушы, ол Сычуан өлкесі Чыңду қаласының тумасы. Әуелгі аты Ли Жия Шяң. Оның қалам аттары –Лау Лан, Шао Гүң. Олның жастық шағы өте ауыр жағдайда өтті, кедейшіліктің қамытын мықтап киіп жүргенде әкесі қайтыс болды. Ол жоқшылықтан 21 жасында мектеп бітірді. Ол тапқан ақшасына газет-журнал сатып алатын. 1918 жылы ол Францияға жұмыс істеп жан бағуға кетеді. Осыдан бастап оның жолы болып, Францияда университетке оқуға түсіп, әдебиетпен шөлін басады. Батьстың көптеген шығармаларын оқып тауысады және аудармамен айналысады. 1924 жылы отанына оралады. Ол келгеннен кейін Дүңнан университетінде лекция оқиды. «Шолушы» дейтін газетте редактор болып жұмыс атқарады. 1925 жылы Чыңду мемлекеттік университетіашылғаннан кейін сол жерде жұмыс атқарады. Ол сонымен бірге қағаз жасау зауытын ашып, оның бастығы болып жұмыс істейді. 1949 жылдан кейін қалағаәкім болып та жұмыс атқарды. Оның шығармалары: «暴风雨前», «大波», «死水微澜» және көптеген аудармалары бар.



– Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар

➤ Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:

1. «Жаңа ай» қоғамындағы тек ақындар жиналатын орта қалай аталды?
2. Тарихи тақырыпта жазылған ГоМороның ең көрнекті туындысы қай жылы шықты?
3. Жаң ЗыПиңнің 1945 жылы жарық көрген соңғы романы қалай аталады?
4. Го Моро «神» шығармасында не жайлы баяндайды?

➤ Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:

Ли Жие 武装暴动 (Қарулы көтеріліс)

Шен Ын Мо 大波 (Үлкен толқын)

Уаң Миң 新红 A 字 (Заманауи қызыл хат) Жаң Зыпиң 月夜 (Ай түні)

➤ Тест

**Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. 1919 жылы жарық көрген Ие Шың Таудың Қытай қоғамында ерекше назарға ілінген әңгімесі  
А. Фан мырза Нанжұнда  
В. Қиын жағдайдағы Бо мырза  
С. Тау шыңы
2. “Ауыл-қыстақ әдебиет” ағымы қай жазушының шығармасында жиі кездеседі?  
А. Вен И Дуо  
В. Лу Шүн  
С. Ху Шы
3. Лю Банноңның халық әніне айналған жыр жинағы  
А. Шексіз махаббат  
В. Арадағы бір қағаз  
С. Сазды қазан
4. Го Мороның «Төмен түсу» жинағы, «Сұр түсті өлім», «Оңтүстікке қарай жылжу» атты үш романын өзара не байланыстары?  
А. Барлығы Жапониядағы студенттердің өмірлік мәселелеріне арналды  
В. Барлығы 1921 жылы жарық көрген  
С. Үшеуі де бостандыққа деген құштарлықты бейнелейді
5. «Теңгу», «Жер», «Менің анам» өлеңдерінің авторы?  
А. Ие Шың Тау  
В. Го Моро  
С. Биң Шин

6. Шүй Ди Шан қай діннің өкілі болды?

- A. христиан
- B. будда
- C. ислам

7. «Жастардың меланхолиясын ашу» повестінің авторы

- A. Чень Ду Сю
- B. Үй Дафу
- C. Го МоРо

8. 1922 жылы Токио императорлық университетінде геология мамандығы бойынша білім алған қаламгер

- D. Жаң ЗыПин
- E. Шүй Чин Ун
- F. Уаң Луиян

### СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар

1. Тянь Ханның қоғамдағы адамдардың өмірін жан-жақты суреттейтін туындысы

- 2. Ақын Уаң Миңнің жыр жинақтары
- 3. Го Мороньң үш бөлімді тарихи романы

4. Лю Дабайдың қарапайым халыққа арнап жазылған өлеңдері

- *Көркем оқу*
- 茅盾《腐蚀》(第一章)

– 这几天内，周围的空气，似乎相当和缓。小蓉对我，忽然亲热起来；G这方面呢，自从那天一“闹”以后，他不理我，我也不再去找他。陈胖子告诉我，“没有什么大不了的事”，都是我“神经过敏”。

哼，看他们各种不同的表现，尤其是陈胖，忽然以第三者的身份，“息事宁人”好好先生的姿态，插身露脸，这难道都很单纯？哦，承蒙指导，都是我神经过敏，奇绝，妙绝！

陈胖子在三天前装作偶然而来，并且好像无意中提到了那件事，轻描淡写地说小蓉“只不过是有点歇斯底里，心地倒直爽”，而终于归结到“多一事不如少一事”，——哈哈，这不活像是个“与世无争”的隐士的口吻？

我当时就刺他一下道：“我真想不到陈秘书把红尘看破，是一位快要披发入山的高士了！幸而我前几天没有找你帮忙，不然，倒使你为难！”

“那也不尽然！”他俨然正容说，“排解纠纷，跟我的处世哲学原也是并行而不悖。”

我未及作答，他把他那油亮晶晶的圆脸凑近一些，几乎碰到我的蓬松的卷发，用了恳切的声调接着说：“飞短流长，在这里是家常便饭。其实没有什么大不了，你何必神经过敏。都是为了太闲。他们的作风，我很了解。可是我也了解你，你比他们深刻。小小的误会也许就出在这上头了，无所谓！”

他那身体上特有的膻臭夹杂了浓烈的香水味，熏的我有点受不了了，我侧身略略回避，笑了笑答道：“领教，领教。既然是我神经过敏，倒又不必烦劳你来排解了。但愿当真是我的神经过敏！”

后来我就失悔我当时对付陈胖子的方法，有一点错误。我没有正确地看清他的来意而将计就计。我早就知道他是怎样的一个伪君子，而我还把他这次的“访问”轻轻看过，这真是我的大意。

陈和G，和小蓉他们，是不是一伙？没有理由可说他们一定不是。

既然是的，陈为什么又来“访问”我？为什么又表示没有什么大不了，而且装出那么淡泊无求的神气？难道真是我的“反攻”奏了效，他们竟知难而退？否！我不能自信我有那么厉害，尤其不能相信他们会那么“善良”，会轻易把祸心收藏起！

然则陈的“访问”，小蓉的忽而跟我亲善，是不是一种试探呢？看起来，小蓉是来试探，但陈胖子却不是。

我很怀疑陈胖子虽与他们同谋，却自有目的。姑且这样假定：陈希冀由于他们对我那么一逼，我急了，自然向他求教；但是等候了几 天，见我这边毫无动静，那倒是他有点急了，这才有这一次装腔作势

的“访问”。所以“访问”的用意不在试探我怎样应付，而在开一条路逗引我投到他的怀抱里，而要达此目的，他是取了欲擒故纵的手段的。

可是我太大意了，“辜负”了他这片“苦心”。我应付的虽然漂亮，却不免于平庸。

他虽然一无所得而去，而我也一无所得白白放了他去！

猜想起来，这几天的“和缓”，正是G他们重新布置，发动新的攻势以前的沉静；而我却无端放弃了一个机会。我并不幻想陈大胖子真会解救我的困难。落井下石，看风使舵，以别人的痛苦为笑乐，一是他们这班人的全部主义；何况对于我，他早就存了“彼可取而玩之”的野心？但是环境既已如此，如果一心盼望半空中会跑出个好人来，而不尽可能利用狐群中的狗党，那我只有束手待毙。

我不是女人似的女人，为什么我不敢，一哼，我凭什么还想顾惜我这身体！我得好好运用我这唯一的资本。

世上还有许多好人，我确信。但是他们能相信我也是个好人么？我没有资格使他们置信。我的手上沾过纯洁无辜者的血。虽然我也是被

牺牲者，我不愿借此宽恕自己；我欲以罪恶者的黑血洗涤我手上的血迹；也许我能，也许我不能，不过我相信有一线之可能。

# XI ДӘРІС

## Жаңа әдеби ұйымдардың қытай әдебиетіне әсері

---

**Сабақтың мақсаты:** Жаңа әдебиет ұйымдарының құрылуы жайында толықанықтама беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. «Жаңа үрдіс» әдеби ағымы
2. Азаттықты жырлаған ақындар тобы
3. Қытай жазушылар одағы

**Тірек сөздер:** проза, әдебиет, роман, сюжет

1921 жылдан кейін жаңа әдебиет ұйымдары жаңбырдан кейінгі жауқазындай қаулап кетті. Әдебиет көркемөнер журналдары жер-жерде шығабастады Жаңа әдебиет қарапайым жаңалану қозғалысынан ірге бөліп, дербес қосын қалыптастырды. Сондай-ақ түрліше топтарды тудырды. Шығармалардың саны да молайды, сапасы да жоғарылады. «4 мамыр» ағарту мезгілінде бүршік атқан әдебиет төңкерісі бұл тұста өз жемісін берді. Жаңа әдебиет журналдары 1921 жылдары ғана шыға бастады. Сол жылы бір айда Мао Дун, Шуй Дишан, Жоу ЗоРын, Ие Шың Тау, Жың Жыдо, Уаң Тоң Жау сияқты адамдардың дәріптеуімен Пекин де “Әдебиетті зерттеу” қоғамы құрылды. Олар Шанхай «Шаң У» баспасы жағынан шығатын, кейін жаңаланып Мао Дуннің басқаруына өткен “Айлық прозаларды” өзінің орган журналы етті. Осы қоғамның жауаптылары Шанхайда шығатын “Әдебиет он күндігі” деп аталатын журналдың, Пекин де шығатын “Әдебиет он күндігі” деп аталатын журналдың және “Поэзия” дейтін айлық журналдың да редакторлық жұмысын қолына алды. Олар журналдармен бірге 100-ге жуық кітап та шығарды. Қоғам мүшелерінің көбеюіне байланысты Пекин , Шанхай сияқты жерлерден тыс, Гуанчжоу, Жыңжоу секілді орындарда бұл қоғамның бөлімшелері құрылып, онда да журналдар шығарылады. Әдебиетті зерттеу қоғамының құрылуына сәйкес 1921 жылы 7-ші айда Жапонияда оқып жатқанГо Моро, Уй Да Фу, Тиян Хан, Чың Фаң У, Жың Бо Чи, Жың Зы Пинсияқтылар

да «Тапқырлау» қоғамын құрды. «Тапқырлау» әдеби қоғамы ерекше ықпалды болды. Олар «Тапқырлау» деген атпен көптеген газет- журнал шығарды, әдебиеттің барлық жанрлары бойынша жұмыс жасады, өте ауқымды басталған жұмыстың жетістігі бірден көзге көрінді, онда Үй Дафу, Чың Фаң У, Жың Бо Чи сияқты мықты қаламгерлер болды. Олар жазушы ойында не бар соны бүкпесіз жазуы керек, қазіргі еліктеуден қашып, әр жазушы өз жолын табу керек, романтикалық бағытқа бойлай алуы міндетті депатап көрсетті.

Олар алдымен Шанхайда бірталай кітаптар шығарып, келесі жылы “Тапқырлау» маусымдық журналы, «Тасқын» айлық журналы, “Мәдениет сыны” сияқты он шақты журналдар шығарды.

Содан кейінгі жылдарда жер-жерде тіпті де көптеген әдебиет пен көркем өнер ұйымдары және журналдар дүниеге келді. “Жұлдызар әлемі” дейтінкітаптағы деректерге қарағанда, 1921 жылдан 1923 жылға дейін мемлекеттің жер-жерінде үлкенді-кішілі 40-тан астам әдебиет ұйымы құрылған, 52 түрлі әдеби журнал шыққан. 1925 жылы әдебиет ұйымдары мен журналдар Мау Дунның есептеуінше, 100-ден асқан. Олардың ішінде біршама жақсы іс жүргізген ұйымдар: 1920 жылы наурыз айында Ху Шы қытай жаңа заман әдебиет тархындағы алғашқы «Тас лақтыру» атты жыр жинағын жарыққа шығарды. Бұл жаңа стильде жазылған өлең қаламгерлерді тамсандырды, артынша Жоу Зорын, Каң Байчиң, Лю Дабай қатарлы ақындар жаңаша өлең жаза бастады. 1919 жылы Го Мороның «Самұрық жыры», «Қарақшының әні» секілді жаңа өлеңдері оқырманға жол тартты. 1920 жылы «Жаңа өлең жинақтары» деген кітап баспадан шықты, бұған Ху Шы, Лю Банноң, Жоу Зорын, Каң Байчиң, Го Моро қатарлы 15 ақынның 102 өлеңі енді. 1922 жылы Үй Пиңбоның «Қысқы кеш», Каң Байчиңның «Шөптер» атты жыр жинақтарыжаң өлең үлгісін толықтырып, «Тас лақтыру» деген әдеби ағым қалыптасты.

«Жаңа үрдіс» ( 新潮 ) деп аталатын әдеби ағым қалыптасып, бір топжазушылар Байхуа тілінде шығармалар жазды. Олар да Лу Шүнге еліктеп, шығармаларында қоғамдық мәселелерді көтерді. Йе Шың Тау «Осы да адам ба?» деген шығармасы арқылы күйеуінен сылқия таяқ жеген әйелдің аяныштытағдырын ашына

жазса, Үй Пың Бо «Темірші» әңгімесі арқылы шектен шыққан өзімшілдікті жеріне жеткізе жазады. Уаң Жыншың «Балықшы» әңгімесінде салық төлей алмай, не кигенге, не ішкенге жарымаған балықшының трагедиясын жазады.

Ло Жия Лүн «Махаббат па, азап па?» деген әңгімесінде өзі сүймеген әйелге үйленген еркектің тағдырын тамаша суреттейді. Бұл топты Лу Шүн жаңа заман әдебиетіндегі «**жаңа үрдіс**» **әдеби ағымы** деп атады.

**1923 жылы «Жаңа ай қоғамы»** Пекин қаласында құрылып, 1933 жылдың маусым айына дейін «Жаңа ай» журналын шығарды. Бұл әдеби ағым өз атын Үндістанның атақты ақыны Тагордың «Жаңа ай» дейтін жыр жинағының атына қойған. Бұл ағымның негізгі туын ұстаушылар Ун Идо, Шүй Жымо, ЖуШияң сияқтылар, кейіннен бір топ Англия, Америкада оқыған қытайлық студенттер осы топты толықтырды. Бұлар өлең ырғағына қатты мән берді. УнИдо өз сөзінде табиғи өлең – өлең емес, ойдан туған өлең ғана өлең деді. Бұлартағы Го Мороның еркін өлең ұйқасын қолдады. Өлең естір құлаққа ұйқасты болуы керек деді. Сонымен бірге олар өлең композициясы тығыршықтай, ұйқасы әуезді, буын саны тең болуы керек деді. Сөздері құлаққа жағымды болуы керек деді. Бұл ағымның тағы да дәріптегені – жеке адамның еркіндігі мен рухының көтеріңкі болуын идея етіп көтерді.

Ляң Шычу (1902-1987) «Жаңа ай» тобындағылардың теориясын жазған және оларға сыни көзқараспен қараған өлеңтанушы. Поэзияда осыдан кейін еркін өлең жазатын ақындар және символдап жазатын ақындар, ұйқасқа қатты мән беретін ақындар жарыққа шықты, олар Жоу Зычиң, Үе Шың Тау, Ли Жын, Мо Мутияң, Пың Найчау, Жу Шияң сияқтылардан басқа «Көл жағасындағы поэзия қоғамы» (湖畔诗社) дейтін ақындар тобы да қалыптасты. Олар «Мендеген – мен» деп ұрандап шықты, айтарыңды, сезіміңді еш жасырма деп жар сала өлең жазды, оның бастылары ретінде Уаң Жиңжы (1902-1996), Үиң Чюрын (1900-1933), Пың Шүепыңды (1903-1976) айта аламыз. 1924 жылы желтоқсан айында «Қазіргі әдеби сын» журналы бірден жұртты елең еткізді, оның басты ту ұстаушылары Чын Шибау (1896-1970), Лиң Шухуа (1900-1990), Уаң Жыншың (1890-1970), Ху Шы сияқты қаламгерлер болы. Бұлар Еуропа мен Америкада

оқып келген еркін ойлы азаматтар еді. Бұлардың ағымы күрделі терең ойлы әдеби ағым ретінде қалыптасты. Басты идеясы – саяси таптық көзқарас, мәдениет, әдебиеттегі ой және адамгершілік. Олар әдебиет бүкіл қоғамның жаны және тарихтың жаршысы болу керек деп дәріптеді. Олар тағы да Конфуций тағылымы адамды артқа сүйрейтін кертартпа күш, сондықтан одан алыстап, алға қарай жылжуымыз керек деп ұрандатты. Жалпы, бұл журнал №104 санында «Мақала және оның материалы» деп әдебиеттің үміт етерлік тақырыпты көтеруін сөз етті.

**1922 жылы көктемде Шанхай қаласында құрылған «Асакуса», «Қоңырау» («浅草社, 沉钟社»)** атты әдеби ұйымдардың жетекшісі Лин Юэжи, Чын Шиңхы, Фың Жы сияқтылар болды. 1925 жылы ақпан айында «Асакуса» («浅草») атты журнал өз санын тоқтатып, 1925 жылы күзде Пекинде «Қоңырау» әдеби қоғамы болып жұмыстарын жалғастырды. Бұлар Қытайдың сол кездегі зиялылар өмірін жеріне жеткізе жазды, олардың басты шығармасы «Тағдыр» атты әңгіме.

**1923 жылы наурыз айында құрылған «Бұқаралық қоғам» («弥洒社»)** әдеби ұйымының басшылары Ху Шанюан, Жау Зукаң, Чиян Жияңчүн өз ұйымдарының атын гректің атақты мифтік кейіпкері Ми Сының атына қойған. Олар басты мақсатсыз, мағынасыз жазбаларды сынады.

1924 жылы қараша айынан 1930 жылдың көктеміне дейін жұмыс жасаған **«Сөз жібегі» (语丝) әдебиет ұйымының** негізгі айтары Сануын жасампаздығы жөнінде сөз ете отырып, айтарыңды бүркемелемей ашық айт, жаңа ойлармен жаңа дүние жаз, ескіден құтыл деп батыл ойларға жетеледі, бұл топтың басында Лу Шүн өзі тұрды.

**1925 жылы сәуір айында «Жабайы дала» («莽原社, 未名社)** бастапқыда «Жабайы дала» деген атпен шығып, артынша «Атсыз қоғам» атын алған бұл әдеби ұйымды да Лу Шүн өзі басқарды. «Адалдықпен мына қоғамның шындығын айт, келешекке қиянат жасама, белгілі теория мен қисынға сүйеніп айт» деп басқа қаламгерлерге үндеу тастады. Сонымен бірге олар Еуропа мен орыс әдебиетін қытайшаға аударды.

**1924 жылы қарашада Пекин де құрылған «Дауыл қоғамы»** басында Гау Жаңхүң тұрды. Ғылым мен әдебиет,

көркемөнер үшін күресейік деп ұрандатты, бұны Лу Шүн қолдады.

**1922 жылы қаңтарда құрылған «Окуды бағалау» әдеби қоғамының** басында У Би, Мей Гуанди, Ху Шиянсу сияқты жігіттер тұрды. Бұлар қытай ежелгі мәдениеті мен батыс өркениетін тең ұстауымыз керек, жалаң батыс деп ұрандау қажетсіз, қайта алдымен қытай мәдениетін әдебиетте дәріптеуіміз керек деп ашық айтты.

**Ауыл-қыстақ әдеби тобы.** Бұл топтың тізгінін ұстағандар – негізінен Әдебиетті зерттеу қоғамының мүшелері. Бұл топтың беташарын жазып берген де, атын қойған да – Лу Шүн. Олардың аты айтып тұрғандай, ауыл-қыстақ өмірін тілге тиек етеді, онда олар қазіргі мәдениет пен ескі діни салттардың текетіресін жеріне жеткізе жазады. Жазушы ескі салттарды қатты сынайды.

**1931 жылы Шығыс терістік жазушылар тобы** қалыптасты, сол жылғы 18 қыркүйек оқиғасынан кейін Шығыс терістік жазушылары Су Жүн, Су Хүн, Шу Чүн, Бай Лаң, То Бинжи сияқтылар Шығыс терістіктегі халықтың өмірін мен тарихын жазумен айналысты, жұрт оларды шығыстерістік жазушылары деп атады. Алайда бұлар Солқанат жазушылар одағымен тығыз қарым- қатынаста болды. Олардың «Өмір мен өлім», «Тамыздағы ауылым», «Отанныңбаласы жоқ» атты шығармалары өте танымал болды.

**Пекиндік жазушылар қосыны.** Бұл топ Пекин, Шанхай, Тяньжын секілді қалалардың жазушылары 1930 жылы құрған топ. Онда Жоу Зорын, Яң Жыншың, Үй Пыңбо, Лияң Шычю, Фей Мың, Шияу Хы, Чын Соңун секілді қаламгерлер болды. Бұл топ белгілі бір жерде тұрақтап жұмыс істеген жоқ, тек абстарктілі түрде бір-бірін түсінісіп жүрді. 1940 жылдары өздігінен тарап кетті.

**1920 жылы құрылған «Жаңа сезім» әдеби тобы.** Бұл шетелдік әдеби ағымдардың жетегімен құрылған болатын. Бұлар жапондық жаңа сезім әдебиетінің әсерімен және франциялық Пол Моранд Қытайға келіп, түйсік және әсер бойынша жазудың өзіндік ойларын үгіттегеннен кейін пайда болған топ. Оның басында Хуаң Гуанди, Шы Жысун, Дай Уаңшу, Ду Хың Лин Уйин, Шүй Шиясун, Лю Ниу, Му Шыиың сияқты жазушылар болды. Бұлардың әдеби ағымы, Шанхай мен Жапониядағы



ықпалы жақсы болды. Олар зиялы қауымды коммунистік партияға тарта бастады.

**1930 жылдары Шанхай жазушылар тобы қалыптасты.** Бұл топты бастағандар Қи Иың мен Хы Жин сияқты екі жазушы, Индонезиядан Шанхайға келіп жазушылықтарын жалғастырып, қала өмірін жақсы тақырып ете жазды. Осы топтың негізгі жазушысының бірі **Жаң Хыншүй.** Оның шығармалары өте көп, повесть, романдарының саны 110-нан асады, шығармаларындағы иероглиф саны 100 миллионға жеткен ерекше еңбекқор жазушы саналады. Ол 1924-1929 жылдары «Әлем газетінде» жұмыс атқарған. Ол – Пекин халқы ең жақсы көретін сүйікті жазушы, ұлттық дәстүрді тамаша көркем тілмен жағымды етіп суреттеуге шебер қаламгер. Оның «Чүн Миң шежіресі», «Ұнтақ алтын», «Жеңіл күлкі», «81 рет түс көру» сияқты атақты шығармалары бар.

**Осы заманғы 武俠 Әскери өнерді дәріптейтін** шығармалар жазатын жазушылар. Бұл бағыт 1920 жылдан басталған болатын. 1921 жылы Пиң Жиняшқан «Әскери өнер» деген айлық журнал осы бағыттағы шығармалардың бастамашысы болды. Артынша «Апта» деген апталық журналда осы әскери өнер жайлы жазуды Бау Тиян Шияу оқырманға ұсынды. 1923 жылы Шияң Кайран (1890-1957) (Пиң Жияң Бушияушың)-ның «Өзен-көлдердегі ғажайып әскери өнер» атты романы ең алғашқы осы бағытта жазылған осы замандық жанр ретінде бағаланды. Аталған жазушының «Қуырылған қызыл лотос тамыры» («红烧红莲帮») фильмі бар. Міне, осыдан кейін жаңбырдан кейінгі жауқазындай әскери өнерді дәріптей тамсана жазатын жазушылардың қатары молықты. Бүгінгі таңда осы бағыттағы шығармалар ең көп және драма, кино саласын түгел жаулап алды. Жазушы Яау Минайдың «Оңтүстік пен солтүстікті таңғалдырған он ірі іс», «Төрт теңізден келген айдаһарлар (四海群龙记)» атты романы бар. Жазушы Гу Миң даудың (1897-1944) атақты шығармасы «Хуаң Жияң әйел әскері» бар.

1937 жылдан кейін Жапонияға қарсы соғыстың қарсаңында **«Елді бірліккекелтіру» (国统区) әдеби ағымы қалыптасып,** олар, біріншіден, елді ояту бағытында жұмыс жасаса, екіншіден, әрбір адам азаттықты сезіну керек деп жазды, үшіншіден,

төңкеріс жасау керек деп алдарына тапсырма қойды. Бұған Қытайдағы барлық жазушы тартылды.

**1932 жылы мамыр айында Шы Жысүннің ашқан «Осы заман» (现代)** атты журналының негізінде қалыптасқан ақындар шоғыры бір төбе, шынымен де, бұл топтағылардың өлеңі тым жаңаша болды. Оны Дай Уаңшу, Сүн Зоун, Ли Жинфа, Хы Жин, Биян Жылин(1910-2000), Хы Чифпаң (1912-1977), Сүн Даүй (1905-1997), Ли Гуаңтиянь (1906-1968), Жин Кыму (1912-2000) сияқты ақындар толықтырды.

**1930 жылдары «Шілде айы» (七月诗派) тобындағы** ақындар ағымықалыптасты, оның басында Ай Чиң тұрды, олар қоғам шындығын жазуды дәріптеп, күрескерлік рухқа дем беру ақынның қоғам алдындағы міндеті екенін айтты. Ол Ку Пыңның ашқан «Шілде және үміт» журналдарының төңірегіне топталған ақындар негізінде қалыптасқан. Онда Тиян Жиян (1916- 1985), Лу Лин (1914-1999), Лүй Юан (1922-2009), Нью Хан (1923-) А Лоң (1907-1967) сияқты ақындар осы топтың төңірегінде болды.

**«Оңтүстік-Батыс ассоциацияланған университеті» (西南联大) ақындар тобы қалыптасты,** Жапонға қарсы соғыстың кезінде қытай мен англиялық ақындардың бірлесіп құрған тобы. Онда Жоу Зычин, Ун Идо, Му Дан, англиялық ақын Уилльям Эмпсон сияқты ақындар болды. Бұлар романтикадан реалистік бағытқа өтуді жырлады.

**Азаттықты жырлаған ақындар тобы.** Бұлар аты айтып тұрғандай, азат жерлерде және басқа жерлерде де азаттықты жырлады, ол ақындардың көшінбастап Ли Жи (1922-1980) тұрды. Оның атақты шығармасы «Уаң гүй және ЛиШияң Шияң» және Ай шүйпоның «Мо Пантоның тау өлеңі», Чын Хүйдың (1920-1945) «Қазан айы жыры», Жаң Жымиенң «Өлмейміз», Заң Кжияның «Қыс» тағы басқад а өлеңдері азаттықты жырлаған өлеңдер саналады.

**1937 жылдың 7 шілдесінде жапонға қарсы соғыс** тұтанып, 1949 жылдың 1 қазанында Қытай коммунистік партиясы құрылды. Бұл қытай халқының ащы да азапты күрес жүргізген күндері, бұл жазушылардың қаламына қарымта бітірген кез. Бұнда жапон басқыншылары басып алған жерде жапонға қарсы соғыс әдебиеті, қытай Гоминдаң партиясы ұстап тұрған жерде елді бірлікке келтіру әдебиеті, қытай коммунистік партиясы

менгеріп отырған жерде азаттық соғыс әдебиеті болып ағымдар қалыптасқан.

Жаңа әдебиет ұйымдары мен журналдарының дүниеге келіп жалпыласуы – шынында 1921 жыл мен 1925 жыл аралығында туылған көрнекті құбылыс.

Мұндай құбылыстың туылуы сол кездегі ішкі саяси жағдай мен әлеуметтік өмірге қатысты еді. Шапқыншылар, әсіресе Америка, Англия, Жапония шапқыншылары Қытайдағы өз жақтастарын сүйемелдеді. «4 мамырдан» кейін Қытай бір мезгіл азаматтық соғыс жағдайына қайта батты. Ан Хуи, Хы Бэй, Лияу Ниң және оңтүстіктегі кейбір милитаристер арасында толассыз соғыстар болып, ұлттық өнеркәсіптің дамуы тоқтады. Ауыл шаруашылығы тұралап, халық күйзелді.

1921 жылы шілдеде коммунистік партия құрылды. Ол жұмысшы, дихан бұқаралық қозғалысымен шұғылданып, Сун Жоң Шанның Гоминдаң партиясын өзгертіп, ұйымдастырып, төңкерістік «Тапқырлау» қоғамын құруына көмектесіп, бір ниет пен төңкерістік күш топтауға кірісті. Сондықтан «4 мамыр қозғалысы» басталудан бұрын құлашын кең жайған дихандар төңкерісінің толқыны жарыққа шыға қоймады. Өмірді қара түнек қаптаған осындай саяси жағдайда «4 мамыр қозғалысы» жаңа толқынының дүмпуінен үміт алып, ояна бастаған бірсыпыра ұсақ буржуазия зиялылары қатты торықты және қамықты. Жаңа әдебиет тұтас жаңа мәдениеттің маңызды жағы ретінде «4 мамыр қозғалысы» қарсаңында зиялы жастар арасына кең ықпалын жая бастады. Бұл оларды әдебиеттің формасын таңдап алып, әдебиет қимылы жолына түсуге икемдеді. Әдебиет қозғалысының «4 мамыр қозғалысынан» кейінгі объективті міндетінде де өзгеріс болды. Яғни ол көне әдебиетті күйреумен жаңа әдебиетті орнатуға деген қуаттамалардан жасампаздықты дамытуды негіз етуге қарай бет алды. Бұл жаңа міндеттің санаулы ұйымдардың журналдары арқылы орындалуы қиын еді. Ол кең бұқаралық сипат пен біршама күшті кәсіптік сипатты қажет ететін. Үлкен топтағы әдебиет ұйымдары мен журналдарының дүниеге келуі осы тарихи талапқа үйлесе кетті. Жоғарыда айтылған түрліше ауқымдағы әдебиет ұйымдарының ішінде “Әдебиетті зерттеу қоғамы” мен “Тапқырлау” қоғамы ерте құрылып, ұзақ

уақыт жұмыс жүргізді. Оның мүшесі де көп, ықпалы да зор болды.

**Қытай жазушылар одағы** 1947 жылы 23 шілдеде Пекин де бүкіл мемлекеттік әдебиет қызметкерлерінің қоғамы болып құрылды, 1953 жылы қазан айында Қытай жазушылар одағы болып өзгерді. Одақ төрағасының лауазымы Сенатор дәрежесінде мойындалады. Әр 5 жылда бір рет жазушылардың ақылдасар алқасы сайланады. Осылар төрағаны сайлайды. Одақ өз алдына билікке тіке бағынбайтын орын, ел орталығының алдыңғы сапындағы үздік ұйым. Бүгінгі таңда одақта 39 ақылдасар алқасы болса, 6128 мүшесі бар.

1984 жылы Сычуан өлкесінің «Жаңа ұрпақ» дейтін ақындар тобықалыптасып, бірнеше жыл ішінде «整体主义», «新传统主义», «非非主义», «莽汉主义» сияқты ақындар шоғыры қалыптасты.

Бұның ішінде «非非主义» атты ақындар тобы 1980 жылдардағы қаһармандарды мадақтау әдебиетін жолынан тайдырып, сол кездегі қоғам шындығы бойынша өлең жазып, әдебиетті өз арнасына түсірді, олар 1986 жылы Жоу Лин Ю, Лан Ма, Шияң Жоң ми, Яң Лин секілді ақындармен бірлесіп жыр жинағын шығарды. Бұнда Жоу Лин Юдың «Еркіндік шеңбері», «Үкі басты ер адам», «Бас суреті», «Пышақ жүзі» өлеңдері болса, Лан Манның «Дүние», «Шұй инжаң кудың кеші», «Шай» сияқты өлеңдері ерекше болды, бұлар 1992 жылы аттарын өзгертті. Олар біз әлемдік өркениетке ілесуіміз керек, жалаң мадақтан ештеңе шықпайды деген ұран көтерді.

«整体主义» бұл ақындар тобы 1985-1989 жылдар аралығында дәуірлеп тұрды. Оның басында Шы Гуанхуа, Сұң Чүй, Сұң Хүй, Яң Юанхұң сияқты ақындар болды. бұлардың басты ерекшелігі, ежелгі қытай мифтерін арқау ете отырып, бүгінгі жаңа дүниеге жаңаша көзқараспен қарайды. Ағайынды Сұң Чүй, Сұң Хүйдың жазған «静和», «大曰是» атты өлеңдері ерекше ықпалтудырды.

«莽汉主义» бұл топты 1984 жылы Уан Шия, Ли Я Уй, Ху Дон, Ма Сонсияқты ақындар жұртты елең еткізіп басқаша өлең жазды, олар тұмшаланған мәдениетті тас-талқан етуді ортаға қойып, бірінің артынан бірі өлең жазды.

## Дәріске қаиысты қаламгерлер



**Ақын Ли Жи** (李季 Li Ji 1922-1980)

**Ли Жи** 1922–1980 аралығында өмір сүрген. Әуеліаты – Ли Жын Фың. Хынан өлкесі Таңхы ауданының тумасы. Жастайынан жетім қалған, бар оқығаны сегізінші сынып, одан соң төңкеріске қатысқан. 1938 жылы әскери университетте оқыды. Сол жылы коммунистік партияға мүше болды. Оқуын біткен соң әскери қызметте болды. 1942 жылдан кейін ол оқытушы болды және әкімшілікте жұмыс атқарды. Ян-Ан қаласындағы бұқаралық және азаттық газеттерінде де қызмет атқарды. Осы кезден бастап қолына қалам ұстады. 1944 жылы ол 3000 шумақтан астам халық жырларын ел арасынан жинады, 1945 жылы оның «王贵与李香香 Уаң Гүй мен Ли шяңшяң» атты дастаны шықты. 1952 жылыоның «玉门诗抄», «玉门诗抄二集» жыр жинақтары және «致以石油工人的敬礼» «石油大哥 Мұнайшы ағалар», «石油诗 Мұнайшылар жыры», «杨高传» атты дүниелері жарық көрді.



**Ақын Лу Ли** (鲁藜 LuLi 1914-?)

Лу Ли Фу Жиян өлкесі Түң-ан ауданында 1914 жылы туған. Үш жасында Вьетнамға әке-шешесімен бірге қоныс аударған. 1932 жылы өз отанына оралған. Мұғалімдер жетілдіру институтына оқуға түсіп, білім алады. Сол кезден бастап шығармашылық жолға түседі.

1934 жылы Шанхай қаласына келеді. Ол жерде қоғамдық жұмыстар атқарады. 1937 жылы ол Анхүй қаласына келеді, ол жерде білім саласы бойынша жұмыс атқарады. 1938 жылы ол Ян-ан қаласындағы әскери оқу орнында білім алады. Кейіннен Лу Шүн атындағы Әдебиет пен көркемөнер институтында қызметкер болады. 1949 жылы ол Тянь Жин қаласында да жұмыстар атқарады. 1955 жылдан бастап ауылға қара жұмысқа жіберіледі. 1979 жылы ақталғаннан кейін ол Тянь Жин қалалық

мәдениет бөлімін басқарады. Лу Ли «Шілде айы» тобындағы атақты ақындардың біреуі саналады. 1939 жылы оның «Шілде айы және үміт» деген өлеңдері жұртшылықпен қауышады. Артынша оның «Оянған шақ» деген жыр жинағы баспадан шығады.



**Жазушы Диң Лиң (丁玲 Ding Ling 1907-1986)**

Диң Лиң 1907 жылы Қунан өлкеcіндегі жер иеленуші отбасында дүниеге келген. Бұрынғы аты – Жияң Биңжы, Диң Биңжы. Оның әкесі ерте өлген, шешесі жаңалыққа жаны құмар адам еді. Мектеп кезінде «4 мамыр отаншылдық қозғалысын» қолдаған.

1924 жылы Шаңхай университетінің әдебиет факультетіне оқуға түскен. Бірінші азаматтық соғыс жеңіліске тап болғаннан кейін, қолына қалам алған әйел жазушы. 1927 жылы «梦珂» атты әңгімесін жазды.

Оның 1928 жылы ақпан айында «Проза» айлық журналына атақты шығармасы «莎菲女士的日记» шықты. 1929 жылдан бастап «红与黑» «黑红» «人间» дейтін журналдарда жұмыс атқарды. Осы жылдарда ол он шақты әңгіме жазды. Бұл шығармаларында жазушы зиялы әйелдер образын сомдады, олардың өз заманына өкпесінің қара қазандай болып жүргенін сөз етті. 1930 Солқанат жазушылар одағына мүше болды. Одақтың «Темірқазық» журналына бас редактор болды.瞿秋白-дың ықпалымен марксистік идеяны қабылдады. 1932 жылы Қытай коммунистік партиясына мүше болды.

Осы кезеңдерде ол «田家冲» «水» «法网» сияқты әңгімелер жазды. Бұл шығармаларында ол фермерлерді жапонға қарсы көтеріліске шақырды және олардың аянышты өмірін тілге тиек етті.

1936 жылы ол Қытай әдебиет пен көркемөнер бірлестігінің төрайымы болды. Ян Андағы 解放日报 газетіне редактор болып тағайындалды.

Жазушының шығармашылығының шарықтау кезеңі «一颗未出膛的枪弹», «东村事件», «我在霞村的时候», «夜», «在医院中»

,«三八节有感», «田保霖» сияқты әңгімелерін жазғаннан кейін басталды. 1948 жылы өзінің ең атақты «太阳照在桑干河上» романын жазды. 1954-1955 жылы төрттік бүлікке қатысы бар делініп түрмеге түсті. Партиядан қуылды. Кейінен ақталып, құрметті демалысқа шықты. 1986 жылы қайтыс болды.



Философ жазушы **Чян Жоң Шу** (钱钟书 Qian Zhongshu 1910-1998)

Уши ауданында туған. Әуелгі аты Мо Сүн. Ол мәдениет таратушы отбасында ер жеткен. Оны үлкен әкесі кішкентайынан бауырына салып өсірген, алты жасынан бастап хат танып, тәлім ала бастаған, сол кезден бастап қытайдың классикалық шығармаларын құныға оқыған. 1923 жылы орта мектепке оқуға түседі, сол кезде ол өзінің ерекше талантын көрсетеді, әсіресе ол ағылшыншаға жетік еді. Шиң уа университетінің шет тілдері факультетіне оқуға түседі. Ол 1933 жылы оқуды қызылға бітіріп, Шанхай Гүаң Хуа жоғары оқу орнында ұстаздық өмір жолын бастайды. Сонымен бірге 中国评论周报-да бас редактор болып жұмыс атқарады. 1935 жылы ол грантты жеңіп алып, Англияның Оксфорд университетінің әдебиет факультетіне оқуға түседі. Ол сол кезде көптеген Батыс классиктері мен философтарын, психологтарын оқиды. 1937 жылы ол Оксфорд университетінің доценті атағын алады.

Ол осыдан соң Францияның Берлин университетіне барып, француз әдебиетін зерттеумен айналысады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында өз отанына оралады. Ол көптеген жоғары оқу орындарында лекция оқиды. Чиң Хуа университетінің профессоры, Қытай қоғамдық ғылым академиясының қытай классикалық әдебиетін зерттеу бөлімінің бастығы болды. Оның басты шығармалары: «谈艺录», «旧文四篇», «官锥篇», «七缀集», «宋诗选注» сияқты ғылыми еңбектерінен тыс «围城» атты романы, «写在人生边上» цанундер жинағы, «人, 兽, 鬼» әңгімелер жинағы баспадан шыққан, шығармаларында философиялық реңк басым. Жаңа заман қытай әдебиетіндегі әйгілі жазушы, әдебиеттанушы. Ол 1998 жылы қайтыс болды.

## **Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтары мен тапсырмалар**

### **➤ Төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:**

1. Жаңа әдебиет журналдары қай жылдан бастап шыға бастады?
2. 1920 жылы «Жаңа өлең жинақтары» кітабына кімдердің өлеңдеріенді?
3. «非非主义» атты ақындар тобы Қытайдың қазіргі әдебиетіне қандай өзгерістер алып келді?
4. 1921 жылы Әскери өнерді дәріптейтін қандай шығармалар жазылды?

### **➤ Төменде көрсетілген екі бағанадағы сөздерді сәйкесінше қосыңыз:**

Чян Жоң Шу 梦珂(Түс)

Лу Ли 王贵与李香香 (Уаң Гуй мен Ли Шяңшян)

Диң Лин 七月份和希望 (Шілде айы және үміт)

Ли Жи 围城 (Қоршау)

### **➤ Тест**

#### **Дұрыс жауапты белгілеңіз:**

1. «Ғылым мен әдебиет, көркемөнер үшін күресейік» деп ұрандатқан топ  
А. Жаңа сезім  
В. Дауыл  
С. Шілде айы
2. Қытай жазушылар одағы қашан және қай қалада құрылды?  
А. 1947 жылы, Пекинде  
В. 1948 жылы, Шанхайда  
С. 1949 жылы, Сианьда
3. 1937 жылы Жапонияға қарсы соғыстың қарсаңында қандай әдеби ағым пайда болды?  
А. Азамат өнері  
В. Жаңа үрдіс  
С. Елді бірлікке келтіру
4. «Шілде айы» ақындар тобын кім басқарды?  
А. Ай Чин  
В. Лу Лин  
С. Үй Пын Бо
5. Қарапайым балықшының трагедиясы туралы жазылған шығарма  
А. Ие Шың Тау «Осы да адам ба?»  
В. Үаң Жыншың «Балықшы»  
С. Үй Пын Бо «Темірші»



6. Берілген жауаптардан Жаң Хын Шүйдің шығармаларын белгілеңіз
- A. Ұнтақ алтын, Жеңіл күлкі
  - B. Шілде және үміт, Жабайы шөптер
  - C. Жүрек соғысы, Қазан айы жыры

7. «Қытай ежелгі мәдениеті мен батыс өркениетін тең ұстауымыз керек» деп айтқан қай әдеби қоғам мүшелері?

- A. Оқуды бағалау
- B. Ауыл-қыстак
- C. Жер асты

8. Атақты «Төрт теңізден келген айдаһарлар» романының авторы кім?

- A. Фей Мың
- B. Яу Мин Ай
- C. Ай Чин

### СӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар

1. Диң Лиңнің «*Мөң*» әңгімесінің негізгі мазмұны
2. Жазушы Чян Жоң Шудың Англияда оқып жүрген кезінде жазған туындылары
3. Ақын Лу Лидің «Оянған шақ» өлеңдер жинағының тарихы
4. «Сөз жібегі» (*语丝*) әдебиет ұйымының негізгі бағыты мен ұраны
  - *Көркем оқу*
  - «*Мөң*» 丁玲 (第一章)

这是九月初的一天，几个女学生在操坪里打网球。

“看，鼻子！”其中一个这样急促的叫，脸朝着她的同伴。同伴慌了，跳过一边，从荷包里掏出小手绢，使劲的往鼻子上去擦。

网那边正发过一个球来，恰恰打在那喊叫者的腿上。大家都瞅着她那弯着腰两手抱住右腿直哼的样儿发笑。

“笑什么，看呀，看红鼻子先生的鼻子！”

原来那边走廊上正走来一个矮胖胖的教员。新学生进校没多久，对于教员还认识不清。不过这一个教员，他那红得象熟透了的樱桃的鼻子却很惹人注意，于是自自然然把他那特点代替了他的姓名。其实他不同别人的地方还够多：如同眼呢，是一个钝角的三角形，紧紧的挤在那很浮肿的眼皮里，走起路来，常常把一只大手放到头上不住的搔那稀稀的几根黄发，还有那咳嗽，永远的，痰是翻上翻下的在喉管里打滚，却总不见他吐出一口或两口来的。

这时他是从第八教室出来，满脸绯红，汗珠拥挤的在xxxx中用力的榨出，右手在秃头上使劲的乱搔，皮鞋也便在那石板上大声的响，这似乎是警告，又象是叹息：“唉，慢点呀！不是明天又该皮匠阿二咒我了。”

气冲冲的，他已大步的走进教务处了。

操场上的人都急速的移动，打网球的几个人也就随着大众向第八教室走去。谁不想知道是不是又闹出了什么花样呢。

“是怎么回事呢？”一个女生抢上前把门扭开。大家便一哄的挤了进去。室内三个五个人一起的在轻声的咕咕着，抱怨着，咒骂着……靠帐幔边，在铺有绛红色天鹅绒的矮榻上，有一个还没穿好衣服的模式儿正在无声的揩眼泪，及至看见了这一群闯入者的一些想侦求某种事件的眼光，不觉又陡的倒下去伏在榻上，肌肉是在一件象蝉翼般薄的大衫下不住的颤动。

“喂，什今事”扭开门的女生问。但谁也没回答，都象被什么骇得噤住了的一样，只无声的做出那苦闷的表情。

挨墙的第三个画架边，站得有一个穿黑长衫的女郎，默默的愣着那对大眼，冷冷的注视着室内所有的人。等到当她慢慢的把那一排浓密的睫毛一盖下，就开始移动她那直立得雕像的身躯，走过去捧起那模式儿的头来，紧紧的瞅着，于是那半裸体女子的眼泪更大颗大颗的在流。

“揩干！揩干！值不得这样伤心哟！”

她一件一件的去替那姑娘把衣穿好，正伸过手去预备撑起那身躯时，谁知那人又猛的扑到她怀里，一声一声的哭了起来。

好不容易才又扶起那乱蓬蓬的头，虽说止了哭声，但还在抽抽咽咽的喊：

“这都是为了我啊……你，……我真难过……”

“嘿！这值什么！你放心，我是不在乎什么的！把眼泪揩干，让我来送你出去。”

当她们还走不到几步，从人群里便抢上一个长发的少年，一面打着招呼，一面便向她述说他不得不请她慢点走的理由，因为他很伤心这事的发生，他理解这事的内幕，所以他想开一个会议来解决这事。同时又有六七个人也一齐在发表他们个人的意见。声音杂闹得正象爆豆一样，谁也听不清谁的。但她却在闹声中大叫了起来：“好吧，

这时你们去开什么会议吧！哼，——我，我是无须乎什么的。我走了！”于是她挟着那泪人儿挤出了人众，急急的向教室门走去。

教室里更无秩序的混乱了。

“喂，谁呀？”

“三级的，梦珂。”两个男生夹在人声中也这样的低语着。

以后呢，依旧是非常平静的又过下来了。只学校里再没见着梦珂的影子。红鼻子先生还是照样红起一个鼻子在走廊上蹬去又蹬来。直过了两个月，才又另雇得一个每星期来两次，一月拿二十块钱的姑娘，是代替那已许久不曾来的，上一个模特儿的职务。

梦珂，她是一个退職太守的女儿。当太守年轻时，他生得确是漂亮，又善于言谈，又会喝酒，又会花钱。从起身到睡觉，都耽乐在花厅里。自然有一般时下的诗酒之士，以及贩古董，字画的掮客们去承奉他，终白斗鸡走马，直到看看快把祖遗的三百多亩田花完了，没奈何只好去运动做官。靠了曾中过一名举人，又有两个在京的父执，所以毫不困难的起始便放了一任太守。原想在两三年后再调好缺，谁知不久就被革了，原因是受了朋友的欺骗，在不知不觉中做了一点被牵涉到风化的事。于是他便在怨恨，悲愤中灰起心来，从此规规矩矩的安居在家中，忍受着许多不适意的节俭。但不幸的事，还毫不容情接踵的逼来，第二年他妻子便在难产中遗下一个女孩死了。这是他在十八岁上娶过来的一个老翰林的女儿，虽说也是按照中国的旧例，这婚姻是在两个小孩还吃奶的时候便定下的，但这姑娘却因了在母家养成的贤淑性格，和一种自视非常高贵的心理，所以从未为了他的挥霍，

他的游荡，以及他后来的委靡而又易怒的神经质的脾气发生过齟齬。他自然是免不了那许多痛心的叹息和眼泪，并且终身便在看管他那唯一的女儿中，夹着焦愁，忧愤，慢慢的也就苍老了，在那所古屋里面。

## XII ДӘРІС

### Солқанат жазушылар одағының өркендеу кезеңі

---

**Сабақтың мақсаты:** Екінші азаматтық соғыс кезінде жарық көрген туындылар жайында ақпарат беру

**Қарастырылатын тақырыптар:**

1. Лу Шүннің «Төңкерістік әдебиет» мақаласы
2. Го Мороның танымал пьесалары
3. Антиимпериалистік тақырыптағы шығармалар

**Тірек сөздер:** проза, пьеса, роман, әдебиет, сюжет, аударма

1927 ж. ішкі азаматтық соғыс жеңіліске ұшырағаннан кейін, Қытай коммунистері екінші азаматтық соғыс кезеңін бастады. Төңкерістің даму күшімен 1928 ж. басында «Тапқырлау» қоғамы және «Күн» қоғамы әдебиеттік төңкерісті бастап кетті. «Тапқырлау» қоғамында Го Моро, Чың Фаң У, Ли Чули, Фың Найчао, Фың Кан, Чжу Цзин Во секілді жаңа мүшелер пайда болды. Бұлар негізінен коммунистер еді. Олар «Тапқырлау» айлық журналы және «Мәдениетке сын», «Күн» айлық журналдарына мақалаларын үзбей жариялап отырды. Коммунистердің төңкерістік әдебиетке әсері күшті болды. Олардың ішінде Го Мо Роның, «Батыр ағашы» Чың Фаңуның «Әдебиет төңкерісі төңкерістік әдебиетке ұласуы керек» деген мақаласы және Ли Жулидің «Қайткенде әдебиет төңкерісін жақсы жүргізе аламыз?» деген мақаласы, Жиан Гуанзының «Төңкерістік әдебиет туралы», Фың Найчаодың «Көркемөнер және қоғамдық өмір» деген мақаласы. Осы мақалалардың барлығы әдебиеттегі таптық көзқарасты және ұсақ буржуазиялық көзқарасты жоюға үндеді.

«Тапқырлау» мен «Күн» қоғамы қытайдың қараңғы кезеңін аяусыз әшкереледі. Осылай олар төңкерістік әдебиетті жақсы жалғастыра білді және бұлар марксизмді мықты ұстанды. Бірақ бұларда орынсыз асқақтаушылық көрініп қалды. Сонымен бірге «Тапқырлау» қоғамында Го Моро, Лу Шүн, Үй Дафу секілді ұлы жазушылар бірлікте жұмыс істеді. Шындығында, Лу Шүн мен

Мао Дүн олар төңкерістік әдебиетті терістеген жоқ, қайта коммунистік әдебиетті жақтады. Лу Шүн «Әдебиет, көркемөнер және төңкеріс», «Әдебиеттегі таптық көзқарас», «Шанхай – әдебиеттің шоғырланған жері» және «Менің позициям мен жасым» деген мақалалары арқылы «Тапқырлау» мен «Күн» қоғамының қателіктерін сынады. Төңкеріс әдебиеттің дамуына кедергі болмау керек деген ойды ортаға қойды. 1927ж. қазанда Лу Шүн «Төңкерістік әдебиет» мақаласын жазып, «Біз әуелі әдебиетші емес, төңкерісші болуымыз керек» деген ойын ортаға қойды. Мао Дүн да осы идеяны қолдап мақала жазды. Міне, осылайша ол Солқанат жазушылар одағының құрылуына негіз қалады. 1930 ж. Наурызда Шанхайда Қытай Солқанат жазушылар одағы құрылды. Бұл Қытай жаңа заман әдебиет тарихының басталғандығын нақты белгіледі. Бұлардың көтергені төңкерістік әдебиет болды. Солқанат жазушылар одағының бірінші жиналысында «Марксизмді зерттеу», «Көркемөнерді зерттеу» және «Әдебиетті зерттеу» сияқты ондаған зерттеу қоғамдарын ашты. Лу Шүн бірінші съезде Солқанат жазушылар одағының бағдарламасын жұртшылыққа таныстырды. Және ол Солқанат жазушылар одағының ту ұстаушысы болды. Бұл одақ құрылғаннан кейін «Пионер», «Өркендеу айлығы», «Бар аласа тау», «Әлем мәдениеті», «Бэйду», «Әдебиет айлығы», «Танымал әдебиет және өнер» сияқты көптеген газет-журналдар тарата бастады. Әдебиет ақпараттары «Әдебиет хабаршысы», «Жауынгерлік қорғаныс» тәрізді журналдарды жасырын таратты. Сонымен бірге Солқанат жазушылар одағы Пекин, Тиан Жин, Токио, Гуаңжоу, Ухань, Нанкин сияқты қалаларда өз бөлімшелерін құрды. Бұл одаққа 270-тен астам ақын-жазушы мүше болды. Одақ құрылғаннан кейін оның ықпалы өте үлкен болды. Қытай әдебиетінің қарыштап дамуына үлкен үлес қосты. Солқанат жазушылар одағы Гоминдан басқарып отырған аудандарға әдебиетшілер мен жазушыларды жіберіп, Гоминдан партиясына қарсы жұмыстар істеді және төңкерістік әдебиетті дамытты. Екінші жағынан, марксизмді әдебиет көркемөнерінің бағдарламасы ретінде ұстады. Үшінші жағынан, бұқаралық әдебиет көркемөнерді талқылауды жақсы ұстады және төңкерістік әдебиетті халыққа жақсы түсіндіре білді. Ал, төртіншіден, әдебиет пен көркемөнер идеясын бұлар жан- жақты

талқылап отырды. Бесіншіден, Солқанат жазушылар одағы жас жазушыларды әдебиет майданына алып келді және тамаша туындыларды жаздырды. Солқанат жазушылар одағы алты жыл өмір сүрді. Оған көптеген жазушылар мен сыншылар кірді, олар: Лу Шүн, Мао Дүн, Тиян Хан, Жоу Шы, Фың Суе және тағы басқалар, лига органдарына "Миня", "Тоһуачжэ", "Бэйдо", "Дачжунвень" тағы басқа журналдар кірді. Солқанат жазушылар одағы Қытай әдебиетін дамытты. Оны басқарған коммунистік партия, ал жұмысы практикалық марксистік қызметпен байланысты болды. Бұл лига марксизм- ленинизм, әдебиет пен жалпы халықты байланыстыру идеясын дәріптеп, Қытай әдебиетіндегі жаңа кадрларды дайындады. Одақтың талаптары бір жағынан кітап тілін қолдаған жаңа ағымға қарсы күресті, ескі схоластардың қызметін жаңғыртуға бар күшін салды, басқа жағынан, жаңа әдеби тілді құруға, реализмге, жалпыхалықтық тілге жақын болуға шақырды. Бірақ практикада бұл ұран іске аспады, өйткені сол кезде оған тән әдістері болмады.

1924-1927 жылдары осы қоғамның мүшелері Қытай халқын ұлттық және қоғамдық тұрғыда күшейту үшін көптеген қайраткерлер қанын төгіп, күресті. Мысалы, Үй Дафу Жапонияның түрмесінде отырып, қанаушылыққа ұшырады. 1930 жылы "Әдебиетті зерттеу қоғамы" мен «Тапқырлау» қоғамының мүшелері Солқанат жазушылар одағына кірді. Ол одақты гоминьдандарға қарсы күресті басқарған Қытайдың коммунистік партиясы құрды.

Қытайдағы жұмысшы қозғалысының дамуы мемлекетте қоғамдық революция идеясын таратуға көмектесті. Қытай оқырманына арналған марксизм-ленинизм классикасының қытай тіліне аударылған шығармасы шықты. Қытай интеллигенциясының ішінде марксизм-ленинизм зерттеген әдебиет пен өнер таратылды.

1928 жылы Го Мороньң "Революция мен әдебиет" шығармасы "әдеби пікірталасты" төңкерді. Бұл пікірталас екі жылға созылып, әдебиеттегі революциялық позицияны күшейтті.

1927-1937 жылдары "Солқанат жазушылар одағының" идеологиясы көптеген жазушылардың көзқарасын өзгертті. Сонымен қатар, сол кездегі әдебиет (Лу Шүннің полемикалық

эссесі) коммунистік партия тәртібіне тәуелсіз болды, кейде оған қарсы шықты.

1930 жылы наурызда Солқанат жазушылар одағының құрылуы Қытайәдебиетіндегі ерекше тарихи жағдайды туғызды. Бұл одақтың құрылуының арқасында марксизм-ленинизм әдеби теориясы таратылды. Осы уақытқа дейін Лу Шүннің күші арқылы РКП ОК революциясы мен көптеген жазушылардың шығармалары қытай тіліне аударылды. Лу Шүн басшылық ететін одақ "пролетариаттық революциялық әдебиет үшін" ұранын алдыға қойды. Көптеген қуғыншылық пен репрессияға қарамастан, «Солқанат жазушылар одағы» әдебиетшілерді біріктіріп, әдебиеттегі реакциялық тенденциямен шешуші күрес жүргізді. Лу Шүннің айтуынша: "Бір жыл бұрын Шанхайда Солқанат жазушылар одағы құрылды. Бұл одақ езушілік пен қуғыншылыққа қарамастан берік және мықты болды".

Әдеби майдан мүшелерінің негізгі жұмысы империализм мен феодалдық реакцияға қарсы күрес болды. Ақыр аяғында, Қытайдағы антиимпериалистік қозғалыстың күшеюімен, Қытай драматургиясына жаңа, антиимпериалистік тақырыптағы шығармалар кірді. Мысалы, Го Мороның "Ин емес" пьесасы және тағы басқа.

Қытай әдебиетіне жаңа революция келіп, революциялық тақырыппен Қытай жаңа драматургияға жақындады. Қытайда бірінші революциялық азаматтық соғыс басталғаннан кейін ол белсенді дамыды.

Бұның барлығы жаңа Қытай драматургиясы пайда болғаннан бастап, Қытай халқының революциялық еркін күресімен байланысты болды. Бұл халықтың ішінде революциялық насихаттың кең таралуына әсер етті. Революциялық әдебиет пен Қытайдағы өнерге деген әсері сол уақыттағы ұранға айналды. Осы әсердегі драматургия мен бағыттар өзгере бастады және романтизм эстетикасының ықпалында болды.

1936 ж. төңкерістік әдебиет ұлттық әдебиет пен мемлекеттік әдебиет деп екі салаға бөлінді. Бұл әдебиет жапонға қарсы соғыс кезінде үгіт жүргізді. Осыкезде Лу Шүннің «Троцкийлік хатқа жауап» ( 答托洛斯基派的信 ) деген мақаласы және “Біздің әдеби қозғалыс” ( 论现在我们的文学运动 ), “Жапондарға қарсы тұру мәселесі” сияқты мақалаларды жазды, әдебиеттегі

бағыттарды бір арнаға беттеді. 1936 ж. қазанда Лу Шүн, Мао Дүн, Го Моро, Ба Жин, Йе Шың Тау, Биң Шин, Лин Ұйтаң, Жоу Шоужуан, Бао Тианшау, Жың Жы До секілді 21 әдебиет майданының үздіктері бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Мәлімдеме аты «Әдебиет көркемөнершілері тығыз ынтымақтаса отырып, өз еркімізбен үн қатайық» деген мәлімдеме болды. Мәлімдеме Солқанат жазушылар одағының жапонға қарсы әрекеттеріне құрылды және мемлекеттік әдебиетті қолдау болды.

### **Түсініктеме**

– **Схоластика** (лат. *shola* – мектеп)– ортағасырлық Еуропадағы философ ияны теологияға бағындыруымен сипатталатын философиялық мектеп.

– **Полемика** – [еж. грек, *polemikos* – жауыққан, жаугерлік] – идеялардың, көзқарастардың, пікірлердің қарама-қарсылығы, күресі, конфронтациясы бар дауласу.

### **Дәріске қатысты қаламгерлер**



**Жазушы Үй Да Фу (Үй Дафу Yu Dafu 1896-1945)**

Үй Дафу – Қытай әдебиетіндегі ірі тұлға, әйгілі прозашы, майталман жазушы. Ол дарыны тасыған, шабыты шалқыған ақындық ажары бар, "4 мамыр" жаңа әдебиетінің серкесі, Қытайдың "4 мамыр" науқаны кезіндегі атақты әдеби қоғамы – "Шығармашылық қоғамның" басты құрылтайшыларының бірі болған. Ол өз өмірінде оқығанның таңдайын қақтырарлық қыруар атақты туындыларды, оның ішінде әңгіме, шалқыма, өлең сөздер мұрасын қалдырып, Қытай жаңа әдебиетінің өсіп-өркендеуі үшін сүбелі үлес қосып кетті.

Үй Дафу Қытайдың Жы Жияң өлкесінің Фу Яң ауданындағы бір зиялы отбасында дүниеге келген. Оның үш жасында әкесі қайтыс болды, өзі зерек әрі үйренгіш болғандықтан, көк шыбықтай жасөспірім кезінде-ақ Қытай классикалық әдебиеті жөнінде мығым негіз қалаған. Ол 15 жасынан бастап, ескі үлгідегі



өлеңдерді жазып, оларды газет-журналдарда жариялай бастады. 1913 жылы қыркүйекте үлкен ағасы 郁华-ға ілесіп, Жапонияға оқуға барып, Токио империя университетінің экономика білімі бөлімінен оқу бітіріп шықты. Жапониядағы оқу кезінде, ол Қытай мен шетелдердің әдеби және философиялық жазбаларымен кең молынан танысып шықты әрі проза шығармашылығымен ептеп айналыса бастады.

1921 жылы маусымда Үй Дафу, Го Моро, Тиян Хан сияқты адамдармен кеңесіп, жаңа әдебиет қоғамы – "Тапқырлау қоғамын" құрды. Осында оның тұңғыш кітабы, сондай-ақ Қытайдың қазіргі заман әдебиеті тарихындағы бірінші прозалар жинағы, яғни жаңа әдебиеттің ең алғашқы жаңа тілдегі (Қытайдың жаңа әдеби тілі, бұл халық тіліне жақын) әңгімелер жинағы – "Су түбіне кету" баспадан шықты. Бұл халықтың бойы үйренген әдет-ғұрпына оғаш туынды еді. Ондағы кейіпкер – "ол" Жапонияда оқып жатқан Қытайлық оқушы болып, еркіндік пен жеке бастың азаттығын көкसेп, феодалдық зорлықшыл билеуге қарсылық жасағандықтан оқу орнынан қуылып, қоғамда өз орнын таба алмайды. Сонымен ол пәк махаббатын іздеп жат жер, бөтен елде одан әрі жалғызсырайды, үмітсіздік билеп теңізге құлап кетеді. Бұл әңгіме бүкіл бір әулет жастардың бостандық пен азаттық көксеген, отанның құдыреттенуін аңсаған жүрек лүпілін пәрменді түрде бейнелеген.

1922 жылы наурызда Үй Дафу Токио империя университетін бітіріп, елге қайтып оралды. Сол жылы мамырда ол "Тапқырлау маусымдығы" журналына өзі бас редактор болып, өз елінде шығара бастады. Шілдеде "Көктем самалы", "Масайраған кешқұрым" атты әңгімелері жарияланды. Шығармашылық қоғамының алғашқы мезгілдерінде Үй Дафу өте зор рөл атқарған еді. Оның қаламынан туындаған жаңа әуен сол тұстағы сансыз жастарды ұйқысынан оятты. Тап осы мезгілде Үй Дафу өз атағын шығарған тарихи романы «Жағалаудағы жартасты» жазды. Ол осы кезде ауыр қиыншылықта өмір сүрді. Ол торыққан, түңілген көңіл күйі арқылы қоғамның қараңғы жағын суреттейді. Кедейлік, жұмыссыздық, құлдырау, дүниеден түңілу, ауру-науқас Үй Дафу прозасын құрайтын маңызды өзекке айналды.

